

№ 3 (11) 2025

Алтынсарин Академиясының
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Академии Алтынсарина



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство просвещения Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И.Алтынсарина

Алтынсарин Академиясының
ХАБАРШЫСЫ
Әдістемелік журнал



ВЕСТНИК
Академии Алтынсарина
Методический журнал

№ 3 (11) 2025

Басылымның кезеңділігі -
жылына 4 рет шығады

Периодичность издания –
4 номера в год

№ KZ35VPY00064971 есепке қою,
қайта есепке қою туралы
КУӘЛІК

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет, переучете
№ KZ35VPY00064971

Қазақстан Республикасы Ақпарат және
қоғамдық даму министрлігі Ақпарат
комитетінде берілген

Выдано Комитетом информации
Министерства информации и общественного
развития Республики Казахстан

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ:
білім беру саласындағы оқу-әдістемелік,
ғылыми-тәжірибелік, ақпараттық
-сараптамалық, педагогикалық
инновациялық тәжірибелерді тарату
бойынша материалдар жариялау

ТЕМАТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ:
публикация материалов по распространению
учебно-методического, научно-практического,
информационно-аналитического,
педагогического инновационного опыта в
области образования.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Танирбергенова А. Ш. – бас редактор
Смайлов С. Ш. – философия докторы (PhD),
бас редактор орынбасары
Караев Ж. А. – п.ғ.д., профессор
Бұлатбаева К. Н. – п.ғ.д., профессор
Мукашева М. У. – п.ғ.к., профессор
Мазбаев О. Б. – п.ғ.д., профессор
Шуиншина Ш.М. – п.ғ.к.
Жумагулова З.А. – п.ғ.к.
Тайболатов Қ. М. – философия докторы (PhD)
Сырымбетова Л. С. – п.ғ.к., профессор
Фахрутдинова Г. Ж. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Абильякимова А.К. – екі шетел тілі бакалавры
Аушахманова Б. Т. – педагог-шебер, магистр
Усерова Ш. А. – педагог-шебер, магистр
Сатыбалдин А. С. – магистр, жауапты хатшы

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Танирбергенова А. Ш. – главный редактор
Смайлов С. Ш. – заместитель
главного редактора, PhD
Караев Ж. А. – д.п.н., профессор
Бұлатбаева К. Н. – д.п.н., профессор
Мукашева М. У. – к.п.н., профессор
Мазбаев О. Б. – д.п.н., профессор
Шуиншина Ш.М. – к.п.н.
Жумагулова З.А. – к.п.н.
Тайболатов К. М. - доктор философии (PhD)
Сырымбетова Л. С. – к.п.н., профессор
Танирбергенова А. Ш. – к.п.н.
Фахрутдинова Г. Ж. – д.п.н., профессор
(Россия)
Абильякимова А.К. – бакалавр двух
иностранных языков
Аушахманова Б. Т. – педагог-мастер, магистр
Усерова Ш. А. – педагог-мастер, магистр
Сатыбалдин А. С – магистр,
ответственный секретарь

Материалдардың анықтығына
авторлар жауапты болады.
Редакция материалдарды
қабылдамауға құқылы.

Ответственность за достоверность
материалов несут авторы.
Редакция оставляет за собой
право отклонять материалы.

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

1

Білім беруді зерттеудегі өзекті бағыттар Актуальные направления образовательных исследований

Қажығалиева Ж.Б., Таубай П., Искаков Н. Қазақ тілін меңгертудің инновациялық жолы: профессор М.Ж. Жадринаның «Қазақ тіліне бойлау» моделінің бүгінгі даму бағыты	5
Орынбекұлы Н. Мектепте ішкі аудит жүргізу	12
Сәркен Р.С. Путь к профессии: как региональные проекты создают учителей будущего	24
Слямова С.Ш., Умарова О.О., Рахимжанова А.С. Формирование профессиональных компетенций педагогов через систему внутришкольного контроля	30
Турапбаева А.Т., Лесбекова Ж.Ж., Молдахалыкова Ш.Т. Жас педагогтердің кәсіби өсу жүйесі: тәлімгерлік пен қолдау	37
Хусаинова С.К. Интеграция научного проектирования в образовательный процесс колледжа	47

2

Пәндерді оқыту әдістемесі: тәжірибе және жаңашылдық Методика преподавания дисциплин: опыт и новаторство

Ахмадиева М.Б. Зияткерлік меншікті қорғау және оның білім алушылардың құқықтық сауаттылығына әсері	53
Бекмухамбетова М.Б., Оспанова А.К. Кейс-метод как инструмент повышения учебной мотивации студентов	62
Кабылдаева К.А. Жобалық оқыту әдістемесін оқу үрдісінде қолдану: «Nan&Sarqyt» жобасының мысалында	74
Кипчакбаева К.Б. Геймификация учебного процесса как путь повышения мотивации обучающихся	85
Қадырова А., Даурен М., Сайынова Ә., Нұрлан А. Абай Құнанбайұлы шығармаларын оқытудың әдістемелік негіздері ..	94

Нұғманова Ф.Б., Смагулова Ж.Ж., Акатаева А.С.
Кәсіптік білім беру жүйесінде тіршілік қауіпсіздігі курсын оқытуда инновацияны қолдану тәжірибесі.....103

Рыбинок Е.В.
Новые подходы к обучению алгебре через авторский цифровой ресурс114

Сазанбаева Ә.А.
Developing soft skills through theatrical performance.....122

3

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығы **Функциональная грамотность обучающихся**

Абдрахманова А.Е.
«Тілдің бейнелеу құралдары» элективті курс бағдарламасының білім сапасын арттырудағы тиімділігі130

Байтабенова А.С.
Результативность применения PBL в развитии функциональной грамотности учащихся на уроках русского языка и русской литературы.....139

Демидкова Н.И.
Эффективные подходы к формированию языковой среды на уроках английского языка.....148

Жондыбаева М.С., Нуркина Г.Т., Кенбаев Е.Ж.
Лингводидактические аспекты развития коммуникативной компетенции обучающихся по предмету «Русский язык и литература».....155

Зайтбекова Р.И.
«Абай жолы» роман-эпопеясын оқыту арқылы оқу сауаттылығын дамыту.....163

Мешелова Б.З., Мухашова Р.Т.
Екінші сынып оқушыларының қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың тиімді жолдары.....174

4

Арнайы және инклюзивті білім берудің теориясы мен тәжірибесі **Теория и практика специального и инклюзивного образования**

Ясиновская Г.А.
Реализация авторской программы по активизации слухоречевой деятельности детей после кохлеарной имплантации183

Әдістемелік компас / Методический компас192



FTAMP 14.09.33

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРТУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОЛЫ: ПРОФЕССОР М.Ж. ЖАДРИНАНЫҢ «ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БОЙЛАУ» МОДЕЛІНІҢ БҮГІНГІ ДАМУ БАҒЫТЫ

Қажығалиева Ж.Б.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ,

«Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, Астана қ.
Таубай П.

Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, Астана қ.

Искаков Н.Астана қаласы әкімдігінің «Фарида Оңғарсынова атындағы
№ 77 мектеп-гимназия» ШЖҚ МҚК**Аңдатпа.**

Мақалада педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жадрина Мақпал Жұмабайқызының орыс тілді аудиторияға мемлекеттік тілді меңгерту бойынша тың идеясы – «Қазақ тіліне бойлау («Қазақ тіліне ену» – М.Жадрина)» инновациялық моделін құрудағы азаматтық айқындамасы мен педагогикалық пайымдары қарастырылады. «Тілдік ортаға бойлау» әдісі әлемдік педагогикалық кеңістікте екінші тілді табиғи меңгерудің озық әдісі ретінде танымал, осы әдісті жан-жақты зерттеген ғалым қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тілін меңгерудің жаңа моделін ұсынды.

Көрнекті ғалымның мемлекеттік тілді меңгерудің тиімді технологиясы ретінде ұсынған «Қазақ тіліне ену моделінің» мақсаттары мен міндеттері, педагогикалық алғышарттары және оған әдістемелік қолдау жасау мәселелері туралы ғылыми-әдістемелік тұжырымдары мақалаға арқау болды.

Түйінді сөздер:

мемлекеттік тіл, инновациялық модель, тілге бойлау, толық бойлау, тілдік орта, қатынас құралы, таным құралы..

Кіріспе

Педагогика ғылымының докторы, профессор Жадринна Мақпал Жұмабайқызы – саналы ғұмырын мемлекет болашағын құрайтын өскелең ұрпаққа сапалы білім берудің тұжырымдамалық негіздерін ұлттық руханиятпен сабақтастыруды өзінің азаматтық борышы деп таныған ғалым.

Еліміздің білім беру жүйесінің бүгініне сындарлы, салауатты баға бере отырып, жарқын болашағы ұлттық руханиятпен біртұтастықта екенін терең түйсінген ғалым орта білім мазмұнын жаңартудың негізгі себептерінің бірі – осы ұлттық руханиятты жаңғырту деп таниды. Атап айтсақ, «өркениеттің бір бөлігі бола отырып, генетикалық тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру мақсатында балалардың ұлтқа тән қасиеттерін дамытып оқытуды» білім мазмұнын жаңартудың мәдени аспектісі деп қарастырады [1].

Ұлттық руханиятты баланың бойына сіңірудің шешуші факторы – ұлттық тілде сапалы білім ауға мүмкіндік жасау. Осы орайда көрнекті ғалым әлемдегі озық педагогика мен әдіснамаларды жіті зерделей отырып: «Әр бала ана тілін табиғи болмысына сай меңгеруі оның дүниетанымын, ой-өрісін дамытуға, табиғат берген бейімділік пен қабілеттің көзі ашудағы рөлі көпшілікке мәлім. Ал екінші, үшінші тілді үйренуі балаға қосымша жаңа мүмкіндіктер береді, білім мен білігі артады, мәдени деңгейі өседі», – деп тұжырымдайды [2]. Сондықтан да ғалым тілді тек қарым-қатынас құралы ғана емес, таным құралы ретінде үйрету мәселесін жолға қойды, яғни тілді баланың дүниетанымын қалыптастырудың негізгі құралы ретінде: «Жаңа парадигма аясындағы нәтижеге бағытталған білім моделінің басты кейіпкері оқушының жан-жақты дамыған, бәсекеге қаблетті, рухани дүниесі бай тұлға болуы оның ана тілді ғана емес басқада тілді толық меңгергеніне тікелей байланысты», – деген Пеэтер Мехистоның пікірін басшылыққа алды [3, 30-6].

Мемлекеттік тілдің дамуы және оның әлеуметтік міндеттерін толық атқаруы, қолдану аясының кеңеюі халқына қалтқысыз қызмет еткен парасатты ғалымның же-

текші идеясына айналды. Ол білім беру кеңістігіндегі ауқымды деген мәселелерді шешудің әр қадамын терең ойластыра отырып, басып озу стратегиясын тиімді қолдана білді. Осы орайда тілге бойлау бойынша әлемдік тәжірибені кеңінен зерттеп, қазақша сөйлемейтін оқушыларды қазақ тіліне толық бойлау мәселесін дер кезінде жолға қойды.

«Қазақ тіліне толық бойлау» моделі – профессор М.Ж. Жадринаның отандық білім берудегі тың бастамасы. Тілге бойлау – бұл білім беру ұйымдарында өзге тілді баланың әлеуметтік ортада қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға ынталандырып, балаларды мақсатты тілге үйретудің ұтымды әдісі. Орыс тілді орта басым болып тұрған көп ұлтты Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілін әр азаматтың мейлінше меңгеруге деген қызығушылықтарын оятып, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуде М.Ж. Жадринаның еңбегі ерекше. Білімі мен білігі жоғары ғалым тілге бойлау мәселесі мемлекеттік деңгейде шешімін тапқан Канада, Финляндия, Эстония елдерінің тілге бойлау жобаларымен танысып, жетекші ұйымдардың іс-тәжірибесін зерттеп, тығыз байланыста зерттеу жүргізді. Сөйтіп қазақ тілін тез меңгерудің оң тәжірибесі ретінде Эстонияның тілге толық бойлау әдісін ұйымдастыру тәжірибесін ойтайлы деп шешті.

«Эстония тіліне бойлау жөнінде жинақталған тәжірибені тікелей оқу үдерісінде байқап, сабақтарға қатысып, оқу-құралдармен танысып, бірлескен семинар-кеңестер мен оқыту семинарлар ұйымдастыру нәтижесінде эстондықтардың мақсатты тілге бойлау әдісін еліміздің өзіндік ерекшелігін ескере отырып қолдануға болатындығына көз жеткіздік», – деп тұжырымдайды [4, 5-6]. Қазақ тіліне толық бойлау әдісін эстондық «Иннове» тілге бойлау орталығының тәжірибелерін зерттеп, олармен танысу, оларға ғылыми-педагогикалық және әдістемелік тұрғыда әр қырынан талдау жасау жұмыстарының нәтижесінде Қазақстанда қолдану мүмкіндігін қарастырып, эстондық бағдарламаны жүзеге асыруда кездескен қауіптер мен кедергілер және оларды шешудің

жолдары зерделенді, «Иннове» тілге бойлау орталығымен серіктестік орнатылды.

Нәтижесінде «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалының мамандары профессор М.Ж. Жадринна жетекшілігімен «Тілдік ортаға бойлау негізінде мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасын» әзірлеп, «Қазақ тіліне бойлау моделін» жүзеге асырудың нормативтік-құқықтық базасын құрды. Тілге бойлау әдісі мектепке дейінгі жастағы балалардың тілге бойлау сыныптарында оқуға қажетті базалық білім және дағдымен қаруландыру көзделді.

Әдістеме

Ғалым қазақ тіліне бойлау әдісінің балабақша мен мектеп табалдырығын аттаған басқа тілде сөйлейтін балаларға мемлекеттік тілді меңгертудің оңтайлы жолы екенін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан дәлелдей отыра, қазақ тіліне бойлау әдісінің басты екі бағытын айқындап берді:

- **бірінші бағыт:** бастауыш білім беру деңгейінде 1-2 сыныптарда ерте тілге бойлау;
- **екінші бағыт:** тілге бойлау әдісін мектепке дейінгі білім беру деңгейінде:
 - а) балабақшаның кіші тобында – ішінара тілге бойлау;
 - ә) балабақшаның ересектер тобында – толық тілге бойлау.

Ғалым тілге бойлау әдісінің болашағына еш күмән келтірмейді. «Орыс тілді оқушыны мектептің табалдырығын аттаған сәттен бастап қазақ тіліне толық бойлауына оқу ортасын жасаған жағдайда екінші тілді меңгеруі табиғи жолмен іске асады. Тілге толық бойлаудың оқу ортасы қазақ тілін екінші тіл ретіндегі міндеттерінен іске асырудың жаңа мүмкіндіктерінің көзі ашады. Демек, тіл қарым-қатынас құралы ретіндегі міндетімен қоса ойлау мен таным құралы ретінде адам, қоғам, табиғат жөніндегі білім мен білікті меңгеру құралы болады», – деп пайымдауы осыған дәлел [1].

Бұл жобаның ғылыми жаңалығы: алғаш рет өзге тілді оқушыларды кейін оқуды қазақтілді мектептерде жалғастыруға ынталандыру және мүмкіндік беру үшін бастауыш сыныпта оқу үдерісін қазақ тілінде ұйымдастыру арқылы қазақ тіліне бойлаудың инновациялық моделі жасалды.

Жоба қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде іс жүзінде көпұлтты халықтың қарым-қатынас құралына айналуына және қазақтілді ортаның кеңеюіне мүмкіндік береді.

Қазақ тілін меңгертуде еліміздің әлеуметтік-саяси ахуалын ескере отырып, ғалым бастауыш мектептерде қазақ тіліне бойлаудың негізгі міндеттерін белгілеп берді:

1. Жобаны жүзеге асырудың бірден-бір құралы – сапалы оқулық пен оқу-әдістемелік кешен әзірлеу;
2. Жобаны жүзеге асыратын бастауыш сынып мұғалімдер қайта дайындау;
3. Бастауыш мектепте тілге бойлау жобасын жүзеге асу үдерісі мен нәтижелерін қадағалап отыру;
4. Қазақтіліне бойлау моделін еліміздің мектептеріне тарату жағдайларын анықтау және тиісті оқу-нормативтік негіздерін әзірлеу.

Бұл міндеттерді шешу бойынша «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалының мамандары мен озық тәжірибелі ұстаздары М.Ж. Жадринна-ның басшылығымен қазақ тіліне бойлау үдерісін ұйымдастыру мақсатында 1-2 сыныптарға арнап «Менің ортам» атты кіріктірілген оқулық пен жұмыс дәптерін әзірледі. Оқулықтың мазмұны кіріктірілген сипатта болды. Өйткені, қазақ тіліне толық бойлауға арналған кіріктірілген оқулық «Қазақ тілі», «Ғылымға кіріспе», «Дүние тану», «Математика» және басқа пәндермен «ортақ тақырыптар» аясында мазмұндық сабақтаста әзірленді. Бастауыш мектептің 1-2 сыныптарына арналып дайындалған кіріктірілген оқулық басқа барлық пәндерге ортақ болғандықтан, пән оқулықтарына қосымша оқу құрал ретінде ұсынылды.

«Қазақ тіліне толық бойлау арқылы ұйымдастырылатын оқу үдерісінің сапасына тікелей әсер етуші факторлардың орны ерекше. Олардың ең бастылары – мұғалімнің шеберлігі, қолданылатын әдіс тәсілдің оңтайлылығы, мақсаты тілге бойлауға мүмкіндік беретін арнайы оқулықтың сапалылығы» [4, 6-6].

Осыған орай шетелдік әріптестермен орнаған серіктестік барысында тілдік ортаға бойлау әдісімен танысу, мамандар дайындау және тәжірибе жинақтау бойынша іссапарлар, эстондық тренерлердің қатысуымен бірнеше оқу семинары ұйымдастырылды.

2012 жылдың қыркүйек айында алғаш рет Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде тілдік ортаға бойлау жобасы бойынша балабақшасы ашылып, үш топқа орыстілді 59 бала қабылданды. Ал 2013-2014 оқу жылынан бастап, Көкшетау және Талдықорған қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінде атаулы жоба бойынша 1-сыныптар ашылды.

Орыс тілді ата-аналарының ұйғарымы бойынша мектептің бірінші сыныбына қабылданған оқушылар қазақ тіліне толық бойлау моделі бойынша оқу үдерісін бастады. Аталған бағдарлама бойынша алғашқы бір жарым оқу жылында балалар барлық пәнді тек қазақ тілінде оқыды. Екінші сыныптың екінші жартыжылдығынан бастап орыс тілі жеке пән ретінде оқу үдерісіне енгізілді. Жоба бойынша барлық пәндер бойынша берілетін білім мазмұны тек қазақ тілінде жүргізілді. Осы бір жарым жылда қазақ тілін меңгеруі ауызекі сөйлеуден қарым-қатынасқа түсу деңгейіне көтеріліп, таным құралына айналғанына көз жеткіздік.

М.Ж. Жадрин қазақ тіліне бойлау сыныптарының мұғалімдерімен кері байланыс, түрлі сауалнамалар жүргізу, жүйелі түрде диагностика жасау арқылы жобаның жүзеге асу барысын үнемі қадағалап, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан тұжырымдар жасап отырды.

Қазіргі уақытта профессор М.Ж. Жадринаның бастамасы одан әрі жалғасып, тілдік ортаға бойлау жобасына 2013-2018 оқу

жылдары аралығында – Көкшетау қаласындағы ФМБ НЗМ-інің қазақ тіліне бойлау сыныптарын 146 оқушы, Талдықорған қаласындағы ФМБ НЗМ-інің қазақ тіліне бойлау сыныптарын 194 оқушы тәмамдады.

Пәндік білім көрсеткішінің даму динамикасына диагностика жасау және анализ жұмысын жүргізу барысы, сонымен қатар, оқушылардың үлгерім қорытындысы, тілге бойлау сыныптары оқыту қазақ және оқыту орыс тіліндегі сыныптары секілді «Қазақ тілі/орыс тілі», «Математика», «Ғылымға кіріспе», «Дүниетану» оқу пәндері бойынша жоғарғы көрсеткіш көрсеткендігі байқалды.

«Тілдік ортаға бойлау» әдісі бойынша жүргізілген эксперимент нәтижесі бұдан әрі атаулы әдісті Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде жаппай тарату оң нәтиже беретіндігін көрсетеді.

Қазақ тіліне бойлау моделі бойынша оқыған оқушылардың ата-аналары пікірлерінен:

«...Скажу, нам просто повезло!!! Желание посещать школу, получать новые знания, просто встретиться со своим любимым учителем и друзьями. Все это растёт в нашем ребенке с каждым днем.

Нам не просто повезло, нам посчастливилось участвовать в замечательном проекте погружения в казахский язык. Легкая подача нового и сложного материала становится простой и доступной для восприятия каждому ребенку. Дети быстро усваивают материал и применяют его в действие. Мой ребенок самостоятельно выполняет домашнее задание, общается с друзьями на государственном языке, употребляет все чаще казахские слова в быту. Наша семья не ощущает сложности в обучении. Все это благодаря проекту погружения. Хочется пожелать в будущем, что бы этот эксперимент увенчался успехом, и чтобы следующие дети и родители шли смело за нами! Пусть больше детей получат такой шанс изучить с «любовью» наш язык! Творческих вам успехов и процветания!» (Е.В. Ан. НЗМ ФМН, Талдықорған қаласы).

«Считаю эту программу нужной и перспективной. Дает детям хороший толчок в будущее и возможность реализовать себя в нашей стране. Нас устраивает на 100% еще и потому, что дочери очень нравиться изучать казахский язык и стремится овладеть им в совершенстве» (Е.А. Щерба, НЗМ ФМН, Көкшетау қаласы).

«Когда мы пришли в детский сад, нам предложили новый эксперимент «погружение в казахский язык». Сразу хочется сказать, что были страхи, волнения, но решение было принято! Ведь мы отлично понимали, что это шанс для ребенка не только шаблонно учить язык, но понять, прочувствовать и полюбить его. С ранних лет наш учитель прививает у детей интерес и любовь к языку, ребенок с удовольствием общается со сверстниками, смотрит передачи и мультфильмы на казахском языке, для ребенка в этом возрасте все интересно и дается изучение языка с легкостью. Ребенок с радостью идет в школу, значит, ему там нравится! (А. Халикова, НЗМ ФМН, Талдықорған қаласы).

М.Ж. Жадринаның қазақ тіліне бойлау жобасы бойынша жоспарлаған қазақ тіліне бойлау моделін еліміздің мектептеріне тарату жағдайларын анықтау және тиісті оқу-нормативтік негіздерін әзірлеу міндеттері өз шешімін күтуде.

Эстондық әріптестер елімізде тілдік ортаға бойлау жобасы бойынша жүргізіліп жатқан жұмысты: «Қазақстанның білім беру жүйесі қызметкерлері бағдарламаны тартудың тәжірибелік бөлімін: бағдарлама, оқу материалдарының әзірленуі, мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру мәселелерін жақсы жолға қойған. Тілге бойлау топтары мен сыныптарының қазақ тілін меңгеру деңгейі іс жүзінде коммуникативтік тәсілдеменің белсенді қолданылатындығын және оқушылардың орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды сақтай отырып, ауызекі сөйлеу тілін жоғары деңгейде меңгергендерін көрсетті», – деп жоғары бағалады. Эстондық сарапшылар қазақ тіліне бойлау сыныптарының ашық сабақтарына қатысу арқылы балалардың ерте жаста қазақ тіліне ене алатын мүмкіндіктерінің бар екендігіне көз жеткізді.

Ғылымдағы ғұмырын өз елінің жарқын болашағының негізін қалауға арнаған көрнекті педагог, профессор М.Ж. Жадрин көксегендей, «Тілге бойлау» жобасы уақыт өте келе еліміздің жаппай білім беру жүйесіне еніп, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі тарапынан институционалдық деңгейде қолдау тапты. Министрлік жобаны жүзеге асырудың жүйелі жоспары ретінде «Тілге бойлау» жобасын іске асыруға арналған Жол картасын қабылдады.

Жоба Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен Жол картасына сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Оның жалпы орындалу мерзімі 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 2031 жылғы 31 мамырға дейінгі уақытты қамтиды.

1-кезең (2024 жыл) – ұйымдастырушылық және дайындық жұмыстары жүргізілді. Бұл кезеңде жұмыс тобы құрылып, пилоттық мектептер анықталды, оқу-әдістемелік құжаттар әзірленді, сондай-ақ оқушылардың тілдік даму диагностикасын жүргізудің әдістемесі дайындалды.

2-кезең (2024–2027 жылдар) – жобаны пилоттық режимде жүзеге асыру кезеңі болып табылады. Пилоттық мектептерде тәжірибелік сабақтар өткізіліп, ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу ұйымдастырылуда, оқыту процесіне мониторинг жасалып, алынған нәтижелер талдануда.

3-кезең (2025 жылдан бастап) – жобаның іске асырылуын жүйелі мониторингтеу, қайта қарау, жетілдіру және аралық қорытынды жасау кезеңі ретінде жалғасады. Бұл кезеңде әдістемелік түзетулер енгізіліп, тиімді тәжірибелер жалпыландырылады.

4-кезең (2028–2030 жылдар) – жобаны масштабтау кезеңі ретінде жоспарланған. Бұл уақытта пилоттық мектептерде алынған оң тәжірибе республика көлемінде кеңейтіліп, жалпы білім беру жүйесіне таратылады.

Жол картасына сәйкес жұмыс тобы құрылып, жобаны енгізетін пилоттық мектептердің тізімі айқындалды. Әрбір мектептен бір сынып іріктеліп алынып, бастауыш сыныптың негізгі оқу пәндері

бағдарламасына сәйкес сабақ жоспарлары әзірленді. Сонымен қатар, «Бастауыш сыныпта тілге бойлаудың әдістемелік негіздері» тақырыбында әдістемелік ұсынымдар дайындалып, оқушылардың тіл дамуын бастапқы диагностикалау және жобаның жүзеге асырылу барысын жүйелі мониторингтеу әдіснамасы жасалды.

Жобаны іске асыру барысында оқу-әдістемелік қолдау іс-шаралары ұйымдастырылды. Атап айтқанда, аудандық және қалалық әдіскерлер, мектеп басшылары, пән бірлестік жетекшілері және бастауыш сынып мұғалімдерінен құралған шамамен 100-ге жуық қатысушыға «Тілге бойлау әдісінің негізгі принциптері және оны жүзеге асыру жолдары» тақырыбында оқыту семинарлары өткізілді. Бұл семинарлар барысында әдістің мазмұны, оны тиімді ендірудің тетіктері, мониторинг жүргізу және оқушылардың тілдік даму диагностикасын ұйымдастыру мәселелері ғылыми-әдістемелік тұрғыда талқыланды.

Аталған барлық ұйымдастырушылық және әдістемелік жұмыстарды Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы үйлестіріп, жобаға ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу жасады және оны жүзеге асыруға жан-жақты қолдау көрсетті.

Осылайша, жобаның кезеңдік құрылымы оның ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, мемлекеттік тілдің бастауыш сыныптардағы оқыту сапасын арттыруға бағытталған стратегиялық қадамдар жүйесін құрап отыр. Нәтижесінде 2024 жылы бастауыш мектептердің 1-сыныптарына пилоттық жоба енгізіліп, оның аясында ұйымдастырушылық және әдістемелік іс-шаралар кешені жүзеге асырылды. Астана қаласындағы Фариза Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясы профессор М. Жадринаның негізін қалаған ғылыми модельді тәжірибеге енгізген білім ордаларының бірі болып табылады.

2024 жылы аталған мектепте «Тілге бойлау» жобасы алғаш рет 1-сыныпта жүзеге асырылды. Жобаға қатысқан оқушылар бір оқу жылы бойы қазақ тілінде білім алып, өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізуге бағытталған ортада тәрбиеленді. 2025 жылы осы алғашқы жобаға

қатысқан сынып 2-сыныпқа өтіп, жобаны жалғастыруда. Сонымен қатар, биыл тағы бірнеше сынып жобаға қосылып, мектеп көлемінде тәжірибе ауқымы кеңейіп, қазақ тілін меңгертудің жаңа сапалық деңгейін қамтамасыз етті. Жобаны жүзеге асыру барысында:

- ▶ мұғалімдерге жобаның мазмұнын түсіндіру және әдістемелік қолдау жұмыстары ұйымдастырылды;
- ▶ оқу бағдарламасына сәйкес сабақ жоспарлары әзірленді;
- ▶ қалалық деңгейде семинар өткізіліп, онда ашық сабақтар, шебер-сыныптар, сахналық қойылымдар мен тренингтер көрсетілді;
- ▶ әр тоқсан сайын жобаға қатысатын сыныптарда мониторинг жүргізіліп, нәтижелер талданды;
- ▶ қазақ тілін оқытуға қатысты ғылыми-зерттеу нәтижелері қолданылып, әдіснамалық-әдістемелік ұсыныстар енгізілді.

«Тілге бойлау» жобасы – профессор М. Жадринаның ғылыми ізденістерінің нәтижесінде қалыптасқан «Қазақ тіліне бойлау» моделінің бүгінгі білім беру жүйесінде тәжірибелік тұрғыда іске асырылып отырған айқын көрінісі. Жобаның мектептерде кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырумен қатар, оқушылардың қазақ тілінде ойлау, еркін сөйлеу және қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытудың тиімді жолы екенін дәлелдеп отыр.

Қорытынды

Осылайша, профессор М. Жадринаның «Қазақ тіліне бойлау» моделінің даму бағыты тек теориялық негізде ғана емес, практикалық тұрғыда да өзінің өміршеңдігін көрсетіп, жас ұрпақтың тілдік қабілетін жетілдіруге, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған инновациялық әдістеме ретінде өзектілігін айқындай түсуде. Бұл бағыттағы тәжірибелер «Тілге бойлау» жобасының білім беру жүйесінде ұзақ мерзімді нәтижелер беретін өміршең жоба болатынын айқындай түспек.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Джадрина М. Об обновлении содержания среднего образования. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ААҚ. – Астана, қаңтар, 2014 жыл.
2. Джадрина М. Қазақ тіліне толық ену – бастауыш мектептің оқу үдерісіндегі жаңа бастама. «Білім берудегі жоғары сапа және көшбасшылық-2013» атты халықаралық конференция. – Астана, 13-15 қараша 2013 жыл.
3. Пеэтер Мехисто, Хийе Ассер. Исследование по дальнейшему устойчивому развитию программ раннего языкового погружения. Талин, 2005.
4. Джадрина М. Қазақ тіліне толық енуге арналған оқулық. Әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2015 жыл.

● **ИННОВАЦИОННЫЙ ПУТЬ ОБУЧЕНИЯ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ: СОВРЕМЕННЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ МОДЕЛИ «ПОГРУЖЕНИЯ В КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК» ПРОФЕССОРА М. Ж. ЖАДРИНОЙ**

Кажғалиева Ж.Б.

Филиал «Центр образовательных программ» АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», г.Астана

Таубай П.

Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, г.Астана

Искаков Н.

ГКП на ПХВ «Школа-гимназия № 77 имени Фаризы Онгарсыновой» акимата города Астаны

Аннотация. В статье рассматривается новая идея доктора педагогических наук, профессора Жадриной Макпал Жумабаевны инновационная модель по овладению государственным языком русскоязычной аудиторией – «Модель погружения в казахский язык». Метод «Погружение в языковую среду» признан в мировом педагогическом пространстве передовым методом естественного овладения вторым языком, всесторонне изучавший этот метод ученый предложил новую модель владения казахским языком с учетом грамматических особенностей казахского языка.

Основой статьи послужили научные-методические выводы выдающегося ученого о целях и задачах, педагогических предпосылках и проблемах методической поддержки «Модели погружения в казахский язык», как эффективная технология овладения государственным языком.

Ключевые слова: государственный язык, инновационная модель, погружение в язык, полное погружение, языковая среда, средство общения, средство познания.

● **THE INNOVATIVE WAY OF TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE: MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF THE MODEL OF «IMMERSION IN THE KAZAKH LANGUAGE» BY PROFESSOR M.J. ZHADRINA**

Kazhalieva Zh.B.

АОО «Nazarbayev Intellectual Schools», Branch of the «Center for Educational Programs», Astana

Taubai P.

National Academy of Education named after I. Altynsarin, Astana

Iskakov N.

GKP PHB «Gymnasium school No. 77 named after Fariza Ongarsinova» of the Akimat of Astana

Annotation. The article discusses a new idea of the Doctor of Pedagogical Sciences, Professor Zhadrina Makpal Zhumabayevna innovative model for the study of the state language by the Russian-speaking audience - "The model of immersion in the Kazakh language". The method of "Immersion in the language environment" is recognized in the world pedagogical space as an advanced method of natural acquisition of a second language.

The article is based on the scientific conclusions of an outstanding scientist about the goals and objectives, pedagogical prerequisites and problems of methodological support for the "model of penetration into the Kazakh language", proposed by him as an effective technology for mastering the state language.

Keywords: state language, innovative model, immersion in language, full immersion, language environment, means of communication, means of cognition.

FTAMP 14.15.15

МЕКТЕПТЕ ІШКІ АУДИТ ЖҮРГІЗУ

Орынбекұлы Н.

Абай облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің
«М.Әуезов атындағы орта мектебі» КММ, Қасқабұлақ ауылы

Аңдатпа.

Бұл мақалада мектепте ішкі аудит жүргізудің маңыздылығы мен практикада қолдану жолдары қарастырылады. Ішкі аудит білім сапасын арттыруға, оқыту үдерісін оңтайландыруға және әкімшілік басқаруды жетілдіруге ықпал етеді. Әдістемелік құралдар, практикалық мысалдар мен ұсыныстар арқылы мектеп ішіндегі аудиттің тиімділігін арттыру жолдары ұсынылады. Сонымен қатар, ішкі аудиттің түрлері, оның мектеп басқару жүйесіндегі рөлі және педагогикалық үдерістің сапасын бақылаудағы маңыздылығы жан-жақты қарастырылады.

Түйінді сөздер:

ішкі аудит, мектеп менеджменті, білім сапасы, бақылау, бағалау, тиімділік, әдістеме, оқыту үдерісі.

Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде мектепшілік басқаруды жетілдіру мен оқыту сапасын арттыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Осы орайда, ішкі аудит – мектептің жұмыс сапасын бақылап, жетілдіруге мүмкіндік беретін тиімді құрал. Бұл мектептің ішкі тәртібін реттеуге, оқу бағдарламаларының тиімділігін бағалауға, мұғалімдер мен оқушылардың оқу жетістіктерін талдауға көмектеседі.

Мақаламда менің ҚР жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы бойынша біліктілігімді арттыра отырып, мектебimde жүргізілген ішкі аудит пен оның нәтижесі туралы баяндалады.

Жалпы әлемдік тәжірибелерге сүйенсек, білім беру мекемесінде қандай да бір өзгерістер енгізбестен бұрын, алдымен ішкі аудит жүргізу қажетігі айтылған. Аудит жүргізу білім беру сапасын бағалау, басқару тиімділігін арттыру және кемшіліктерді анықтау үшін өте маңызды [1].

Ішкі аудитті мектеп әкімшілігі немесе арнайы құрылған жұмыс тобы жүргізеді. Ол мектептің ішкі ережелер мен нормативтік талаптарға сәйкестігін анықтауға және жұмыс сапасын жақсартуға бағытталады.

Міндеттері:

- ▶ Оқу үдерісін ұйымдастыру сапасын бағалау;
- ▶ Мұғалімдердің әдістемелік дайындығын тексеру;
- ▶ Оқушылардың үлгерімі мен тәртібін бақылау;
- ▶ Қаржылық және материалдық ресурстардың дұрыс қолданылуын анықтау;
- ▶ Ата-аналар мен мектеп қауымдастығының белсенділігін талдау;
- ▶ Санитарлық-гигиеналық және қауіпсіздік шараларын сақтау деңгейін бағалау.

Ішкі аудитті ұйымдастыру кезеңдері мыналардан тұрады:

1. Дайындық кезеңі
2. Ақпарат жинау және талдау
3. Нәтижелерді талдау және есеп дайындау
4. Нәтижелерді талқылау және шешім қабылдау
5. Мониторинг және бақылау

Ұйымдастырушылық кезеңінде зерттеу мақсаты, объектісі, бағыттары анықталады. Өлшемдері мен олардың көрсеткіштері, ақпарат ұсыну мерзімдері мен оған жауаптылар бойынша ақпарат жинаудың бірыңғай құралдары әзірленеді. Аудитке қатысушылардың: басшылардың, мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың құрамы белгіленеді. Жауапты кезең бұл – аудит бағдарламасын әзірлеу. Алынған ақпаратты ұйымдастыру және жүйелеу мәселелері жөнінде барлық қатысушыларға нұсқау беру, диагностикалық сауалнама әдістемесі бойынша кеңес беру, ішкі аудиттің бағыттары бойынша қажетті әдебиеттермен таныстыру осы кезеңнің маңызды сәті болып табылады.

Диагностикалық кезеңде мониторингтік зерттеулер технологиясы өңделеді, ақпарат жинау жүзеге асырылады. Ақпаратты жинау мен жүйелеудің келесі әдістері қолданылады: қадағалау, құжаттарды талдау, сабаққа қатысу, бақылау срездері, сауалнама алу, тестілеу, өзін-өзі бағалау бойынша алынған нәтижелерге сандық және сапалық талдау жасалады.

Аралық қорытынды шығару кезеңінде өзін-өзі бағалау, меңгерілетін бағыт бойынша қызмет сапасы мен тиімділігін бағалау нәтижелерін жүйелеу және жинақтау, сонымен қатар жалпы қорытындылар әзірлеу жұмыстары жүргізіледі. Ақпарат өңделеді, талданады, ұсыныстар әзірленеді, жеке мәселелер бойынша шешімдер қабылданады.

Қорытынды кезеңде алынған нәтижелер рефлексиясы, туындаған мәселелерді оңтайландыру жолдарын анықтау, педагогикалық ұжымның жайлы әлеуметтік-психологиялық ортасын құруға, оқу-тәрбие үдерісі мен мектепті басқаруды жетілдіруге бағытталған іс-шаралар жүйесі әзірленеді. Педагогикалық кеңесте ішкі аудиттің

қорытындысы шығарылады және баршаға қолжетімді түрде (мектеп сайтында, ай сайынға мектеп басылымында т.б) жарияланады [2].

Әдістеме

Ішкі аудитті жүйелі түрде өткізу оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, басқарушылық шешімдерді жақсартуға және мектептің жалпы даму деңгейін көтеруге ықпал етеді.

Мектепішілік аудит қызметінің алгоритмі

Мектепішілік аудит жүйелі кезеңдерге бөлінеді. Ұсынылатын алгоритм:

1. Дайындық кезеңі
 - ▶ аудит мақсатын, нысанын, мерзімін анықтау;
 - ▶ жұмыс тобын құру;
 - ▶ аудит жоспары мен өлшемдерін бекіту.
2. Ақпарат жинау
 - ▶ құжаттарды талдау (оқу жоспарлары, бағалау парақтары, мектеп құжаттары);
 - ▶ сауалнама, сұхбат, тестілеу жүргізу;
 - ▶ сабаққа қатысу, қадағалау.
3. Алынған деректерді талдау
 - ▶ сапалық және сандық талдау;
 - ▶ күшті және әлсіз жақтарын анықтау;
 - ▶ салыстырмалы мониторинг жүргізу.
4. Есеп беру және кері байланыс
 - ▶ аудит қорытындысын ұжымда, педкеңесте талқылау;
 - ▶ ұжымға түсінікті, ашық есеп ұсыну.
5. Жоспарлау және жетілдіру
 - ▶ табылған кемшіліктерді жою жоспарын әзірлеу;
 - ▶ ұсынылған шараларды нақты орындаушыларға бекіту.

6. Мониторинг

- ▶ қабылданған шаралардың орындалуын тексеру;
- ▶ қайталама аудит арқылы нәтиже салыстыру.

Мектепішілік аудит құралдары

Аудит құралдарына мыналар жатады:

- ▶ Құжаттық талдау: оқу жоспарлары, сабақ кестесі, бағалау нәтижелері, ішкі нормативтік актілер. Бұл мемлекеттік стандарттарға сәйкестікті, жоспарланған және нақты орындалған жұмыстарды салыстыруға мүмкіндік береді.
- ▶ Сауалнама: ата-ана, оқушы, мұғалім пікірін білуге арналған Google Forms, қағаз түріндегі анкеталар. Google Forms сияқты заманауи құралдарды пайдалану нәтижелерді жедел жинақтауға көмектеседі.
- ▶ Сұхбат: фокус-топ немесе жеке әңгімелесу арқылы пікір жинау. Бұл әдіс аудит қатысушыларының ой-пікірін ашық білдіруге жағдай жасайды.
- ▶ Сабаққа қатысу: бақылау парақтары арқылы мұғалім әдістемесін талдау. Мұғалімнің әдістемелік тәсілдері, оқушылардың белсенділігі, кері байланыс сапасы талданады.
- ▶ Тестілеу және бақылау срездері: оқушылардың білім деңгейін тексеру. ұл әдіс білім сапасын нақты сандар арқылы бағалауға мүмкіндік береді.
- ▶ Өзін-өзі бағалау: мұғалім мен әкімшіліктің өз жұмысын талдауы. Бұл құрал ұжымның ішкі мәдениетін дамытуға, кәсіби жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді.
- ▶ Мониторингтік карталар: оқу жетістігін, тәртіпті, қауіпсіздік шараларын бағалау кестелері. Мектептің тәртіп, қауіпсіздік, санитарлық-гигиеналық жағдайы және оқушылар үлгерімін жүйелі бағалау үшін қолданылады.
- ▶ SWOT-талдау: мектептің күшті, әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін анықтау. Мектептің күшті (Strengths), әлсіз (Weaknesses) жақтарын, мүмкіндіктерін (Opportunities) және қауіп-қатерлерін (Threats)

анықтауға көмектеседі. Бұл талдау стратегиялық жоспарлау кезінде аса маңызды.

Мектепішілік аудитті тиімді жүргізу үшін келесі қадамдар орындау керек:

- ▶ *Аудит жоспарын жасау* – аудит жүргізудің нақты мерзімі, мақсаты мен әдістерін анықтау. Жоспарланған аудит жүйелілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді.
- ▶ *Бақылау тізімін дайындау* – бағалау критерийлерін белгілеп, аудит жүргізу кезінде қолдану. Бұл бақылау тізімі мектеп жұмысының негізгі аспектілерін бағалауға көмектеседі.
- ▶ *Қатысушыларды оқыту* – мұғалімдер мен әкімшілік қызметкерлерін аудит әдістеріне үйрету. Білімді кадрлар аудиттің тиімділігін арттырады.
- ▶ *Нәтижелерді талдау және есеп беру* – аудит нәтижелері бойынша есеп жасап, оны мектеп әкімшілігі мен ұжымына таныстыру. Бұл мектептің даму бағыттарын анықтауға ықпал етеді.
- ▶ *Іс-шараларды жоспарлау* – анықталған кемшіліктерді жою және жетілдіру шараларын жүзеге асыру. Нақты қадамдар мектептің оқу үдерісін жақсартуға мүмкіндік береді.

Мектепке ішкі аудит жүргізуді сауалнамалар мен сұхбаттар әдісімен бастау өте тиімді болады. Яғни, бақылау деректері: ата-аналардан, мұғалімдерден және оқушылардан алынған сауалнама қорытындысынан жинақталады. Осы жұмыстарды жүргізу үшін мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілері, ата-аналар кеңесімен бірлесе жұмыстар ұйымдастырады. Сонымен бірге мектептің құжаттарына талдау, сабақтарға қатысу және бақылау және ресурстар мен инфрақұрылымды тексеру бойынша да ішкі аудит басшылық тарапынан қатар жүргізіледі.

Алдымен әріптестермен бірлесе сауалнама сұрақтарына талдау жасап, оқушы мен ата-аналарға түсініксіз болатын сауалдар анықталды және сауалнамаға нақты, әрі шынайы жауап берулері міндеттеледі. Мысалы, сауалнаманы бергенде, «біз өз мектебіміздің әлсіз жақтарын қалай көрсетеміз» деген сауалдар туатыны әбден

мүмкін. Сондықтан біз, ондай ойдағы сауалнама қатысушылары үшін, өз ойларыңызды ашық та шынайы көрсетіңіздер, себебі бұл мектептің алдағы уақытта дамуына нақты бағыт береді деген сияқты алдын ала түсініктемелер дайындап, жұмыс барысында басты назарға алуымыз қажет.

Аталған әдістермен жүргізілген ішкі аудиттің алғашқы бақылау деректері алынғаннан кейін нәтижелерді талдап және ол бойынша есеп дайындап, оны мектеп әкімшілігі, мұғалімдер және басқа да мүдделі тараптармен жиналыста бірлесе талқылап, мектептің жақсы жақтарын, материалдық-техникалық базасын ескере отырып, айқындалған кемшіліктерді жою бағытында мектептің зерттеу тақырыбы анықталып, сол бойынша даму жоспарын құру ұсынылады.

Мектепішілік аудит пен сыртқы аудит интеграциясы

Мектепішілік аудит – ішкі басқару құралы, мектептің күнделікті жұмысын жетілдіруге бағытталған. Мектепішілік аудит пен сыртқы аудит – бірін-бірі толықтыратын екі тетік. Олардың интеграциясы мектеп сапасын кешенді бағалауға және үздіксіз жетілдіруге мүмкіндік береді.

Сыртқы аудит (*білім бөлімдері, аккредитациялық агенттіктер, бақылау органдары*) – мектептің мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін тексереді.

Ішкі аудит деректері сыртқы аудитке дайындық материалы ретінде қолданылады. Екі аудитті интеграциялау жолдары:

- ▶ сыртқы аудит ұсынған ескертулер мен ұсыныстарды мектепішілік аудит жылдық жоспарға енгізеді;
- ▶ екі аудиттің ортақ мақсаты – білім сапасын арттыру, сондықтан көрсеткіштер мен индикаторлар үйлестіріледі;
- ▶ ішкі аудит – үздіксіз мониторинг, ал сыртқы аудит – тәуелсіз бағалау. Екеуінің нәтижесін біріктіру арқылы объективті, кешенді талдау алынады.

Негізгі бағыттар

Дайындық кезеңіндегі интеграция.

Ішкі аудит нәтижелері сыртқы аудит алдында дайындық материалы болып табылады. Мектеп өз деңгейін алдын ала бағалап, сыртқы тексеріс кезінде туындайтын тәуекелдерді азайтады.

Көрсеткіштерді үйлестіру.

Ішкі аудитте қолданылатын индикаторлар мен өлшемдер сыртқы аудит талаптарына сәйкестендіріледі. Бұл екі аудиттің деректерін салыстыруға мүмкіндік береді.

Мақсат пен міндеттердің сәйкестігі.

Ішкі аудит – мектептің күнделікті жұмысын жетілдіруге бағытталса, сыртқы аудит – мемлекеттік стандарттарға сәйкестікті бағалайды. Интеграция кезінде екеуінің мақсаты «білім сапасын арттыру» ортақ мүддесіне тоғысады.

Кері байланыс пен ұсыныстарды біріктіру.

Сыртқы аудит ұсынған ескертулер ішкі аудиттің жылдық жоспарына енгізіледі. Ішкі аудит болса, сол ұсыныстардың орындалуын жүйелі түрде бақылайды.

Ақпараттық ашықтық.

Ішкі аудит қорытындылары мектеп қауымдастығына жарияланып, сыртқы аудит кезінде дәлелді дерек ретінде ұсынылады. Бұл ашықтық пен сенімділікті арттырады.

Үздік тәжірибелерді енгізу.

Сыртқы аудит барысында анықталған үздік тәжірибелер ішкі аудит жүйесіне енгізіліп, мектеп мәдениетінің дамуына ықпал етеді.

Мектепішілік және сыртқы аудиттің интеграциясы – сапаны басқарудың тұтас жүйесін қалыптастырады. Ішкі аудит күнделікті мониторинг жүргізсе, сыртқы аудит объективті бағалау мен тәуелсіз сараптама береді. Осы екі тетікті үйлестіру арқылы мектептің даму траекториясы айқындалып, білім сапасы тұрақты түрде жақсарады.

Мектепішілік аудит – білім сапасын көтерудің, оқу-тәрбие үдерісін жетілдірудің маңызды механизмі. Жүйелі аудит басқарушылық шешімдердің тиімділігін арттырып, оқушылардың қажеттіліктері-

не сәйкес оң өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. Сыртқы аудитпен интеграция арқылы мектептің даму траекториясы айқындалып, сапалы білім беру мәдениеті қалыптасады.

Практикада қолдану

Ішкі аудитті өзімнің мектебімде жүргізуді бастамас бұрын алдымен мектеп (материалдық техникалық базасы) туралы

толық мәліметтерді, мектеп педагогтері мен оқушылары және ата аналары туралы статистикалық мәліметтерді, сыныптар саны мен олардың толымдылығы туралы, мұғалім-дердің білімі мен біліктіліктері туралы мәліметтері жинақталды. Одан кейін аудит жүргізудің жоспары жасалын-ды. Жоспар негізінде мектеп деңгейін анықтау мақсатында мектеп оқушыларынан, ата-аналардан, мектеп ұстаздарынан сауалнамалар алынды.



Мектепшілік аудит жоспары /үлгі/

1. Жалпы мәліметтер:

- Мектеп атауы: [Мектептің толық атауы]
- Аудит жүргізуші топ: [Аудитке қатысатын тұлғалар: директор, орынбасарлар, мұғалімдер, сарапшылар]
- Аудит мерзімі: [Күн мен уақыты]
- Аудит мақсаты: [Мектептің белгілі бір бағыттағы қызметін бағалау, жетілдіру ұсыныстарын әзірлеу]

2. Аудит бағыттары:


№	Бағыт	Негізгі бағалау критерийлері	Әлісі	Жауапты тұлға
1	Оқу үрдісі	Сабак жоспары, бағалау жүйесі, оқушылар үлгерімі	Құжат талдау, сабаққа қатысу, сауалнама	[Аты-жөні]
2	Мұғалімдердің кәсіби біліктілігі	Біліктілік санаты, курстарға қатысу	Құжаттар, сауалнама	[Аты-жөні]
3	Оқу-тәрбие жұмысы	Сыныптан тыс іс-шаралар, тәртіп деңгейі	Бақылау, сұхбат	[Аты-жөні]
4	Материалдық-техникалық база	Кабинеттердің жабдықталуы, инфрақұрылым	Тексеру, фотофиксация	[Аты-жөні]

1-сурет. Аудит жоспарының үлгісі.

- Ата-аналарға арналған сауалнаманың мақсаты: мектеп нені жақсы орындайтынын, нені жақсарту қажет екенін білу.



- Мектеп қызметкерлерінен алынған сауалнама-ның мақсаты: Мектеп жұмысын ұйымдастыру мен мектеп мұғалім-дерінің өзара қарым-қатынасы, іс-әрекеті туралы анықтау.



- Оқушыларға арналған сауалнаманың мақсаты: мектеп жұмысын қалай жақсарту керектігін түсіну үшін оқушылар-дың мектеп өмірі туралы не ойлайтынын білу.



Осы мақсаттарда алынған сауалнамалардың талдауына тоқталсақ:

Көптеген басшылар мектептің жағдайын анықтауда ата-аналардың пікірі маңызды емес деп ойлауы мүмкін. Ол дұрыс емес, себебі ата-аналардан мектептің әлсіз және жақсы жақтарын анықтау мақсатында сауалнама алып, талдаса (1-кесте), әр басшы бұл ойдың қате екенін түсінеді. Оқу бағдарламасында: «Басшылар мектептен тыс үрдістер мен болашаққа болжамдар-

ды, мәселен, ата-ана мен оқушылардың келешектен күтетін үміттері мен қажеттіліктерін түсіне білулері керек»[1; 19-бет] делінген. Яғни, ата-аналардан және де басқа да сыртқы қатысушылардан мектептің қандай даму деңгейінде екенін анықтау үшін деректер жинау мақсатында аудитті жыл сайын жүргізу керек, сонда ғана мектеп өзінің қандай деңгейде екенін болжап, әрдайым даму үстінде болады.

1-кесте. «Мектеп ата аналар көзімен» сауалнамасының талдауы.

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
- Мектепке оқушылардың жақсы оқуына, жайлы сезінуіне барлық мүмкіндіктер жасалған; - Жоғары тәртіп стандарттары сақталған; - Білікті ұстаздардың жеткіліктілігі.	- Оқушылардың білім берудегі жеке қажеттіліктерге қанағаттанбауы; - Үй тапсырмаларының қажеттіліктеріне сәйкес берілмеуі; - Мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыстың төмендігі; - Үлгерімі төмен оқушылармен жекеleme жұмыстардың жүргізілмеуі.
Шешу жолдары	
- Оқушылардың бейіндік қабілеттерін айқындай отырып, соған орай тапсырмаларды беру туралы нақты жұмыстарды ұйымдастыру; - Ата аналармен жүйелі байланыс орнату; - Оқуға ынтымақ төмен оқушылардың оқуға деген жауапкершіліктерін арттыру мақсатында іс шаралар ұйымдастыру; - Мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты жетілдіру.	

Оқушылардан алынған «Мектеп оқушылар көзімен» сауалнамасының талдауындағы (2-кесте) әлсіз жағына көңіл бөлсек, мына пікірлерге қайшылықты бірден аңғарамыз: «Балаға қолдау көрсету – олардың өзін-өзі анықтауға, өзіндік дамуына, қасиеттерінің ашылуына ерекше көмек көрсетеді», «Балалар әрқашан да үйренгісі келіп тұрады, ал мұғалім оларға қолдау

жасама, оқуға деген ынталары да жоғалып кетеді» [2], сондықтан да біз мектепте байқалған мұндай кемшіліктерді болдырмауымыз қажет. Ол үшін мектепте оқушылардың бейіндік қабілеттерін айқындай отырып, олардың оқуына мүмкіндіктер беру, оларды жеке тұлға ретінде құрметтеп қолдау, әділ бағалау және олармен тиімді кері байланыс орнату маңызды.

2-кесте. «Мектеп оқушылар көзімен» сауалнамасының талдауы.

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
- Мұғалімдер өз пәнін жетік меңгерген, білімді; - Оқушылар алдында сыйлы; - Тәртіпті алға қояды; - Оқушылар бәсекеге қабілетті. - Жақсы баға алуды қалайды.	- Оқушыларға жеке тұлға ретінде қараудың төмендігі; - Мұғалім мен оқушы арасындағы өнімді ашық байланыстың төмендігі; - Қаталдықтың басымдығы, оқушыға өз ойын айтуға еркіндік бермеуі; - Оқушыларға берілетін тапсырмалардың бірізділігі; - Мұғалімнің әр сабақта кері байланысты тиімді қолданбауы.
Шешу жолдары	
- Кәсіби қоғамдастық аясында мақсатты жұмыстар ұйымдастыру; «Оқыту туралы оқушы үні» жұмыстарын қолға алу; - Оқушылардың тұлғалық қабілеттерін дамыта отырып, мұғалімдер көзқарасын өзгертуге бағытталған жұмыстар ұйымдастыру; - Мектеп оқушыларының сенімсіздігі мен бәсекеге қабілетін психологиялық және педагогикалық жетілдіру; - Мұғалімдер тарапынан жүйелі және күнделікті мотивациялық жұмыстарды дамыту; - Кері байланыс жасаудың тиімді әдіс тәсілдері бойынша іс шаралар ұйымдастыру.	

«Мектеп мұғалімдердің көзімен» сауалнамасының талдауындағы (3-кесте) «Жақсы жақтарына» сүйеніп, кемшіліктерді жоюдағы басты күшіміз: анықталған білікті ұстаздармен бірлесе табысқа жету. Талдауда көрсетілгендей, біздегі басты жұмыс - оқыту мен оқуды дұрыс ұйымдастыру. Яғни, басшы ретінде әріптестердің ынтасына, жұмысқа деген құлшынысына ықпал ету керек. Курс тыңдаушыларына арналған нұсқаулықта: «Мектеп көшбасшылығы қы-

зметкерлер арасында бөлінген жағдайда мектеп пен оқушыларға ықпалы күштірек болады» [3; 25] делінген. Сондықтан мектеп ұжымын ортақ бір мақсатқа жұмылдыру керек, яғни кері түсінікпен жүрген әріптестерді бірлескен ортаға қосып, оларға көшбасшылық тапсырма бере отырып, жоспар құрып, бірлесе іске асырсақ, олардың жұмысқа деген ынтасы әлбетте дамиды.

3-кесте. «Мектеп мұғалімдердің көзімен» сауалнамасының талдауы.

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
- Мектепте кәсіби білікті ұстаздардың жеткіліктілігі; - Командамен жұмыс істей білуі;	Мұғалімдердің көшбасшылық қабілеттерін арттыруға бағытталған жұмыстардың жеткіліксіздігі;

- | | |
|---|---|
| <ul style="list-style-type: none"> ▶ Бір бірлерімен тәжірибе алмасуы; ▶ Үйлестіру жұмысымен айналысатын қызметкерлердің әріптестермен жұмыс істеу жөніндегі кәсіби дағдыларды меңгеруі. | <ul style="list-style-type: none"> ▶ Өз жұмыстарына жасалынатын рефлексияның төмендігі; ▶ Мектептің даму жоспарындағы кейбір шаралардың іс жүзінде жүзеге аспауы. |
|---|---|

Шешу жолдары

- | |
|---|
| <ul style="list-style-type: none"> ▶ Кәсіби қоғамдастық аясында мақсатты жұмыстар ұйымдастыру; ▶ Мектептің даму жоспары негізінде мұғалім көшбасшылығына бағытталған жұмыстарды дамыту; ▶ Өзіндік рефлексия жасау барысын жетілдіру; ▶ Мектептің даму жоспарын барлық қызметкерлердің көшбасшылық қабілеттерін ескеріп жоспарлау және жоспардағы әр шараның орындалуы туралы рефлексиясының міндетті түрде болуы. |
|---|

Жалпы сауалнамалардың қорытындысынан алынған ақпараттар мен мәліметтердің негізінде мектептің деңгейі анықталады, негізгі деректер жинақталады. Анықталған сауалнамадағы кемшіліктерді шешу жолдарын негізге ала отырып, мектептің зерттеу тақырыбы мен даму жоспары ұжыммен бірлесе отырып жасалады. Педагогикалық кеңестегі талқылау барысында біз: аталған кемшіліктердің біршамасын бөлінген көшбасшылықтың арқасында жеңеміз деген мақсат қойып, мектептің зерттеу тақырыбын: «Бірлескен жұмыстар арқылы көшбасшылықты дамыту» деп таңдадық.

Мектептің даму жоспары төмендегі басымдықтарды негізге ала отырып жеке-ле мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар үшін табыс критерийлерімен қоса құрылды:

- ▶ Көшбасшылар тобынның жұмысын ұйымдастыру;
- ▶ Мұғалімдер мен оқушылардың рефлексия жасау дағдыларын қалыптастыру;
- ▶ Бірлескен кітап оқу мәдениетін қалыптастыру;
- ▶ Мұғалімдердің бірлескен LS зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- ▶ Коучингтер арқылы жалпы ұжымдағы сенімділікті арттыру;

Мектептің даму жоспарының анықталған

басымдықтарына сай және эвальвация барысында «Бірлескен жұмыс арқылы көшбасшылықты дамыту» бағытында іс-шаралар жоспарланды. Атқарылған іс-шаралар анықталған табыс критерийлеріне сай бағаланды.

Мектепте жылына екі реттен жүргізілген ішкі аудит - оқыту сапасының жақсаруына және білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруда өте тамаша оң нәтижелерді береді. Атап айтсақ, білім сапасы артып, озат оқушылар мен үздік мектеп түлектерінің саны артты. Мұғалімдер, оқушылар және ата-аналардың «Үштік одағы» арасында ынтымақтастық пен көшбасшылық қасиеттері қалыптасты. Жалпы мектептің қазіргі таңдағы тыныс-тіршілігі және жеткен жетістіктерімен мына сілтеме арқылы: https://www.threads.net/@auezov_om_kas_kabulak?xmt=AQGzSv1PPpDn7TwOR8IOjU7YQQo2xuoQilekNzQhi39XIYQ танысуларыңызға болады.

Ұсыныстар

Мектептегі іс-шараларды мектеп басшысы алдымен мектеп әкімшілігі және білікті мұғалімдермен бірлесе отырып және анықталған кемшіліктерді ескере отырып, педагогикалық кеңес пен кәсіби сұхбаттар өткізуден бастау керек.

Басшылар алғашқы кезеңде ішкі аудиттің сапалы болуын қамтамасыз ету мақсатында әріптестеріне кері байланыс пен рефлексияның ара жігін ашып көрсету, екінші кезеңде кері байланыстың бағалау

МЕКТЕПТІ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Тақырыбы: «Бірлескен жұмыс арқылы көшбасшылықты дамыту»

Мақсат: Мұғалімдер, оқушылар және ата-аналардың жауапкершіліктерін қалыптастыру. Бөлінген топтардың бастамашылдықтарын, қабілеттіліктерін арттыру. Өкілеттіліктерімен бөлісу, көшбасшылықты қадағалау.

Басымдықтар:	Табыс критерийлері: (өзгерістерді дәлелдейтін нәтижелер)		
	Мұғалімнен күтілетін нәтижелер	Оқушыдан күтілетін нәтижелер	Ата-аналардан күтілетін нәтижелер
3. Талдау	Сабақтан кейінгі бірлескен рефлексия, ұсыныстар мен талдау
4. Қорытынды	Жетістіктер мен даму аймақтарын анықтау

Сабақтан кейінгі рефлексия үлгі сұрақтары

Сұрақтар	Мақсаты
Сабақтың қай бөлігі сәтті өтті?	Күшті тұстарды анықтау
Қай тұста қиындық болды?	Даму аймағын белгілеу

Оқушылар белсенді болды ма?	Педагогикалық тәсілдің тиімділігін бағалау
Сабақ мақсатына жеттік пе?	Жалпы нәтижелілікті бағалау
Келесі сабақта нені өзгертеміз?	Жоспар құру, келесі қадамды нақтылау

Сабақты бақылау мен бірлескен рефлексия – тәлімгер мен жас педагог арасындағы кәсіби байланысты нығайтатын, педагогтің өсуін жеделдететін маңызды құрал. Құрылымды бақылау парағы мен шынайы кері байланыс жас маманға өзін-өзі жетілдіруге жол ашады. Бұл үрдіс формалды емес, қолдаушы және дамытуға бағытталған ортада жүргізілуі тиіс.

Жас педагогтің кәсіби дамуына ықпал ететін маңызды құралдардың бірі – рефлексия. Ал тәлімгермен өткізілетін бірлескен рефлексия – жас мұғалімнің өзінің іс-әрекетін бағалап, кәсіби шешімдерін жетілдіруге мүмкіндік беретін құрылымды процесс.

Бірлескен рефлексияның мақсаттары:

- ▶ сабақтың немесе педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесін бағалау;
- ▶ оқу процесіндегі тиімді және тиімсіз элементтерді анықтау;
- ▶ жас мұғалімнің өзін-өзі жетілдіруін қолдау;
- ▶ тәлімгер мен педагог арасындағы кәсіби диалогты нығайту.

Негізгі рефлексия әдістері

1. «Плюс – Минус – Қызықты» (ПМК) әдісі

Бұл әдісте сабақ немесе педагогикалық жағдай үш қырынан қарастырылады:

Элемент	Мазмұны
Плюс	Не жақсы шықты? Қай тұсы сәтті болды?
Минус	Қандай қиындықтар болды? Нені жақсартуға болады?
Қызықты	Қандай жаңа нәрсе байқалды немесе ой салды?

2. «Бес саусақ» әдісі

Бұл әдіс бейресми, жеңіл формада өткізуге ыңғайлы:

Саусақ	Сұрақ немесе рефлексия элементі
Бас бармақ	Не ұнады? (Позитив)
Балаң үйрек	Не қиын болды? (Кедергі)
Ортаңғы	Нені ерекше атап өтер едіңіз? (Маңызды сәт)
Шылдыр шүмек	Кімнен немесе неден көмек қажет болды?
Шынашақ	Нені келесі жолы өзгерткіңіз келеді?

3. «SWOT-талдау» әдісі

Бөлімі	Мазмұны
S – Strengths	Сабақтың немесе іс-әрекеттің күшті жақтары
W – Weaknesses	Әлсіз тұстар, кемшіліктер

O – Opportunities	Болашақта жетілдіруге болатын мүмкіндіктер
T – Threats	Қауіп-қатерлер, кедергілер

Бұл әдіс жас педагогтің болашақ әрекетіне стратегиялық көзқарас қалыптастыруға көмектеседі [7].

Тәлімгерлік – жас педагогты кәсіби тұрғыда қолдауға бағытталған мақсатты іс-әрекет. Ол тек кеңес берумен шектелмей, нақты тәжірибелік тапсырмалар арқылы жүзеге асқанда ғана тиімді нәтиже береді. Бұл тапсырмалар жас мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыруға, әдістемелік және рефлексиялық дағдыларын дамытуға бағытталады.

Қазақстан Республикасы БҒМ-нің №160 бұйрығында тәлімгерлік процесінің маңызды бөлігі ретінде тәжірибелік көмекпен сабақ үлгілерін көрсету атап көрсетілген.

Практикалық тапсырмалардың маңыздылығы:

- ▶ сабақ жоспары мен құрылымын меңгерту;

- ▶ кәсіби шешім қабылдау қабілетін дамыту;
- ▶ рефлексия және өзіндік талдау жүргізуге дағдыландыру;
- ▶ ұжымдық мәдениетке бейімдеу;
- ▶ инновациялық тәсілдермен жұмыс жасауға ынталандыру [8].

Тәжірибелік тапсырмалардың бағыттары:

1. Әдістемелік: сабақ жоспарлау, тәсіл таңдау.
2. Рефлексиялық: сабақтан кейін талдау, SWOT.
3. Психологиялық: сенімділік арттыру.
4. Коммуникативтік: ұжыммен, ата-анамен қарым-қатынас.
5. Цифрлық: АКТ құралдарын пайдалану.

Тәжірибелік тапсырма үлгісі

№	Тапсырма атауы	Мақсаты
1	Сабақтың мақсаттарын Bloom таксономиясымен құру	Мақсат қою дағдысын дамыту
2	Сабаққа қатысты "ПМК" әдісімен рефлексия жүргізу	Сабақ нәтижесін бағалау және дамытуды үйрену
3	Бір сабаққа SWOT-талдау жасау	Күшті және әлсіз тұстарын саралау
4	Оқушылармен сұхбат жүргізу (3–5 оқушымен)	Кері байланыс алуды үйрену
5	Сабақта қолданатын 3 тиімді әдісті сипаттау	Әдіс-тәсілдер қоржынын толықтыру
6	Жеке даму жоспарын (IDP) әзірлеу	Кәсіби мақсаттарын нақтылау
7	Сыныпты басқару стратегиясын сипаттау	Тәртіпті реттеу дағдысын дамыту
8	Оқу мақсаттарына сай критериялды бағалау үлгісін құру	Бағалау сауаттылығын дамыту
9	Цифрлық құрал арқылы тапсырма дайындау (мыс: Wordwall)	АКТ-ны педагогикалық мақсатта қолдану
10	Тәлімгердің сабағына қатысып, бақылау парағын толтыру	Бақылау жүргізу және талдау жүргізу дағдысын дамыту

11	Оқушы дәптерлеріне талдау жасау	Жазбаша жұмыс сапасын анықтау
12	Ата-анамен диалог құру жоспарын жасау	Коммуникативтік дағды қалыптастыру
13	Сынып сағатын өткізу жоспарын құру және өткізу	Тәрбиелік жұмысқа бейімделу
14	Оқу кабинетін ұйымдастыру схемасын жасау	Педагогтің ұйымдастырушылық қабілетін дамыту
15	Өз педагогикалық ұстанымын эссе түрінде сипаттау	Жас маманның кәсіби "менін" анықтауға көмектесу

[9].

Тәлімгер мен жас педагогтің әрекеттестік кестесі (үлгі)

Апта	Тәжірибелік тапсырма	Бақылау түрі	Нәтиже
1	Сабақ мақсаты мен жоспарын құру	Бірлескен жоспарлау	Жоспардың сапасы
2	Сабаққа тәлімгер қатысады	Сабақ бақылау парағы	Кері байланыс
3	Рефлексия және SWOT-талдау	Ашық сұхбат	Даму аймағы анықталады
4	Цифрлық құралмен тапсырма әзірлеу	Жобаны көрсету	АКТ дағдысы қалыптасады

Практикалық тапсырмалар – тәлімгерлік үдерісінің өзегіне айналуы тиіс. Олар жас педагогты жай бақылаушы емес, белсенді тәжірибе жинақтаушы етуге көмектеседі. Дұрыс таңдалған және жүйелі орындалған тапсырмалар кәсіби сенімділікті нығайтып, мұғалімнің сабақ беру шеберлігін едәуір арттырады.

Жас педагогтің білім беру жүйесіне енген алғашқы жылдары – оның кәсіби және тұлғалық қалыптасуының негізін қалай-

тын шешуші кезең. Бұл уақытта мұғалім тек бейімделіп қана қоймай, кәсіби шеберлігін жетілдіру, үздіксіз даму жолын да бастайды. Осы үдерісті педагогиканың теориясы мен практикасы «кәсіби өсу» ұғымы арқылы сипаттайды.

Кәсіби өсу – мұғалімнің білімін, білігін, қызыреттілігін жүйелі түрде арттыру, тәжірибесін байыту, өзін-өзі тану мен дамыту арқылы тұлғалық және кәсіби кемелденуге бағытталған үздіксіз үдеріс [5].

Кәсіби өсу ұғымының құрылымдық компоненттері

Компонент	Мазмұны
Білімдік	Теориялық білім мен педагогикалық үрдіс заңдылықтарын меңгеру
Әдістемелік	Сабақ беру, әдіс-тәсілдерді қолдану шеберлігін арттыру
Психологиялық	Эмоционалды тұрақтылық, оқушы мен ата-анамен жұмыс дағдысы
Коммуникативтік	Ұжыммен, оқушылармен, әріптестермен тиімді қарым-қатынас орнату
Шығармашылық	Жаңашыл идеялар енгізу, педагогикалық ізденіс

Жас педагогтің кәсіби өсуінің негізгі шарттары

Шарттар	Нақты тетіктер
Әдістемелік қолдау	Тәлімгерлік, семинарлар, шеберлік сабақтар

Рефлексия жүргізу	Жеке сабақ талдау, SWOT-талдау, коучинг
Жүйелі кәсіби даму жоспары (IDP)	SMART-мақсаттар, жылдық мақсат, өзіндік өсу картасы
Қоғамдастықпен әрекеттесу	Әдістемелік бірлестік, кәсіби қауымдастықтар, желілік мек-тептер
Мотивация және қолдау	Мадақтау, моральдық қолдау, мектепшілік сенім атмосфе-расы

Кәсіби өсу кезеңдері (Шоғырландыру үлгісі)

Кезең	Сипаттамасы
I. Ізденіс	Білім мен тәжірибеге сұраныс кезеңі
II. Жетілдіру	Біліктілікті арттыру, әдістемелік дағдыны нығайту
III. Орнығу	Тұлғалық педагогикалық стиль қалыптасуы
IV. Көшбасшылық	Басқа мұғалімдерге үйрету, инновациялық идеялар енгізу

Жас педагогтің кәсіби өсуі – тек жаңа білім мен шеберлікті игеру ғана емес, сонымен қатар өзінің ұстаз ретіндегі рөлін түсіну, кәсіби мәдениетін қалыптастыру. Бұл – үздіксіз ізденіс пен жаңашылдықты талап ететін, тұлғалық және кәсіби дамуға бастайтын күрделі, бірақ мәнді жол.

Бүгінгі білім беру жүйесінде мұғалімнің кәсіби дамуы мен жетістіктерін жүйелеудің заманауи тәсілдерінің бірі – кәсіби даму портфолиосы. Бұл құжат жас педагогтің жеке және кәсіби өсу траекториясын айқындайтын маңызды құрал болып табылады. Ол педагогтің оқу-тәрбие процесінде жинақтаған іс-тәжірибесін, жетістіктерін, кәсіби ұстанымдарын көрнекі түрде бейнелейді.

Портфолио – бұл жай ғана құжаттар жинағы емес, ол педагогтің өзін-өзі бағалауы мен рефлексиясы арқылы кәсіби дамуына бағытталған жеке құралы [9].

Портфолионың мақсаты:

- ▶ жас педагогтің кәсіби дамуын жүйелеу;
- ▶ өзін-өзі бағалау және рефлексия жасау дағдысын қалыптастыру;
- ▶ жетістіктер мен кемшіліктерді сараптау;
- ▶ тәлімгерлік жұмыстың нәтижесін көрсету;
- ▶ аттестаттау мен рейтингтік бағалауға негіз болу.

Портфолионың негізгі мазмұндық құрылымы

Бөлім	Мазмұны
1. Жеке ақпарат	Мұғалімнің деректері, білімі, жұмыс орны
2. Кәсіби мақсаттар	Қысқа және ұзақ мерзімді SMART-мақсаттар
3. Сабақ жоспарлары	Авторлық үлгілер, дифференциация, әдіс-тәсілдер
4. Бағалау құралдары	Критериалды бағалау үлгілері, тапсырмалар
5. Рефлексия үлгілері	Сабақтан кейінгі өзіндік талдау, ПМК, SWOT-талдау
6. Сертификаттар, марапаттар	Курстар, семинарлар, марапаттау құжаттары
7. Оқушы жетістіктері	Олимпиада, ғылыми жоба, пікірлер

8. Тәлімгермен жұмыс есебі	Бірлескен әрекеттердің сипаттамасы, кері байланыс
9. Жеке даму жоспары (IDP)	Жылдық кәсіби даму жоспары, жоспардың орындалу есебі

Педагогтің кәсіби дамуы тек сыртқы бақылауға ғана емес, өзін-өзі бағалау дағдысының дамуына да тығыз байланысты. Жас педагог үшін өзін-өзі бағалау – өзінің әрекетін, шешімдерін, жетістіктерін және даму аймақтарын саналы түрде сараптауға бағытталған рефлексиялық үдеріс. Бұл – кәсіби жетілудің ішкі тетігі.

Өзін-өзі бағалау – мұғалімнің педагогикалық қызмет нәтижесіне шынайы баға беруі, әрекеттерінің тиімділігі мен кәсіби қажеттіліктерін анықтау қабілеті [9].

Өзін-өзі бағалаудың мақсаттары:

- ▶ сабақ беру сапасына талдау жасау;
- ▶ кәсіби жетістік пен даму нүктелерін анықтау;
- ▶ тәжірибеде қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімділігін бағалау;
- ▶ келесі әрекеттерге бағыт беру;
- ▶ жеке даму жоспарын нақтылау.

Негізгі әдістері

Әдіс атауы	Мазмұны
Критерийлік бағалау	Алдын ала белгіленген кәсіби өлшемдер арқылы өзін бағалау
SWOT-талдау	Күшті, әлсіз жақтар, мүмкіндіктер мен қауіптерді саралау
Портфолио талдауы	Жетістіктер мен нәтижелер жинағын сараптау
Рефлексиялық сұрақтар	Сабақтан кейінгі құрылымды өзіндік талдау

Өзін-өзі бағалау критерийлері мен дескрипторлары (үлгі)

Критерий	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
1. Сабақ құрылымы мен мақсаттылығы	Сабақ мақсаты нақты, сабақ бөліктері жүйелі құрылған	Сабақ мақсаты анықталған, бірақ құрылымда ауытқулар бар	Сабақ құрылымы жүйесіз, мақсат нақты емес
2. Оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану	Әдістер әртүрлі, оқушы белсенділігі жоғары	Әдістер шектеулі, бірақ тиімді	Әдістер тиімсіз, оқушы белсенділігі төмен
3. Уақытты тиімді басқару	Барлық тапсырмалар уақытында орындалды	Кішкене ауытқулар болды, бірақ негізгі мақсат орындалды	Уақыт тиімсіз бөлінді, сабақ соңында асығыс байқалды
4. Оқушының кері байланысын ұйымдастыру	Әр оқушыдан нақты кері байланыс алынды	Бірнеше оқушыдан кері байланыс алынды	Кері байланыс жүргізілмеді немесе әлсіз
5. Рефлексия жасау қабілеті	Өз іс-әрекетін нақты саралап, жақсарту жолдарын ұсынды	Рефлексия бар, бірақ толық емес	Рефлексия жасалмаған немесе формалды түрде

Ұсыныстар

Жас педагогтің кәсіби жолының басы – білім беру ұйымының қолдауы мен жүйелі тәлімгерлік жұмысының нәтижесіне тікелей байланысты. Бейімделу кезеңінде жас мұғалімге бағыт-бағдар беру арқылы оның шығармашылық әлеуетін ашуға және педагогикалық ортаға сенімді түрде ендіруге болады.

Зерттеуші В. А. Сластенин атап өткендей, «Жас педагогтің алғашқы жылдардағы табысты бейімделуі оның болашақ кәсіби шеберлігінің негізін қалайды».

Мұғалімнің үздіксіз дамуы – заманауи білім беру талаптарының басты шарты. Әсіресе, жас педагог үшін өзінің кәсіби болашағын жүйелі түрде жоспарлау – табысты маман болып қалыптасудың негізі.

Жас педагогтерді әдістемелік қолдау мен тәлімгерлік мәдениетін дамытуда бірнеше маңызды аспектілерге назар аудару қажет. Біріншіден, жас педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру үшін тиімді әдістемелік қолдауды ұйымдастыру, жеке даму жоспарын құру, оқу процесінде жаңартылған технологияларды пайдалану маңызды. Бұл олардың кәсіби әлеуетін ашуға, оқыту әдістемесін жетілдіруге және білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әдістемелік қолдау жас педагогтердің кәсіби өсуін қамтамасыз ететін, оқу бағдарламаларын терең меңгеруге, оқыту әдістерін тиімді қолдануға бағытталған болуы тиіс.

Екіншіден, тәжірибелі тәлімгерлердің қолдауымен педагогтердің кәсіби әлеуетін дамытуға жағдай жасау керек. Бұл процесте рефлексия, өзара тәжірибе алмасу және үздіксіз кәсіби даму принциптерін қолдану маңызды. Тәлімгерлік қатынас тек әдістемелік қолдау ғана емес, сонымен қатар, мотивация, психологиялық қолдау және жеке тұлғалық дамуға бағытталған. Тәлімгерлердің үлгісі жас педагогтердің кәсіби дағдыларын қалыптастыруға, өзін-өзі бағалау қабілетін арттыруға және болашақ мамандардың сенімділігін нығайтуға септігін тигізеді.

Жас мамандардың кәсіби бейімделуі олардың шығармашылық әлеуетін то-

лық іске асыруға мүмкіндік береді, ал тәлімгерлік мәдениет жас педагогтердің сенімділігін арттырып, олардың оқушылармен жұмыс сапасын жақсартады. Осы бағытта жүйелі қолдау көрсету білім беру сапасының жоғарылауына, кәсіби қоғамдастықтың нығаюына, оқушылардың оқу нәтижелерінің жақсаруына және жалпы мектеп мәдениетінің дамуына септігін тигізеді. Сонымен қатар, әрбір жас мұғалімнің жеке қабілеттерін ашуға мүмкіндік беретін ынталандырушы және қолдаушы орта қалыптастыру маңызды.

Қорытынды

Жас педагогтерді әдістемелік қолдау мен тәлімгерлік мәдениетін дамыту – білім беру сапасын арттырудың маңызды шарттарының бірі. Бұл үдеріс жас мұғалімдердің кәсіби өсуіне, педагогикалық шеберлігін жетілдіруге және шығармашылық әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тәлімгерлік мәдениеті жас педагогтердің өзіне деген сенімділігін нығайтып, оқыту процесіндегі қиындықтарды еңсеруге көмек береді.

Тиімді әдістемелік қолдау жас педагогтердің кәсіби дағдыларын жетілдіруге, оқыту әдістемесін заманауи талаптарға сай қалыптастыруға және кәсіби қоғамдастықты нығайтуға бағытталған. Тәлімгерлердің тәжірибесі мен қолдауы жас мамандардың кәсіби өсуіне үлкен септігін тигізіп, олардың мектеп мәдениетіне қосатын үлесін арттырады. Бұл өз кезегінде оқушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға, оқу ордасының жалпы білім беру сапасын көтеруге ықпал етеді.

Осы бағытта жүйелі қолдау көрсету және кәсіби өсуге ынталандыратын орта қалыптастыру – жас педагогтердің шығармашылық әлеуетін ашуға, оларды болашақ кәсіби көшбасшыларға айналдыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әдістемелік қолдау жүйесін үнемі жетілдіру және тәжірибелі тәлімгерлердің кәсіби тәжірибесін кеңінен қолдану педагогикалық шеберлікті дамытудың тиімді тәсілі болып табылады.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Исаева А.Б. «Педагогикалық тәжірибе негіздері». – Алматы: ЖШС «Білім», 2021. – 34 б.
2. Сейдахметова Л.М. «Білім беру процесіндегі әдістемелік қолдау». – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 56 б.
3. «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 бұйрығы (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020486>).
4. Garvey E. «The Mentoring Pocketbook». – Hants: Management Pocketbooks, 2006. – 19 б.
5. Сластенин В. А. «Педагогика». – Мәскеу: Академия, 2002. – 181 б.
6. Schön D. «The Reflective Practitioner». – New York: Basic Books, 1983. – 59 б.
7. Shulman L. S. «Knowledge and Teaching». – Harvard Educational Review, 1987. – 12 б.
8. Zwozdiak-Myers K. «The Teacher's Reflective Practice Handbook». – London: Routledge, 2012. – 84 б.
9. Sahlberg P. «Finnish Lessons». – New York: Teachers College Press, 2011. – 142 б.
10. Фишер А. «Professional Development for Teachers». – London: Routledge, 2019. – 72 б.
11. I.Rodgers C. R. «Freedom to Learn». – New York: Merrill, 1983. – 67 б.

СИСТЕМА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РОСТА МОЛОДЫХ ПЕДАГОГОВ: НАСТАВНИЧЕСТВО И ПОДДЕРЖКА

Турапбаева А.Т., Лесбекова Ж.Ж., Молдахалыкова Ш.Т.

КГУ «Гимназия имени Гани Муратбаева отдела образования Байзакского района управления образования акимата Жамбылской области»

Аннотация. В статье рассматривается организационная система системы наставничества как основной механизм профессионального развития молодых педагогов. Авторы подробно описывают три основных этапа процесса наставничества и предлагают отношения между наставником и молодым педагогом, основанные на взаимном доверии, практические модели наблюдения за уроками и рефлексии после уроков. Также были изучены принципы и цели и задачи профессионального роста, непрерывного развития и сбора портфолио молодого специалиста.

Надеемся, что данная статья будет полезна руководителям организаций среднего образования, заместителям директоров по учебной работе, педагогам всех категорий и методистам.

Ключевые слова: наставничество, профессиональный рост, методическая поддержка, непрерывное развитие, педагогический опыт.

THE SYSTEM OF PROFESSIONAL GROWTH OF YOUNG TEACHERS: MENTORING AND SUPPORT

Turapbaeva A.T., Lesbekova Zh.Zh., Moldakhalykova Sh.T.

KSU «Gymnasium named after Gani Muratbayev of the Department of Education of the Bayzak district of the Department of Education of the Akimat of Zhambyl region»

Annotation. The article considers the organizational system of the mentoring system as the main mechanism of professional development of young teachers. The authors describe in detail the three main stages of the mentoring process and propose a relationship between a mentor and a young teacher based on mutual trust, practical models of lesson observation and reflection after lessons. The principles and goals and objectives of professional growth, continuous development and portfolio collection of a young specialist were also studied. We hope that this article will be useful to heads of secondary education organizations, deputy directors of academic affairs, teachers of all categories and methodologists.

Keywords: mentoring, professional growth, methodological support, continuous development, pedagogical experience.

ГРНТИ 12.51.01

ИНТЕГРАЦИЯ НАУЧНОГО ПРОЕКТИРОВАНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС КОЛЛЕДЖА

Хусаинова С.К.

Многопрофильный колледж при НАО «Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова», г. Кокшетау

Аннотация.

В статье анализируется опыт внедрения авторской программы «Основы научного проектирования» в образовательную практику колледжа. Рассматриваются цели и задачи программы, её структура, а также результаты, достигнутые студентами в процессе обучения. Особое внимание уделяется развитию исследовательских и аналитических компетенций, формированию навыков самостоятельного поиска и обработки информации, а также повышению мотивации студентов к участию в научных проектах и конференциях.

Ключевые слова:

научное проектирование, авторская программа, исследовательская деятельность студентов, формирование компетенций, аналитическое мышление.

Введение

В условиях динамично меняющегося рынка труда и требований к профессиональной подготовке особую значимость приобретает способность выпускника самостоятельно выявлять проблему, проводить целенаправленный поиск информации, критически её анализировать и предлагать аргументированные решения. Согласно Концепции развития образования 2023-2029, образовательная политика ориентирована на внедрение инновационных методов и технологии, что создаёт нормативную основу для интеграции научно-исследовательских проектов в систему профессионального образования [1]

Цель статьи – проанализировать педагогические основы внедрения метода проектов в систему профессионального образования, выявить его потенциал в развитии исследовательских компетенций студентов и показать практическую реализацию на примере авторской про-

граммы «Основы научного проектирования».

Задачи исследования:

1. Рассмотреть нормативно-правовую базу и концептуальные основы интеграции проектной деятельности в образовательный процесс.
2. Охарактеризовать метод проектов как современную педагогическую технологию.
3. Представить опыт внедрения авторской программы «Основы научного проектирования» и обозначить результаты её реализации.

Проектный метод рассматривается в педагогике как технология обучения, при которой учащиеся вовлекаются в целенаправленную деятельность по решению практически значимой проблемы; в результате процесса обучающиеся получают не только продукт, но и формируют комплекс умений и компетенций. Совре-

менные исследования и обзоры подчёркивают, что проектная деятельность повышает мотивацию, развивает критическое мышление и коммуникативные навыки, а также способствует формированию «учебной самостоятельности» учащихся.

Классические позиции в теории деятельности также подтверждают значение проблемности и целевой активности в обучении: обучение через деятельность, постановку задачи и её решение формирует более глубокое понимание и устойчивые навыки. В российско-казахстанской практической и методической литературе подчёркивается, что метод проектов органично сочетается с компетентностным подходом и может служить связующим звеном между теорией и профессиональной практикой. По мнению Г.К. Селевко, «метод проектов ориентирован на интерес, на творческую самореализацию развивающейся личности ученика, развитие его интеллектуальных и физических возможностей, волевых качеств и творческих способностей в деятельности по решению какой-либо интересующей его проблемы» [2; 229].

Что обозначает термин «проект»? Само слово «проект» происходит от латинского и буквально переводится как «брошенный вперёд». Существует несколько трактовок термина «проект», и каждая из них является обоснованной и имеет свою ценность: «Проект – это ограниченное во времени целенаправленное изменение отдельной системы с установленными требованиями к качеству результатов, возможными рамками расхода средств и ресурсов и специфической организацией» [3; 188]. В методических материалах Всемирного банка данное понятие определяется так: «Проект – это комплекс взаимосвязанных мероприятий, предназначенных для достижения в течение заданного периода времени и при установленном бюджете поставленных задач с четкими определенными целями» [4]. Еще одно определение звучит следующим образом: «Проект – это строго выстроенный план действий по решению конкретной сложной задачи, требующий взаимодействия только внутри нее» [5]

Учебный проект представляет собой завершённый продукт, созданный обучающимися на основе собственной инициативы – от зарождения идеи до её практической реализации. Он может носить как материальный, так и интеллектуальный характер, содержать оригинальные элементы и выполняться при методической и консультационной поддержке преподавателя. При этом «учебный проект с точки зрения учителя – дидактическое средство, позволяющее обучать проектированию, т.е. целенаправленной деятельности по нахождению способа решения проблемы путем решения задач, вытекающих из этой проблемы при рассмотрении ее в определенной ситуации» [6; 20].

Таким образом, учебный исследовательский проект рассматривается как значимая форма образовательной деятельности, позволяющая сочетать инициативу обучающихся с педагогическим сопровождением и направленная на развитие умений самостоятельного поиска решений. По словам Е. С. Полат, проектная деятельность – это особый вид образовательного процесса, когда мы не просто выполняем задания, а ставим перед собой цель и достигаем её. Работая самостоятельно или в группе, мы ищем информацию, анализируем её и применяем на практике [7]. Важно, что результатом становится не только знание, но и конкретный продукт нашей работы.

Данная концепция легла в основу авторской программы по дисциплине «Основы научного проектирования», разработанной с учётом приоритетов, определённых в Государственном общеобязательном стандарте образования Республики Казахстан для системы технического и профессионального образования.

Методика

Программа «Основы научного проектирования» выстроена по принципу «от теории к практике» и включает три блока:

1. Теоретический блок – знакомство с понятийным аппаратом исследования, методологией постановки на-

учной проблемы, обзором методов сбора и анализа данных, правилами академического оформления работы и этики научной деятельности.

2. Практический блок – выполнение учебных проектов в группах и индивидуально: формулировка темы, постановка целей и задач, подбор методики исследования, сбор и анализ данных, оформление результатов.
3. Презентационно-репрезентативный блок – подготовка к публичной защите, составление аннотаций и тезисов, оформление портфолио, подготовка материалов для участия в конференциях и конкурсах.

Особое внимание уделено разработке заданий в рамках КСП на основе таксономии Блума, что позволяет выстраивать учебный процесс по уровням сложности: от воспроизведения знаний до анализа, синтеза и создания новых идей. Такой подход способствует формированию у студентов критического и аналитического мышления, а также обеспечивает поэтапное развитие исследовательских навыков.


Кроме того, значимым компонентом программы является развитие читательской

грамотности, которая рассматривается как базовое условие успешного овладения исследовательскими и проектными умениями. Работа с текстами различного типа, их интерпретация, критический анализ и использование в собственных исследованиях формируют у студентов умение работать с информацией в широком образовательном и профессиональном контексте.

Программа готовит студентов к выполнению выпускной квалификационной работы, участию в конференциях, конкурсах и научно-практических форумах. В конечном итоге это способствует формированию конкурентоспособного, творчески мыслящего педагога-исследователя, способного интегрировать научные знания и педагогическую практику в будущей профессиональной деятельности.

Реализация программы за три года (72 студента) дала следующие стабильные результаты:

- 100% обучающихся выполнили и успешно защитили учебные проекты, что говорит о продуманной методической поддержке и организационной структурированности процесса.




- Ежегодное участие в конкурсах/конференциях: от каждой группы по 3 представителя (всего за период – 9 ко-

манд/год) – проекты регулярно занимали призовые места (I–II степени).



- Развитие ключевых компетенций: аналитическое мышление (поиск и критическая обработка информации), коммуникативные навыки (работа в команде, публичная защита), цифровая грамотность (использование ИКТ для сбора и визуализации данных), исследовательская культура (формулирование гипотез, обоснование выводов).

- Мотивационные эффекты: по результатам анонимного анкетирования более 80% студентов отметили повышение уверенности в собственных академических и профессиональных возможностях и улучшение готовности к написанию курсовых работ.



Эти результаты коррелируют с выводами исследований, указывающих на положительное влияние проектной деятельности на мотивацию и качество подготовки обучающихся.

В ходе реализации были выявлены типичные барьеры: ограниченные материально-технические ресурсы, различный

уровень исходной подготовки студентов, а также необходимость повышения квалификации преподавателей в области научного сопровождения проектов. Решения, показавшие свою работоспособность в рамках программы:

- признание проектной работы как оценочного компонента учебной дис-

циплины (включение в оценочный модуль), что повышает ответственность студентов;

- ▶ поэтапная методическая поддержка (семинары по исследовательским навыкам, консультации по методике и статистике, практикумы по оформлению научных материалов);
- ▶ создание локальных партнёрств с профильными кафедрами вузов и учреждениями для привлечения экспертов и расширения возможности публикации и участия в научных событиях;
- ▶ использование доступных цифровых инструментов (облачные хранилища, совместные редакторы, инструменты визуализации) для организации совместной работы и презентации результатов.

Такие меры согласуются с рекомендациями по масштабированию проектного обучения, отмечаемыми в методических обзорах.

Рекомендации

- 1) Организовывать проектную деятельность поэтапно (от освоения методики до публичной защиты), опираясь на таксономию Блума для постепенного усложнения заданий – от воспроизведения знаний до анализа, синтеза и создания новых идей.
- 2) Развивать читательскую грамотность студентов через работу с различными типами текстов, их критический анализ и интерпретацию, что является базой для успешного выполнения исследовательских проектов.
- 3) Включать проекты в систему оценивания и сопровождать их методически, обеспечивая поддержку на всех этапах работы и создавая условия для формирования устойчивой мотивации.

Заключение

Интеграция научного проектирования в образовательный процесс колледжа показала высокую эффективность в разви-

тии исследовательских и аналитических компетенций студентов. Опора на таксономию Блума обеспечивает постепенное усложнение заданий и системное формирование навыков, а работа над читательской грамотностью создаёт фундамент для успешной исследовательской деятельности. Реализация программы «Основы научного проектирования» доказала, что проектный метод способствует не только овладению теоретическими знаниями, но и развитию практических умений, необходимых будущему педагогу. Полученные результаты подтверждают целесообразность масштабирования данной практики в системе технического и профессионального образования, что соответствует приоритетам национальной образовательной политики Казахстана.

Список использованных источников

1. Об утверждении Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023-2029 годы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>
2. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий: В 2-х т. Т.1. – М., 2006.
3. Бурков В.Н., Новиков Д.А. Как управлять проектами. – М., 1997
4. Романова М.В. Управление проектами: Учеб. пособие. – М., 2009.
5. <https://corpsys.ru/guide-38.aspx>
6. Пахомова И. Ю. Метод учебного проекта в образовательном учреждении. – М., 2003
7. Полат Е. С. Новая педагогика: проектные методы обучения. – М., 2000.
8. Дорджиева М. В. Сущность технологии проектной деятельности // «Актуальные исследования», №50 (129), декабрь 2022. URL: <https://apni.ru/article/5172-sushchnost-tekhnologii-proektnoj-deyatelnosti>. Аппи
9. Полат Е. С. Метод проектов: история и теория вопроса. (обзор и публикации): см. материалы в сборнике «Современные педагогические и информационные технологии в системе образования». URL: <https://dspace.kpfu.ru/xmlui/bitstream/...> (обзор). Казанский университет Е-архив+1
10. Обзорные материалы и методические статьи по проектной деятельности: «Проектная деятельность как средство формирования...», «Техноло-

- гия проектного обучения на уроках математики» и др. (APNI и другие ресурсы). Примеры: <https://apni.ru/article/3902-proektnaya-deyatelnost-kak-sredstvo-formirov/>; <https://apni.ru/article/7283-tekhnologiya-proektnogo-obucheniya-na-urokakh>.
11. Мынбаева А.К. Организация и планирование научных исследований – Алматы, 2017
 12. Айтбаева А. Русский язык в Казахстане: проблемы и перспективы. – Алматы: КазНУ, 2018.
 13. Бейсенбаева А. Методология педагогического исследования. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
 14. Щукин Г. И. Образование и педагогика: теория и практика исследования. – М.: Юрайт, 2010.

КОЛЛЕДЖДІҢ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАУДЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

Хусаинова С.К.

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ жанындағы көпсалалы колледжі, Көкшетау қ.

Аңдатпа. Мақалада колледждің білім беру тәжірибесіне «Ғылыми жобалаудың негіздері» авторлық бағдарламасын енгізу тәжірибесі талданады. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері, оның құрылымы, сондай-ақ оқу барысында студенттердің қол жеткізген нәтижелері қарастырылады. Ерекше назар зерттеу және талдау құзыреттерін дамытуға, ақпаратты өздігінен іздеу және өңдеу дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ студенттердің ғылыми жобалар мен конференцияларға қатысуға деген уәждемесін арттыруға аударылады.

Түйінді сөздер: ғылыми жобалау; авторлық бағдарламасы; студенттердің зерттеу қызметі; құзыреттерді қалыптастыру; талдамалық ойлау.

● INTEGRATION OF SCIENTIFIC PROJECT DESIGN INTO THE EDUCATIONAL PROCESS OF THE COLLEGE

Khussainova S.K.

Multidisciplinary college at the NAJ "Sh.Ualikhanov Kokshetau University", Kokshetau

Abstract. This article analyzes the implementation of the original "Basics of Scientific Design" program in the college's educational practices. It examines the program's goals and objectives, its structure, and the student achievements. Particular attention is paid to developing research and analytical competencies, developing skills for independent search and processing of information, and increasing students' motivation to participate in research projects and conferences.

Keywords: scientific project design; author program; student research activities; competency development; analytical thinking.



FTAMP 14.33.19

**ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ
ОНЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ
САУАТТЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ****Ахмадиева М.Б.**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай жоғары политехникалық колледжі» КМҚК, Қостанай қ.

Аңдатпа.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау құқықтық саланың басым бағыттардың бірі болып табылады. Мақаланың мақсаты - білім алушылардың зияткерлік меншікті қорғау дағдыларын қалыптастырудың негізгі көрсеткіштерін айқындау. Осы мақсатқа жету үшін автор әзірлеген патенттік құжаттаманы талдау және құрастыру әдістемесі қолданылды, оны білім алушылар курс соңында меңгерді. Көпжылдық педагогикалық тәжірибеге сүйене отырып жүргізілген зерттеу нәтижелері білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен патенттік құқыққа деген қызығушылығының артқанын көрсетті. Ұсынылған педагогикалық зеттеу кәсіпкерлермен жұмыс істейтін тәрбиешілерге, зияткерлік меншік саласының мамандарына және тренерлерге білім алушылардың құқықтық мәдениетін дамытуда пайдалы бола алады.

Түйінді сөздер:

зияткерлік меншік, патенттер, лицензиялар, авторлық құқықтар.

Кіріспе

Патенттік құқық тақырыбының өзектілігі инновациялық тәсілдер мен зияткерлік шешімдерді қорғауды талап ететін

заманауи экономикалық міндеттермен анықталады. Технологиялық және ғылыми жедел өзгерістер жағдайында жаңа техникалар мен технологияларды әзірле-

уге ғана емес, сонымен қатар зияткерлік қызмет нәтижелерін сауатты түрде ресімдеуге және қорғауға қабілетті мамандарды тартпай, елді табысты жаңғырту мүмкін емес.

Патенттік құқық саласындағы заманауи маман құқық және технология саласындағы терең білімді біріктіріп, аналитикалық және құжат айналымы дағдыларына ие болуы керек. Осы орайда оқу орындарында, әсіресе колледж деңгейінде кадрларды сапалы дайындау ерекше маңызға ие. Түлектердің жаһандық өзгерістерге бейімделуі және инновациялар негізінде дамуы олардың дайындық деңгейіне байланысты.

Инновациялық-цифрлық саланы дамытудың негізгі бағыттарының бірі зияткерлік меншікті қорғау мәдениетін қалыптастыру және патенттік құқық саласындағы құқықтық сауаттылықты дамыту болып табылады. Цифрлық трансформация және инновациялық идеялардың қарқынды өсуі жағдайында жастарды жаңа өнім жасап қана қоймай, өз әзірлемелерін заңды түрде қорғай білуге үйрету ерекше маңызды.

Патенттік құқық бүгінде құқықтық білімнің жай ғана саласы емес, авторларға өз құқықтарын сақтауға, идеялардың құндылығын арттыруға және білім экономикасына қатысуға мүмкіндік беретін стратегиялық құрал болып табылады. Патенттік талдаудың, өтінім берудің және құқықтық қорғау тетіктерін түсінудің негіздерін игерген мамандар академиялық қызметте де, кәсіпкерлік қызметте де айтарлықтай артықшылыққа ие болады.

Патенттік құқық бойынша білім беру үйірмесін құру – жаңашыл ойлауға ғана емес, идеялар мен технологиялар нарығында өз мүдделерін сауатты қорғауға қабілетті ұрпақты қалыптастыру жолындағы маңызды қадам болып табылды. Ибрагимова А.[1] авторлық құқықтарды қорғау және тауар белгісінің күші және оның қоғамда мойындалуын зерттеді. Карпушина С.И.[2] зияткерлік меншікті қорғау тәсілдері және патенттеу әдістерін қарастырды. Нюсупов С.[3] патенттердің дамуын олардың тарихи бастауынан бүгінгі күнге дейінгі кезеңде талдады. Таймерденова А.[4]

Қазақстан Республикасындағы тауар таңбасын тіркеу мәселелерін зерттеді.

Зерттеулер көрсеткендей, білім алушылардың айтарлықтай бөлігі зияткерлік меншік және тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша жеткілікті түрде хабардар емес. Білім беру үдерісінде практикалық бағыттың жоқтығы, сондай-ақ кәсіби кеңестерге қолжетімділіктің шектелуі, әсіресе цифрлық экономика мен тұтынушылық ортаға белсенді қатысу жағдайында азаматтардың құқықтық осалдығын қалыптастыруға әкеледі.

Құқықтық сауаттылықты арттырудың және осы саладағы практикалық дағдыларды дамытудың тиімді құралы – колледжде құрылған «Интеллект және құқық» білім алушылардың үйірмесіндегі жұмыс. Үйірме – қатысушылар патенттік құқық негіздерін зерттейтін, өнертабысқа өтінім беруді үйренетін, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау стратегияларын әзірлейтін және әртүрлі салалардағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау тетіктерімен танысатын білім беру алаңы.

Осыған байланысты, зерттеудің мақсаты - үшінші және төртінші курс білім алушылары арасында патенттік құқық және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы құқықтық мәдениет пен практикалық құзыреттерді дамыту.

Зерттеудің міндеттері:

1. білім алушылардың білім деңгейін анықтау;
2. үйірме қызметін оқу үдерісіне кіріктіру;
3. тақырыптық семинарлар мен шеберлік сабақтарын өткізу;
4. сыныптан тыс жұмыс түрі ретінде үйірменің тиімділігін бағалау.

Әдістеме

Патенттік заңнаманы дамытудың маңызды бағыттарының бірі инновациялық патентті енгізу болып табылады, бұл туралы И.Никитина [5] «Қазақстан Республикасының инновациялық патенті – Қазақстан

Республикасының патенттік құқығының инновациясы» атты еңбегінде атап өтті. Автор патенттің бұл түрі техникалық шешімдерді құқықтық қорғау процедура-сын жеңілдететінін және өнертапқыштық белсенділікті, әсіресе жастар мен жаңадан әзірлеушілер арасында ынталандыруға көмектесетінін атап көрсетеді. Бұл патенттік құқықты зерттеуді инновациялық құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған білім беру ортасында ерекше маңызды етеді.

Патенттік құқық бойынша жұмыс әдістемесі білім алушыларын құқықтық және интеллектуалдық мәдениетін дамытудың тиімді жолы болып табылады. Ол аналитикалық және сыни ойлауды және зияткерлік қызмет нәтижелерін қалыптастыру алгоритмін дамытуға ықпал етеді. Білім алушылар өнертабыстарды патенттеу рәсімі ғана емес, сонымен қатар қазіргі инновациялық нарық жағдайында маңызды болып табылатын зияткерлік меншікті құқықтық қорғау принциптерін меңгереді.

Патенттік іздеу саласындағы практикалық дағдыларды дамытуға, техникалық шешімдердің жаңалығы мен түпнұсқалығын бағалауға, сондай-ақ өнертабысты коммерцияландыру тетіктерін түсінуге ерекше көңіл бөлінеді. Бұл сапасыз немесе заңсыз өнімді пайдалану, өнімнің бірегейлігін бұрмалау немесе контрафактілік өнімдерді сату сияқты тұтынушылардың құқықтарын бұзудың алдын алу үшін өте маңызды.

Патенттік құқық саласындағы құзыреттерді дамыту болашақ мамандардың негізделген шешім қабылдау қабілетін нығайтады, инновацияларды құқықтық қорғауды қамтамасыз етеді және сонымен бірге тұтынушының жауапты мінез - құлқын қалыптастыруға ықпал етеді [6].

Осы тақырып бойынша зерттеу жүргізу үшін Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Қостанай политехникалық жоғары колледжі» мемлекеттік кәсіпорнының базасында «Стандарттау, метрология және сертификаттау» және «Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» мамандықтары бойынша 3-4 курс білім алушыларына (18-19 жас аралығындағы 25 адам) динамикалық бақы-

лау жүргізілді.

Білім алушылардың құқықтық және интеллектуалдық мәдениетін дамытудың бастапқы деңгейі диагностикалық әдістер кешенінің негізінде анықталды:

- 1) Патенттеу және лицензиялау саласындағы құқықтық нормаларды білу бойынша сауалнама;
- 2) Зияткерлік меншікті қорғаудың проблемалық жағдайлары;
- 3) Әлеуметтік серіктестер базасында жергілікті кездесулер.
- 4) Өзін-өзі бағалау және кері байланыс

Нәтижелер келесідей бағаланды:

4 ұпай: Жоғары деңгей – білім алушылар ерекше дағдыларын көрсетті және тапсырмаларды толық орындады.

3 ұпай: Орташа деңгей – білім алушылар барлық тапсырмаларды қолайлы деңгейде орындады, бірақ тамаша нәтижелерсіз.

2 ұпай: Төмен деңгей – білім алушылар тапсырмаларды орындауда қиындықтарға тап болып, шектеулі дағдыларын көрсетті.

1 ұпай: Өте төмен деңгей – білім алушылар барлық тапсырмаларды орындай алмады немесе орындаудан бас тартты.

Жалпы деңгей диагностикалық әдістің барлық тапсырмалары бойынша ұпайлардың қосындысымен анықталады.

Бастапқы диагностика нәтижелері білім алушылары білім алушылардың патенттік құқық және зияткерлік меншікті құқықтық қорғау саласындағы білім деңгейінің төмен екендігін көрсетті. Авторлық және патенттік құқықтарды қорғау тетіктері, өнертабыстарды коммерцияландыру процесі туралы бұрмаланған идеялар да анықталды. Білім алушылар патенттік зерттеулер жүргізу, патент бостандығын талдау, патенттік өтінімдерді беру және зияткерлік меншік құқықтарын халықаралық деңгейде қорғау стратегиялары сияқты патенттеудің күрделі аспектілерін түсінуде қиындықтарға тап болды.

Патенттік құқық бұзушылықтың құқықтық салдарын түсіну, патенттік деректер қорын және патент қабілеттілігін бағалау құралдарын пайдалану әсіресе қиын болды. Патенттік өтінімдерді әзірлеуде және зияткерлік меншіктің тез өзгеретін талаптарына бейімделуде қиындықтар анықталды. Негізгі проблемалар патенттік сараптама саласындағы практикалық тәжірибенің жоқтығына, сондай-ақ инновациялық шешімдерді әзірлеуге және қорғауға сенімсіздікке қатысты болды.

Бұл нәтижелер зияткерлік меншікті қорғау саласындағы практикалық құзыреттіліктер мен құқықтық сауаттылықты дамытуға баса назар аударып, патенттік құқық саласында білім алушылардың білім беру дайындығын күшейту қажеттілігін көрсетеді. («Бұрын» деп белгіленген 1-6 кестелер).

Практикада қолдану

Зерттеу барысында 3-4 курс білім алушылары үшін патенттік құқық саласында тәжірибеге бағытталған оқу жұмыстары ұйымдастырылды.

Оның мақсаты – зияткерлік меншік объектілерін тіркеу дағдыларын дамыту, патенттік құжаттармен жұмыс істеу тәжібересін меңгерту және тұтынушылардың құқықтарын қорғау тетіктерін тусіндіру болды.

Сыныптан тыс жұмыс алаңы ретінде «Интеллект және құқық» үйірмесіне 25 білім алушылар қатысты (жасы 18-19). Сабақтар аптасына екі рет өткізіліп, онда зияткерлік құқықтарды қорғаудың негізгі бағыттары, авторлық құқықтың бұзылуы, заңнамалық істерді талдау, сонда ақ әлеуметтік серіктестермен кездесулер қамтылды.

Практикалық жұмыстарға патенттік зерттеулер жүргізу, құқықтық жағдайларды талдау және өзін-өзі бағалау элементтері кірді. Нәтижесінде білім алушылар теориялық білімдерін нақты жағдаяттарға қолдана алды, бұл олардың құқықтық сауаттылығы мен зияткерлік мәдениетінің артуына ықпал етті.

Проблемалық жағдайдың мысалы: кәсіпорында патенттелген технологияны заңсыз пайдалану.

Машина жасау зауытында техникалық әзірлеу бөлімінің инженері ұсынған бөлшектерді суытудың жаңа әдісі енгізілді. Кейінірек бұл технологияны басқа компания патенттеп, өнертабыстардың мемлекеттік тізіліміне енгізгені белгілі болды. Нәтижесінде патент иесі компанияға патенттелген шешімді заңсыз пайдаланғаны үшін шағым түсіріп, келтірілген шығынды өтеуді талап етті. Компания басшылығы бұл технологияны ішкі мамандар әзірлегенін және басқа ұйымның патентінен бейхабар екенін алға тартты.

Білім алушыларға тапсырма:

- Қандай құқықтар бұзылғанын және кәсіпорын үшін қандай салдар болуы мүмкін екенін анықтау;
- Бұзушылық фактісін анықтау үшін кәсіпорынның технологиясына және патенттік сипаттамасына салыстырмалы талдау жүргізу;
- Болашақта осындай жағдайлардың алдын алу үшін ұсыныстар әзірлеу.

1. Әлеуметтік серіктестер базасында жергілікті кездесулер.

Білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестері болып табылатын кәсіпорындар мен мекемелерде алаңнан тыс кездесулер ұйымдастыру білім алушыларының қолданбалы дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Мұндай іс-шаралар білім алушыларға нақты өндірістік немесе кәсіпкерлік ортамен танысып қана қоймай, сонымен қатар зияткерлік меншікті және тұтынушылардың құқықтарын құқықтық қорғау тетіктерінің қалай жүзеге асырылып жатқанын іс жүзінде көруге мүмкіндік береді.

Сайттан тыс кездесулер кезінде білім алушылардың мүмкіндігі бар:

- өнертабыстарды патенттеу және техникалық құжаттамаларды дайындау процесін қадағалау;
- тауар белгілерін, авторлық құқықтарды және басқа да зияткерлік меншік объектілерін тіркеу тәртібін зерделеу;
- патенттік құқық бұзушылыққа байланысты нақты қайшылықтардың

мысалдарымен және оларды шешу жолдарымен танысу;

- ▶ тұтынушылардың құқықтарын қорғау және бизнестегі заңнамалық нормаларды сақтау бойынша корпоративтік саясат туралы білу;
- ▶ заңгерлермен, патенттік сенім білдірілген өкілдермен, маркетинг және инновациялық бөлімдердің өкілдерімен қарым-қатынас жасау, бұл кәсіптік бағдарлануға ықпал етеді.

Мұндай кездесулер білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттырады, теориялық білімдерін практикаға көшіруге ықпал етеді, нақты өндірістік жағдайларда құқықтық нормаларды қолдану қабілетін дамытады.

2. Өзін-өзі бағалау және кері байланыс білім алушылардың патенттік және құқықтық сауаттылығын дамыту құралы ретінде.

Өзін-өзі бағалау және кері байланыс жүйесі білім алушылардың патенттік құқық және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы құзыреттерін дамытуға бағытталған оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл тәсіл адамның өз білімінің деңгейін білуге ықпал етеді, олқылықтарды анықтауға және одан әрі кәсіби даму бағыттарын анықтауға көмектеседі.

Тапсырмаларды орындағаннан кейін, мысалы, өз жобасы үшін зияткерлік меншікті қорғау үлгісін жасау немесе тұтынушылардың құқықтарын бұзу жағдайын талдау - білім алушылар өздерінің нұсқаушыларынан жан-жақты кері байланыс алады. Сондай-ақ олар өз жұмыстарын өз бетінше бағалайды, бұл сыни ойлауды дамытуға және нәтиже үшін жауапкершілікке ықпал етеді.

Өзін-өзі бағалау және кері байланыс үдерісіндегі қадамдар:

- ▶ Жобаның тұсаукесері немесе жағдайды талдау. Білім алушылар зияткерлік құқықтарды (мысалы, өнертабысты патенттеу, тауар бел-

гісін тіркеу, жосықсыз бәсекеден қорғау, тұтынушылардың даулары) қорғауға қатысты жобаларын немесе зерттеулерін ұсынады.

- ▶ Өзін-өзі бағалау. Презентациядан кейін әрбір білім алушылар орындалған жұмыстың күшті жақтарын (мысалы, нақты құрылым, идеяның түпнұсқалығы, құқықтық ұстанымның негізділігі) және өсу бағыттарын (заңнамалық актілердің толық қамтылмауы, аналогтардың талданбауы, дәлелдердің әлсіздігі) атап өтіп, өзіндік талдау жасайды.
- ▶ Мұғалімдер мен аудиториядан кері байланыс. Мұғалім мен білім алушылар құқықтық негіздемелердің дұрыстығын, патенттік немесе тұтынушылық ұғымдарды қолдану сауаттылығын және қорытындылардың негізділігін көрсете отырып, сындарлы кері байланыс жасайды.
- ▶ Ашық пікірталас. Жобаларды және сот істерін талқылау ашық диалог түрінде өтеді. Білім алушылар тәсілдерді салыстырады, құқықтық мәселелерді шешуде тәжірибе алмасады, нормалар мен принциптерді түсіндіруді нақтылайды.
- ▶ Рефлексия және дамуды жоспарлау. Қорытынды кезеңде білім алушылар қорытындыларды тұжырымдайды және патенттік құқық тұтынушылар құқығы саласындағы білімдерін тереңдету, сондай-ақ құқықтық талдау, дәлелдеу және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын жетілдіру бойынша қадамдарды белгілейді.

Қалыптастыру жұмыстары жүргізілгеннен кейін зияткерлік меншік саласындағы құқықтық сауаттылыққа қызығушылықтың жоғарылау деңгейіне және тұтынушылардың құқықтарын қорғау тетіктерін түсінуге бақылау зерттеуі жүргізілді («Кейін» белгісімен 1-6 белгіленген кесте, графикалық түрдегі диагностикалық нәтижелер «Бұрын» және «Кейін» 1-6 суреттерде қоса берілген)

Кесте-1. Зияткерлік меншік саласындағы құқықтық сауаттылық дағдыларының даму деңгейі және бағалау сауалнамасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау тетіктерін түсіну

Деңгей	Бұрын		Кейін	
	Білім алушының саны	%	Білім алушының саны	%
Жоғары	1	4	6	24
Орташа	1	4	10	40
Қысқа	5	20	8	32
Өте төмен	18	72	1	4

Кесте-2. Зияткерлік меншікті қорғау бойынша проблемалық жағдайлармен жұмыс деңгейі


Деңгей	Бұрын		Кейін	
	Білім алушының саны	%	Білім алушының саны	%
Жоғары	1	4	8	32
Орташа	5	20	6	24
Қысқа	12	48	11	44
Өте төмен	7	28	0	0

Кесте-3. Әлеуметтік серіктестер базасында жергілікті кездесулер


Деңгей	Бұрын		Кейін	
	Білім алушының саны	%	Білім алушының саны	%
Жоғары	2	8	10	40
Орташа	3	12	9	36
Қысқа	5	20	6	24
Өте төмен	15	60	0	0

Кесте-4. Бақылау деңгейі өзін-өзі бағалау және кері байланыс


Деңгей	Бұрын		Кейін	
	Білім алушының саны	%	Білім алушының саны	%
Жоғары	1	4	12	48
Орташа	3	12	4	16
Қысқа	5	40	5	20
Өте төмен	16	64	4	16




Сурет-1. Зияткерлік меншік саласындағы құқықтық сауаттылық дағдыларының даму деңгейі және бағалау сауалнамасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау тетіктерін түсіну



Сурет-2. Зияткерлік меншік саласындағы проблемалық жағдайлармен жұмыс деңгейі



Сурет-3. Әлеуметтік серіктестерге негізделген сайттан тыс кездесулер



Сурет-4. Басқару деңгейі бар өзін-өзі бағалау және кері байланыс

Нәтижесінде, кейбір білім алушылардың зияткерлік меншік саласындағы құқықтық сауаттылық деңгейінің төмендігімен байланысты проблемалардың жалғасуына қарамастан, олардың көпшілігі оң динамика көрсетті. Бұл «Интеллект және құқық» үйірмесінің тұрақты жұмысы осы дағдыларды жетілдіруге және осы салаға тұрақты қызығушылықты дамытуға көмектесетінін растайды.

Ұсыныстар

Патенттік құқық пен зияткерлік меншікті қорғау саласындағы білімді жетілдіру үшін келесі ұсыныстарды жүзеге асыру орынды:

1. Зияткерлік меншікті қорғауға қатысты нақты істерді таңдап, білім алушылардың дайындық деңгейіне сәйкес теория мен практиканы үйлестіру;
2. Білім алушыларға патенттеу, тауар таңбасын тіркеу және авторлық құқықты қорғау бойынша теориялық білімдерін қолдану мүмкіндігін беру, оларды нақты инновациялық жобаларды қорғау тәжірибесімен байланыстыру;
3. Тәжірибелі зияткерлік меншік мамандарын шақырып, дәрістер, тәжірибе алмасу және практикалық кеңестер ұйымдастыру;

4. Кері байланыс пен өзін-өзі бағалау жүйесін енгізу арқылы білім алушылардың құқықтық түсініктерін жетілдіру және патенттік құқық саласындағы дағдыларын нығайту.

Сонымен қатар, бұл әдістеменің шектеулері бар. Кейбір білім беру мекемелерінде ресурстардың жеткіліксіздігі терең зерттеу жүргізуге және толыққанды патенттеу үдерісін жүзеге асыруға кедергі келтіреді. Мұндай шектеулер білім алушылардың жобаларының көлемі мен әртүрлілігіне әсер етуі мүмкін.

Қорытынды

Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде жобалық оқытуды енгізу мақсатында «NAN&SARQYT» бастамасы қолға алынды. Бұл жобаға «07210300 – Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» мамандық студенттері қатысып, өздерінің кәсіби дағдыларын нақты өнім арқылы дамытты. Студенттер ашымалды қамыр негізінде түрлі нан өнімдерін әзірлеуді үйренді: шпинат,

қызылша қосылған және классикалық бауырсақтар, мини багеттер, брускетта, канпе және құрғақ қытырлақ нан түрлері. Сондай-ақ жобаның мақсаттарына ашымалмен нан рецептерін әзірлеу, мақсатты аудиторияны талдау, орап-қаптау қораптарын жасау және өнімді ұсыну жатады. Бұл бағытта жұмыс істеу барысында біз жобалық оқытудың студенттердің кәсіби шеберлігін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, жауапкершілік пен командалық жұмысқа бейімдеуге едәуір ықпал ететінін байқадық. Сонымен қатар жоба нақты өндірістік жағдайларға жақын ортада білім алуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде еңбек нарығына бейімделген, бәсекеге қабілетті маман даярлауға жол ашады.

«NAN&SARQYT» жобасының апробациясы Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде 2024-2025 оқу жылының 1 семестрінде өтті. Жоба барысында студенттер түрлі ашытқы нан өнімдерін әзірлеп, маркетингтік зерттеулер жүргізді, экологиялық қаптама дайындады және тұтынушылардың пікірін талдады.

Тұтынушылардың кері байланысы

Жобаның нарыққа бейімділігін бағалау мақсатында тұтынушылардан кері байланыс жинауға бағытталған зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл зерттеу жобалық өнімнің сапасын, бағасын және тұтынушылық сұранысқа сәйкестігін айқындауға мүмкіндік берді.

Бағалау жұмысының бірінші кезеңінде сауалнама әдісі қолданылды. Сауалнамаға 100 респондент қатысып, олардан өнімнің сапасы, бағасы және күнделікті қажеттілігі бойынша пікірлері алынды. Жиналған деректер жобаның тұтынушылық тартымдылығын саралауға негіз болды.

Екінші кезеңде жеке сұхбаттар ұйымдастырылып, өнімді тұрақты тұтынуға дайын респонденттермен тереңдетілген пікір алмасу жүргізілді. Бұл сұхбаттар арқылы тұтынушылардың нақты қажеттіліктері, өнімге қатысты артықшылықтар мен кемшіліктері, сондай-ақ болашақта жобаны жетілдіруге бағытталған ұсыныстары анықталды.

Жалпы алғанда, алынған кері байланыс мәліметтері жобаның нарыққа шығу мүмкіндігін бағалауға және тұтынушылық сұранысқа бейімделген өнімді қалыптастыруға септігін тигізді.



Сурет-6. «NAN&SARQYT» жобасының SWOT анализі

Нан өнімдерін әзірлеу нәтижелері.

Жоба аясында студенттер төмендегі өнім түрлерін дайындады:

- ▶ Шпинат қосылған бауырсақ;
- ▶ Қызылша қосылған бауырсақ;
- ▶ Мини багеттер;
- ▶ Нан өнімдерінен брускетта мен канпе;
- ▶ Құрғақ қытырлақ нан түрлері.

Инстаграм парақшасы және тапсырыс жүйесі.

Жоба аясында арнайы инстаграм парақшасы құрылып, онда өнімдердің суреттері, дайындалу процесі мен тапсырыс нұсқаулары орналастырылды. Инстаграмның мекені жайы:  nansarqyt.kz. Сонымен қатар, логотип, баннер және сайттың демо нұсқасы жасалды.

Колледж студенттерінің кері байланысы. Жобаға қатысқан 30 студенттің пікірі жи-

налып, келесі қорытындылар жасалды:

- ▶ 90%-ы жобалық оқытудың өздеріне пайдалы болғанын айтты;
- ▶ 85%-ы өздерінің кәсіпкерлік дағдыларының дамығанын мойындады;
- ▶ 70%-ы жобаны болашақта бизнеске айналдыруға қызығушылық танытты;
- ▶ 60%-ы командалық жұмыс арқылы жаңа дағдыларды үйренгенін айтты;
- ▶ 75%-ы маркетинг және логистика саласында алғашқы тәжірибе жинақтағанын атап өтті.

Студенттердің пікірі:

«Бұл жоба арқылы біз тек нан пісіріп қана қоймай, оны қалай нарыққа шығару керектігін де үйрендік. Бизнес ашуға мотивация алдық.»-Студент 1, 2-курс.


«Топтық жұмыстың қаншалықты маңызды екенін түсіндім. Әркімнің өз міндеті бол-

ды, бәріміз бір мақсатқа жұмыс жасадық.»-Студент 2, 3-курс.

«Мен үшін маркетингтік зерттеу жүргізу өте қызықты болды. Болашақта осы бағытта жұмыс жасағым келеді.»-Студент 3, 2-курс.

«NAN&SARQYT» жобасының апробация студенттердің кәсіптік және шығармашылық дағдыларын дамытуда тиімділігін дәлелдеді. Жоба нәтижесінде:

- ▶ Студенттер өндіріс процесін меңгерді, тұтынушылармен жұмыс істеп көрді;
- ▶ Экологиялық сананы дамытуға ықпал етті;
- ▶ Маркетингтік зерттеулер мен бизнес жоспарлау дағдыларын жетілдірді;
- ▶ Шынайы тәжірибе арқылы өздерінің болашақ кәсіпкерлік әлеуетін бағалады.



Сурет-7. Студенттердің кәсіптік дағдыларын арттыру

Жобаның келесі қадамдары ретінде оның ауқымын кеңейту, жаңа өнім түрлерін енгізу және тұрақты серіктестермен жұмыс жасау жоспарланып отыр.

Сонымен қатар жобаға қатысушы студент Батыршаев Елдар Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында өткізілген «Мамандықтар әлемін ашамыз» қалалық форумы-

ның «Менің кәсібім – менің бизнесім» жобасы байқауына қатысып, I орын иеленіп, жобалық оқытудың нәтижелілігін нақты дәлелдеді.

Ұсыныстар

Жобалық оқыту әдісі арнайы пәндерді оқытуда өте тиімді екеніне көз жеткіздік. Осыған орай, әріптес педагогтерге, әсіресе арнайы пән оқытушыларына осы тәсілді қолдануды ұсынамыз. Бұл әдіс студенттердің кәсіби дағдыларын, өз бетімен жұмыс жасау қабілетін, шешім қабылдау дағдысын, шығармашылық ойлауын және топпен тиімді жұмыс істеу машығын дамытуға зор мүмкіндік береді.

- ▶ Жобалық оқытуды бірден бастамай тұрып, алдымен шеберлік сағаттарын ұйымдастырып, маркетингтік зерттеу, технологиялық процестер сияқты бағыттар бойынша қосымша сабақтар өткізген дұрыс. Бұл олардың жобамен жұмыс істеуге дайын болуына септігін тигізеді.
- ▶ Нақты жобалармен жұмыс істеуге кіріскенде, жобалық оқытуды тек арнайы пәндермен шектемей, оны экономика, экология, информатика сияқты басқа пәндермен ұштастыра отырып, кешенді түрде жүргізуге болады. Бұл тәсіл пәнаралық байланысты нығайтады және білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.
- ▶ Жобаны жоспарлау кезінде студенттердің жас ерекшелігін, оқу бағдарламасының мазмұнын, қол жетімді материалдарды, қауіпсіздік талаптарын, сондай-ақ сабақтың ұзақтығы мен кезеңдерін тиімді ұйымдастыру сияқты маңызды жайттарды ескерген жөн.
- ▶ Жергілікті кәсіпкерлерді, наубайханаларды, маркетингтерді жобаға тарту-білім алушылар үшін маңызды тәжірибе көзі. Олардан алған пікір мен ұсыныс-шынайы дамудың кепілі болып табылады.

Жобалық оқыту – тек тапсырма орындау емес, ол – болашақ маманның кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру жолы.

Қорытынды

Жобалық оқыту әдісін білім беру үрдісіне енгізу – студенттердің теориялық білімін тәжірибемен толықтырудың тиімді жолы екеніне көз жеткіздік. «NAN&SARQYT» жобасы аясында студенттер тек кәсіби шеберліктерін ғана емес, сонымен қатар кәсіпкерлік, маркетинг, логистика және тұтынушылармен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырып, өмірлік маңызы бар тәжірибе жинады. Жобалық оқытуда қолданылған тәжірибелік, проблемалық, зерттеу, топтық және кері байланыс әдістері студенттердің сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін және шешім қабылдау машығын дамытуда жоғары нәтиже берді.

Басқа дәстүрлі оқыту тәсілдерімен салыстырғанда бұл әдістің артықшылығы – білім алушыны нақты әрекетке, өндірістік жағдайға, жауапкершілікке үйрететіндігінде. Сонымен қатар, бұл әдісті өзге пәндермен байланыса отырып жүргізілуі – арнайы пәндерді оқытуда жақсы нәтиже беретінін көрсетті.

Сондықтан бұл әдісті кеңінен қолдану Техникалық және кәсіптік білім берудің сапасын арттыратын заманауи жолы деп сеніммен айта аламыз.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Кулешова Г.С. Проектная технология обучения: теоретические и практические аспекты. Алматы: Білім баспасы, 2014 ж.
2. Орта білімнен кейінгі білім берудегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР Оқу-ағарту министрінің 3 тамыз 2022 жылғы №348 бұйрығының 6-қосымшасы.
3. Атамекен ҰҚП Басқарма Төрағасы орынбасарының 2021 жылғы 2 желтоқсандағы №195 бұйрығы.
4. Серикбаева М.С. Шығармашылық пен пәнаралық байланыс: білім беру жүйесіндегі инновациялар. Алматы. 2014 ж.
5. Қаржаубай М. Ұлттық тағамдар: дәстүр мен жаңашылдық. Алматы: Білім баспасы. 2016 ж.
6. Thomas J.W. A Review of the Research on Project – Based Learning. Berkeley, CA: The Autodesk Foundation. 2000 e.
7. Beers B. Project – based learning and its effect on motivation in the adolescent mathematics classroom. 2011 e.

8. Herrington & Oliver. An instructional design framework for authentic learning environments. Educational Technology Research and Development. 2000 е.
9. McKinsey & Company. Using the Techniques of the World's Top Strategic Consultants to Help You and Business. McKinsey Global Institute. 2020 е.
10. Мұрат Т. Қазақ нан пісіру өнері. Астана: Білім. 2017 ж.
11. Силантьева Н.В., Беседин А.М. Проектная работа в оценке учебных достижений студентов. Уфа: Башкирский государственный университет. 2019 г.
12. Шадрина Е.В. Методология проектной деятельности в обучении: опыт и перспективы применения. Москва: Академический проект. 2012 г.

● ПРИМЕНЕНИЕ ПРОЕКТНОГО МЕТОДА ОБУЧЕНИЯ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ: НА ПРИМЕРЕ ПРОЕКТА «NAN&SARQYT»

Кабылдаева К.А.

ГККП «Алматинский государственный бизнес колледж», г.Алматы

Аннотация. В данной статье рассматривается значимость проектного обучения в системе технического и профессионального образования. Описываются методологические основы проектного подхода и пути его реализации. На примере проекта «NAN&SARQYT» показана эффективность формирования практических навыков у студентов. Эффективность проектного обучения и его практическая результативность были подробно рассмотрены. Материал будет полезен преподавателям специальных дисциплин, педагогам колледжей и специалистам, участвующим в совершенствовании учебного процесса.

Ключевые слова: Проектный метод обучения, проект «NAN&SARQYT», бизнес-планирование, исследования потребителей, экологическая упаковка, междисциплинарная коммуникация, профессиональные навыки.

● APPLICATION OF THE PROJECT-BASED LEARNING METHOD IN THE EDUCATIONAL PROCESS: THE EXAMPLE OF THE «NAN&SARQYT» PROJECT

Kabyldayeva K.A.

Almaty State Business College, Almaty

Annotation. This article explores the importance of project-based learning in the system of technical and vocational education. It describes the methodological foundations of this approach and ways of its implementation. The effectiveness of developing students' practical skills is demonstrated through the example of the «NAN&SARQYT» project. The material will be useful for teachers of specialized disciplines, college instructors, and professionals involved in improving the educational process.

Keywords: Project-based learning, «NAN&SARQYT» Project, business planning, consumer research, eco-packaging, interdisciplinary communication, professional skills.

МРНТИ 14.25.07

ГЕЙМИФИКАЦИЯ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА КАК ПУТЬ ПОВЫШЕНИЯ МОТИВАЦИИ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Кипчакбаева К.Б.

ГККП «Методический центр» акимата города Астаны

Аннотация.

Статья посвящена исследованию потенциала геймификации как эффективного инструмента повышения учебной мотивации. Автор анализирует преимущества и возможные сложности интеграции игровых элементов в образовательный процесс, выделяя ключевые факторы, способствующие росту вовлеченности и познавательного интереса учащихся. На основе практического опыта внедрения геймификации в учебных заведениях формулируются методические рекомендации для педагогов по использованию игровых механик и цифровых платформ в преподавании.

Ключевые слова:

геймификация, учебная мотивация, образовательные технологии, игровые методы, цифровые инструменты, вовлеченность, интерактивное обучение.

Введение

В последние годы в образовании наблюдается стремительное развитие инновационных технологий, которые призваны сделать учебный процесс более интересным и эффективным. Одной из таких технологий является геймификация – использование игровых элементов в неигровых контекстах, таких как обучение.

Геймификация представляет собой способ повышения мотивации и вовлеченности учащихся в образовательный процесс, превращая традиционные методы преподавания в увлекательное занятие. Она основывается на принципах игры, что делает обучение не только полезным, но и интересным.

Современные подходы к организации учебного процесса направлены на повышение интереса обучающихся к учебе, их вовлеченности и внутренней мотивации.

Одним из перспективных методов является геймификация – использование элементов игровых технологий в образовательной среде. Этот подход позволяет сделать процесс обучения более привлекательным и динамичным, развивает креативность и активное участие.

Термин «геймификация» (англ. gamification) был введен в начале 2000-х годов Раджатом Пахарией, разработчиком программного обеспечения для бизнеса. Несмотря на это, вплоть до 2010 года концепция оставалась малоизвестной. Широкую популярность она приобрела лишь после 2012 года благодаря работам канадского бизнес-консультанта Гейба Зикерманна [1].

В Казахстане геймификация рассматривается как инструмент для повышения мотивации и учебной активности. В частности, исследования показывают, что использование игровых технологий позво-

ляет значительно улучшить восприятие сложных тем, особенно в таких дисциплинах, как математика, физика и иностранные языки. Примером является внедрение цифровых платформ (*Filmland, Daryn Online*), где реализованы элементы геймификации (значки, рейтинги, уровни).

Геймификация в образовании соответствует требованиям Государственного общеобязательного стандарта образования (ГОСО), который ориентирован на развитие функциональной грамотности и ключевых компетенций учащихся. В рамках обновленного содержания образования Казахстана (Назарбаев Интеллектуальные школы), особое внимание уделяется формированию у обучающихся критического мышления, навыков сотрудничества и самостоятельного изучения нового материала.

Образовательные программы, такие как учебные программы по математике, языкам и естественным наукам, включают задания, направленные на развитие интерактивного взаимодействия. Это соответствует внедрению инновационных подходов к обучению, что поддерживается Министерством просвещения РК.

Отдельного внимания заслуживает потенциал геймификации в развитии творческих способностей учащихся. Как указывает Л.П. Варенина, игровые технологии могут выступать не только в качестве средства обучения, но и как форма самоконтроля в образовательном процессе [2].

Как отмечается в исследованиях А.В. Цветчих, А.В. Редькина и А.М. Бессмертного, геймификация выступает эффективным инструментом повышения учебной мотивации. Ученые объясняют это тем, что на сегодняшний день отсутствуют комплексные системы, интегрирующие соревновательный, игровой и визуализированный подходы для активизации познавательной деятельности. Подобные методики пока еще недостаточно широко применяются как в образовании, так и в корпоративной среде [2].

Важным преимуществом геймификации является ее гибкость: она может быть адаптирована к самым разным контек-

стам – от сложных цифровых платформ до простых неформальных и «аналоговых» активностей. Это предоставляет педагогу-наставнику широкие возможности для разработки заданий различного масштаба, продолжительности и уровня сложности [3].

По мнению известного ученого С.И. Никитина, в скором будущем геймификация займет лидирующие позиции среди вспомогательных образовательных технологий [4].

Влияние геймификации на вовлеченность учащихся изучали такие российские исследователи, как Р.С. Альзавайер, И. Блум, С.Б. Велединская, М.Ю. Дорофеева, Е.С. Козина, А.В. Мельничук, О.В. Орлова и др. Вопросы получения знаний, а также формирования навыков и умений сотрудничества с помощью игровых подходов исследовали Е.В. Богданова, В.Н. Титова, А.В. Ребров, А.Ю. Черкасов, Н.В. Тунёва, А.М. Тода, П.Х. Валле. Что касается непосредственно разработки образовательных игр, то этот аспект освещен в работах Э. Биддис, М.В. Дворковой, Е.А. Куренковой, Дж.М. Леймстер, М. Питерсон и др.

На международной арене геймификация активно изучается и применяется. По данным исследователей из США и Европы (Kapp, Zichermann & Cunningham), игровые элементы в образовательных платформах способствуют увеличению вовлеченности обучающихся, развитию навыков решения проблем и критического мышления, а также созданию атмосферы сотрудничества и здоровой конкуренции.

Так, успешными примерами являются образовательные платформы *Kahoot*, *Quizizz*, *Duolingo*, которые используются для освоения нового материала и закрепления знаний. Исследования показывают, что использование таких платформ увеличивает успеваемость на 20-30% по сравнению с традиционными методами обучения.

Геймификация, будучи инновационным подходом, полностью соответствует задачам современной образовательной

системы. Она гармонично сочетает требования государственных стандартов и мировые тенденции, формируя у обучающихся навыки, необходимые в 21 веке: адаптивность, креативность и цифровую грамотность.

Цель исследования – выявление потенциала геймификации как инструмента повышения учебной мотивации и эффективности ее интеграции в образовательный процесс.

Для реализации поставленной цели исследования были определены следующие ключевые задачи:

1. Выявление и систематизация потенциальных моделей внедрения геймификационных элементов в содержание школьной программы.
2. Оценка результативности применения геймифицированного подхода с точки зрения его влияния на образовательные достижения учащихся.
3. Определение педагогического потенциала и дидактической значимости геймификации в организации учебного процесса.

Методика

Современный этап развития образовательных практик характеризуется активным внедрением педагогических инноваций, направленных на повышение эффективности учебного процесса. Среди этих новаций особое место занимает геймификация – стратегия применения игровых подходов в образовательном контексте. Данная методика трансформирует традиционное обучение в увлекательный процесс, сочетающий познавательную и игровую деятельность.

Сущность геймификации заключается в адаптации игровых механик – системы баллов, уровней сложности, виртуальных наград и рейтинговых таблиц – к учебным ситуациям. В образовательной практике это реализуется через внедрение элементов соревновательности, системы поэтапного прохождения материала и механизмов поощрения достижений. Ключевая

задача такой трансформации – усиление внутренней мотивации учащихся через создание engaging образовательной среды.

Технологические аспекты геймификации включают использование специализированных платформ и приложений, позволяющих интегрировать игровые элементы в традиционный учебный процесс. Особое значение приобретают системы визуализации прогресса, позволяющие учащимся отслеживать собственные достижения и ставить персональные образовательные цели.

С методической точки зрения, эффективная реализация геймификации базируется на нескольких ключевых принципах:

- 1) Принцип ясных целей — учебные задачи формулируются как конкретные вызовы, с четкими критериями успешности.
- 2) Принцип прогрессирующей сложности — учебный материал структурируется по уровням, каждый последующий этап требует усвоения предыдущего.
- 3) Принцип наглядности прогресса — используется система визуальных маркеров достижений (бейджи, значки, рейтинги).
- 4) Принцип социального взаимодействия — сочетание индивидуальных и коллективных форм работы, здоровой конкуренции и сотрудничества.

Важным преимуществом геймифицированного подхода является его адаптивность — возможность учета индивидуальных образовательных траекторий и темпа освоения материала. Одновременно сохраняется focus на развитии критического мышления и творческих способностей учащихся через решение проблемных задач и разработку стратегий.

Особое внимание при реализации геймификации уделяется балансу между игровыми элементами и содержанием учебного материала, что обеспечивает достижение образовательных целей без потери академической составляющей.

Данная методология создает условия для формирования устойчивой учебной мотивации и способствует более глубокому усвоению образовательного контента через механизмы эмоциональной вовлеченности и персональной заинтересованности.

Ключевыми принципами геймификации в образовательной среде являются несколько взаимосвязанных компонентов, формирующих эффективную мотивационную систему. Фундаментальную роль играет четкая постановка целей, где учащимся предлагаются конкретные и измеримые задачи, такие как прохождение учебного уровня или получение наград за достижение определенных показателей, что создает ясные ориентиры для учебной активности.

Важным элементом выступает система немедленного поощрения, реализуемая через виртуальные награды, балльные показатели и знаки отличия, которые визуализируют прогресс и создают положительное подкрепление учебных усилий. Данный механизм органично сочетается с принципом прогрессирующей сложности, когда учебные задания структурируются по нарастающей трудности, обеспечивая постоянный вызов и поддерживая познавательный интерес на протяжении всего обучения.

Социальный аспект геймификации реализуется через диалектическое сочетание соревновательных и кооперативных элементов. Создание рейтинговых механизмов стимулирует здоровую конкуренцию, а проектные задания в группах формируют навыки коллаборации, совместно повышая учебную вовлеченность и создавая многомерную мотивационную среду.

Внедрение геймификации в образовательный процесс характеризуется рядом существенных преимуществ, оказывающих комплексное воздействие на учебную деятельность. Ключевым достоинством является устойчивое повышение мотивации учащихся, достигаемое за счет внесения элементов соревновательности и игровой динамики, что трансформирует восприятие учебного процесса и усили-

вает внутреннюю познавательную активность.

Важным аспектом выступает развитие социальных компетенций через игровые механики, специально ориентированные на организацию группового взаимодействия. Это способствует не только формированию навыков командной работы, но и развитию коммуникативных способностей и эмоционального интеллекта учащихся.

С дидактической точки зрения геймификация способствует более глубокому усвоению учебного материала через систему интерактивных практико-ориентированных заданий, которые обеспечивают контекстное применение полученных знаний и формирование устойчивых когнитивных схем.

Особого внимания заслуживает адаптивный потенциал геймифицированных систем, позволяющих осуществлять дифференциацию учебного процесса через вариативность уровней сложности и персонализированные траектории обучения, что обеспечивает соответствие образовательных задач индивидуальным возможностям и потребностям каждого учащегося.

Эффективность геймификации подтверждается конкретными примерами её успешного внедрения в учебный процесс. Одной из распространённых практик является использование интерактивных платформ, таких как Kahoot, которые преобразуют стандартную проверку знаний в динамичные викторины. Данный формат не только обеспечивает оперативную обратную связь, но и значительно повышает вовлечённость учащихся за счёт игровой соревновательной динамики.

Другим значимым примером выступает внедрение системы наград – виртуальных баллов, значков и медалей, присуждаемых за учебные достижения. Этот подход визуализирует успехи учащихся, создаёт ощущение прогресса и здоровой конкуренции, что мотивирует их к систематической работе и достижению более высоких результатов.

Особого внимания заслуживает применение тематических квестов и проектных заданий, требующих коллективного выполнения. Такие форматы способствуют не только освоению учебного материала в практико-ориентированном контексте, но и развитию soft skills: коммуникации, сотрудничества и критического мышления. Игровая составляющая, основанная на сюжете и поэтапном решении задач, generates положительные эмоции, которые, в свою очередь, формируют устойчивый интерес к познавательной деятельности [5].

В современной образовательной практике наблюдается разнообразие форм внедрения геймификационных подходов. Наиболее распространённым вариантом являются электронные образовательные платформы, интегрирующие игровые механики в процесс обучения. Такие сервисы, как Duolingo, используют систему очков, бейджей и рейтинговых таблиц, что создаёт эффект соревновательности и визуализирует образовательный прогресс пользователей.

Перспективным направлением выступает разработка проектных игр, в рамках которых учебные задания облекаются в игровую форму. Учащиеся, объединённые в команды, решают поставленные задачи, развивая не только предметные знания, но и навыки коллаборации, управления проектами и критического мышления.

Особый интерес представляет создание виртуальных квестов, где образовательный контент структурируется в виде последовательности взаимосвязанных заданий. Каждый пройденный этап открывает доступ к новому уровню сложности, обеспечивая поэтапное освоение материала и поддерживая познавательный интерес через элемент исследовательской деятельности.

Современная образовательная практика демонстрирует многообразие успешных кейсов интеграции геймификационных подходов в учебный процесс. Одним из показательных примеров является междисциплинарный проект «Учебный квест», реализованный в ряде общеобразовательных учреждений. В рамках дан-

ной инициативы педагоги разработали серию тематических квестов, где учащиеся, объединённые в команды, решали предметные задачи, собирали криптографические подсказки и находили условные «сокровища» — ключи к следующему этапу обучения. Данный подход не только стимулировал познавательный интерес через механизм исследовательской деятельности, но и способствовал формированию метапредметных компетенций, включая развитие навыков коллаборации, стратегического мышления и оперативного принятия решений.

Широкое распространение получило использование интерактивных платформ с элементами геймификации, таких как Kahoot. Регулярное проведение викторин в формате соревнований позволило трансформировать процедуру контроля знаний в динамичный процесс, характеризующийся высоким уровнем эмоциональной вовлечённости учащихся. Важным дидактическим преимуществом данной технологии является предоставление мгновенной обратной связи и возможность анализа индивидуальных и групповых результатов, что способствует формированию у обучающихся навыков саморефлексии и самооценки.

Особого внимания заслуживает опыт внедрения геймификации в лингвистическое образование. Так, в рамках занятий по иностранному языку была апробирована игровая модель «Speak and Win», где учащиеся получали баллы за создание и презентацию диалогов, оцениваемых по критериям языковой правильности, креативности и коммуникативной эффективности. Данная методика не только активизировала речевую практику, но и снизила психологический барьер, связанный с использованием иностранного языка, способствуя развитию уверенности и мотивации к дальнейшему изучению дисциплины.

Таким образом, геймификация учебного процесса подтверждает свой статус эффективного педагогического инструмента, способного трансформировать традиционные образовательные модели. Многообразие её практических реализаций демонстрирует устойчивое поло-

жительное влияние на познавательную мотивацию, социальную активность и академические достижения учащихся. Перспективным направлением представляется дальнейшая разработка и адаптация геймификационных методик с учётом специфики учебных предметов, возрастных особенностей обучающихся и дидактических задач современного образования [6].

Практическое применение

Экспериментальное исследование проводилось в школе-лицее №37 г. Астаны в течение осеннего семестра 2024 года. В эксперименте участвовали 60 учащихся 8-9 классов, которые в течение трех месяцев занимались по программе с элементами геймификации.

На этапе презентации нового материала применялась платформа Nearpod, позволяющая трансформировать учебный контент в систему последовательных «миссий». Каждая успешно реализованная учебная задача открывала доступ к последующему модулю, создавая эффект прогрессии и достижения.

Для активизации познавательной деятельности и закрепления материала использовались интерактивные платформы Kahoot и Quizizz, организующие образовательный процесс в формате соревновательных викторин. Система балльной накопительной оценки стимулировала учебную активность и формировала здоровую конкурентную среду. Наибольший мотивационный эффект продемонстрировали командные квесты, основанные на принципах коллаборативного решения учебных задач.

На этапе контроля знаний была внедрена система рангового роста, где академические достижения коррелировали с получением специальных статусов. Визуализация индивидуального и коллективного прогресса осуществлялась через платформу ClassDojo, создающую дополнительный стимул для учебной деятельности.

В рамках экспериментальной работы был внедрен и апробирован комплекс игро-

вых механик, включающий: систему скоростного решения математических задач («Образовательная гонка»), рейтинговую систему еженедельного мониторинга учебных достижений («Лидеры знаний»), а также межпредметные командные соревнования («Эрудит-битва»).

Исследование utilized комплекс цифровых инструментов, включая платформу Google Classroom для организации игровых учебных сценариев, Minecraft Education Edition для реализации проектного обучения и специализированное программное обеспечение для создания интерактивных элементов.

Количественный анализ эффективности применения геймификации выявил следующие результаты: 87% респондентов отметили рост познавательного интереса, 80% обучающихся продемонстрировали повышенную учебную активность, средний показатель академической успеваемости повысился на 10%, 70% учащихся проявили устойчивую учебную инициативу. Также было зафиксировано развитие навыков коллаборации и аналитического мышления.

Со стороны обучающихся наиболее эффективными были признаны: командные форматы работы (90% позитивных оценок), интерактивные викторины и цифровые форматы, а также система визуализации учебных достижений. Педагогический состав отметил повышение активности ранее пассивных обучающихся, снижение тревожности при процедурах контроля знаний и увеличение систематичности учебной работы.

Экспериментальное внедрение подтвердило дидактическую эффективность геймификации для стимулирования учебной мотивации, формирования метапредметных компетенций и повышения академических результатов. В качестве перспективных направлений реализации identified системная интеграция игровых элементов в учебные программы, специальная подготовка педагогических кадров, разработка предметно-ориентированных квестов, дифференциация по возрастным группам и обеспечение системности применения.

Как показало исследование, системное применение геймификационных методик позволяет создать обогащенную образовательную среду, где значительно возрастает как вовлеченность учащихся, так и результативность учебного процесса.

Для оценки эффективности геймификации были собраны данные о результатах учебной деятельности обучающихся в два учебных года: до внедрения геймификации (учебный год 2022-2023) и после (учебный год 2023-2024). В таблице ниже представлены результаты по различным критериям.

Параметры	2022-2023 учебный год (до)	2023-2024 учебный год (после)
Средний балл по предметам	75%	85%
Процент участников в конкурсах	60%	90%
Уровень вовлеченности	55%	80%
Сложность выполнения заданий	70%	90%

Результаты проведенного анализа убедительно демонстрируют положительное влияние геймификации на учебную мотивацию и академические достижения учащихся. Статистические данные свидетельствуют о существенном прогрессе: средний балл по академическим дисциплинам возрос на 10%, показатель участия в конкурсных мероприятиях увеличился на 30%, уровень вовлеченности в учебный процесс повысился на 25%, а восприятие сложности заданий как интересных выросло на 20%.

Полученные результаты позволяют заключить, что геймификация представляет собой действенный педагогический инструмент, который не только стимулирует учебную мотивацию, но и вносит значительный вклад в улучшение образовательных результатов. Рекомендуется продолжать внедрение игровых элементов в учебный процесс, адаптируя их под нужды учащихся и учитывая их интересы для достижения максимальной эффективности. Игры, которые используются при обучении, могут быть деловыми, аттестационными, организационно-деятельностными, инновационными, рефлексивными, снимающими стресс и формирующими у ученика инновационное мышление, поисково-апробационными и пр. [7].

Рекомендации

Методические рекомендации по внедрению геймификации для коллег-педагогов.

Внедрение геймификации в учебный процесс требует системного подхода и учёта национально-культурных особенностей образовательной среды. Для эффективной реализации предлагаются следующие научно обоснованные рекомендации:

Эффективное внедрение геймификации требует реализации последовательной системы дидактических действий. Первоочередным этапом является дидактическое целеполагание и планирование, предполагающее проведение комплексного анализа учебной программы для идентификации тем и разделов, обладающих наибольшим потенциалом для геймификации. На данном этапе необходимо сформулировать конкретные образовательные цели, направленные как на формирование предметных компетенций, так и на развитие метапредметных навыков (критическое мышление, коллаборация, креативность). Особое внимание следует уделить разработке системы критериев оценки эффективности применяемых игровых механик, включающих как качественные, так и количественные показатели.

Следующим критически важным компонентом выступает системный отбор и адаптация игровых механик. Выбор конкретных игровых элементов (бейджей, уровней, рейтинговых таблиц) должен осуществляться с учётом трёх ключевых параметров: возрастных особенностей учащихся, специфики учебного предмета и культурно-образовательного контекста Казахстана. Параллельно необходимо разработать многоуровневую систему мотивации, органично сочетающую краткосрочные поощрения (баллы, значки), долгосрочные цели (звания, достижения) и механизмы социального признания (публичные рейтинги, демонстрация успехов).

Неотъемлемой частью процесса является организация системы непрерывной обратной связи. Для этого требуется внедрить регулярный мониторинг восприятия геймификационных элементов через анкетирование учащихся, проведение фокус-групп и анализ академических результатов. На основе полученных данных должен быть создан механизм итеративного улучшения системы, предусматривающий её поэтапную коррекцию и оптимизацию. Целесообразно документировать успешные практики и обеспечить их распространение внутри педагогического коллектива.

Фундаментальное значение имеет принцип интеграции игровых элементов в образовательный контент. Необходимо обеспечить содержательное единство игровых и учебных компонентов: игровые задания должны отражать ключевые понятия учебной программы, а прогресс в игре должен находиться в прямой корреляции с академическими достижениями. Следует избегать механического переноса игровых элементов без учёта образовательного контекста.

Заключение

Проведенное исследование позволяет утверждать, что геймификация выступает эффективным инструментом развития внутренней мотивации обучающихся. Интеграция игровых элементов трансформирует образовательный процесс, напол-

няя его элементами соревновательности и открытия, что способствует формированию устойчивого познавательного интереса. Механизмы игрового продвижения, система мгновенного поощрения и визуализация достижений создают у учащихся ощущение успеха, стимулируя их к постоянному совершенствованию и достижению новых образовательных результатов.

Важно подчеркнуть, что повышение учебной вовлеченности напрямую коррелирует с ростом академических показателей. Геймифицированный подход не только усиливает мотивационную составляющую обучения, но и способствует более глубокому усвоению учебного материала, формированию критического мышления и развитию навыков самостоятельной работы.

Перспективы дальнейшего исследования видятся в разработке дифференцированных моделей геймификации с учетом возрастных особенностей учащихся и специфики учебных дисциплин, а также в создании комплексных методик оценки долгосрочного эффекта внедрения игровых технологий в образовательный процесс. Внедрение игровых элементов позволяет улучшить не только вовлеченность обучающихся, но и их успеваемость за счет повышения интереса к учебе. Использование геймифицированных платформ и методик способствует формированию конкурентоспособной и интерактивной среды обучения. Однако для достижения максимальных результатов важно учитывать индивидуальные особенности учащихся, а также правильно выбирать игровые механики, которые будут наиболее подходящими для конкретных учебных целей и предметов.

Список использованных источников

1. Краткая история геймификации. Available at: <https://www.gamification-now.ru/blog/kratkaya-istoriya-geymifikacii>
2. Варенина Л.П. Геймификация в образовании. ИСОМ. 2014; № 6: 314–316.
3. Бессмертный А.М., Гаенкова И.В. Игрофикация как образовательная парадигма обучения. Известия ВГПУ. 2016; № 6 (110): 15–22.

4. Никитин С.И. Геймификация, игрофикация, игра-изация в образовательном процессе. Молодой ученый. 2016; № 9: 1159–1162.
5. Маркова А.К. Формирование мотивации учения в школьном возрасте: Пособие для учителя. – М.: Просвещение, 1983. – 96 с.
6. Герасимова Н.А., Чебыкина Н. В. (2016). Геймификация в образовании: новые подходы к обучению. Научный результат. Педагогические исследования, 2(3), 45-52.
7. Эйхорн М.В. Геймификация образовательного процесса: метод. пособие / под ред. – Томск, 2015. – 98 с.

● ОҚУ ПРОЦЕСІН ГЕЙМИФИКАЦИЯЛАУ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮНТАСЫН АРТТЫРУ ЖОЛЫ РЕТІНДЕ

Кипчакбаева Қ.Б.

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК

Аңдатпа. Мақала оқу мотивациясын арттырудың тиімді құралы ретінде геймификацияның әлеуетін зерттеуге арналған. Автор оқушылардың қызығушылығы мен танымдық қызығушылығының артуына ықпал ететін негізгі факторларды бөліп көрсете отырып, ойын элементтерін оқу процесіне біріктірудің артықшылықтары мен мүмкін болатын қиындықтарын талдайды. Оқу орындарында геймификацияны енгізудің практикалық тәжірибесі негізінде мұғалімдерге оқытуда ойын механикасы мен цифрлық платформаларды қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстар жасалады.

Түйінді сөздер: геймификация, оқу мотивациясы, білім беру технологиясы, ойын әдістері, сандық құралдар, қатысу, интерактивті оқыту.

● GAMIFICATION OF THE EDUCATIONAL PROCESS AS A WAY TO INCREASE STUDENTS' MOTIVATION

Kipchakbayeva K.B.

Methodical Center of Astana City, Astana

Annotation. The article is devoted to the study of the potential of gamification as an effective tool for increasing learning motivation. The author analyzes the advantages and possible difficulties of integrating game elements into the educational process, highlighting the key factors contributing to the growth of engagement and cognitive interest of students. Based on the practical experience of introducing gamification in educational institutions, methodological recommendations are formulated for teachers on the use of game mechanics and digital platforms in teaching.

Keywords: gamification, learning motivation, educational technologies, game methods, digital tools, engagement, interactive learning.

FTAMP 14.25.09

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Қадырова А., Даурен М., Сайынова Ә., Нұрлан А.
Астана халықаралық университеті, Астана қ.

Аңдатпа. Авторлар бұл мақалада Абай Құнанбайұлы шығармаларын оқытудың әдістемелік негізін ұсынып, тәрбиелік мәнін ашуды мақсат етеді. Абай Құнанбайұлын бұрын-соңды зерттеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасайды. Абай өлеңдері, қара сөздері ұлттық тәрбиенің негізгі құралы ғана емес, қазіргі білім беру жүйесінің негізі ретінде бағаланады. Авторлар мектеп бағдарламасына Абай Құнанбайұлы шығармаларын оқыту жолдарын пысықтайды. Ақын мұрасын жүйелі әрі мазмұнды оқыту – тек әдеби білім берудің ғана емес, жалпы білім мен тәрбиенің негізгі бөлігі болып саналатынын дәлелдеуге тырысады.

Мақалада Абай Құнанбайұлы шығармаларын оқытудағы мақсат-міндеттер, мазмұндық ерекшеліктер және әдістемелік тәсілдер қарастырылады. Ақынның поэзиясы мен қара сөздерін мектепте оқыту арқылы оқушылардың әдеби-мәдени танымын кеңейту, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру және рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру жолдары талданады. Сондай-ақ, Абай мұрасының тәрбиелік және рухани мәні, бүгінгі ұрпақ үшін өзектілігі айқындалады.

Түйінді сөздер: Абай Құнанбайұлы шығармашылығы, әдістемелік тәсілдер, мазмұндық ерекшеліктер, поэзия, қара сөздер, ұлттық құндылық, рухани тәрбие.

Кіріспе

Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиетінің іргетасын қалаған классик, ойшыл ақын, философ және ағартушы. Оның ойшыл ақын, философ екендігін алғашқылардың бірі болып алаш зиялыларының бірі Жүсіпбек Аймауытов айтқан болса [1], қазақ халқының бас ақыны екендігін ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов айтқан [2].

Абай Құнанбайұлының тұлғалық бітімін, халқына жанашырлығын, қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегін мойындамаған адам жоқ шығар. Оны әлемге танытып, бар болмысын жан-жақты ашқан Мұхтар Әуезов екенін, әрине, бәріміз де білеміз. «Абай жолы» эпопеясында тек Абайдың тұлғалық келбеті мен дүниетанымы ғана емес, қазақтың өткені тереңнен бейнеленген. М.Әуезовтің зерттеулері мен «Абай Құнан-

баев» атты монографиясы Абайтануда аса маңызды [3] [4].

Абайды зерттеген сайын зерттей бергің келеді. Өйткені оның әрбір сөзінде терең философиялық ой-түйін жатыр. Сол себептен де қазақ ғалымдарының бәрі дерлік өз мақсат-мұраттарына қарай оны зерттеуге тырысады. Мәселен, Ғалым Серік Қирабаев «Абай және ұлттық әдебиет» еңбегінде Абай Құнанбайұлының қазақ әдебиетіне қосқан үлесін зерттеп, Абайдың шығармашылығының ұлттық әдебиет тарихындағы орны мен оның әдеби процеске әсері сөз етеді. Ол: «Абай дәстүрлі қазақ поэзиясынан бөлек, жаңа гуманистік идеялар енгізді. Бұл оның ұлттық тіл мен әдебиеттің өркендеуіне қосқан зор үлесі» [5], - дейді. Академик Рабиға Сыздық [6] пен Заки Ахметов [7] болса, Абайдың тілі мен стилін зерттеп,

терең философиялық мазмұнына ерекше назар аударады. Ханғали Сүйіншәлиев [8], Рымғали Нұрғалиев [9] сынды әдебиеттанушылар ақынның философиялық ойлары мен тіл байлығын, көркемдік ерекшеліктерін сипаттайды. Оның қара сөздерін талдай отырып, адамгершілік, моральдық, рухани тақырыптарды көтерудегі ерекшелігін ыждағаттылықпен атап өтеді.

Абайдың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі және оның шығармалары туралы Ж.Дадебаев, С.Ахметов, А.Қоңыратбаев, Ғ.Есім, Т.Жұртбай, М.Мырзахметұлы, С.Негимов сынды ғалымдар мен зерттеушілердің құнды-құнды еңбектері бар. Соңғы жылдары Абайды жаңаша пайымдауға бағытталған еңбектер де көбейді. Мысалы, ҚР БЖҒМ тарапынан шыққан «Абай әлемі» ғылыми жинағы, Абай шығармашылығына, әсіресе, «Қара сөздеріне» терең талдаулар жасалған ғылыми мақалалар мен монографиялар, «Абайтану» пәніне арналған оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрді. Мәселен, Ж.Әбдіғазиев [10], Ж.Тілеубековалар [11] Абайдың ұлттық мәдениетті жаңғыртудағы және ұлттық рух пен қазақ халқының рухани бірегейлігін сақтаудағы рөлін, қоғамдық мәселелерге көзқарасын, ұлт болашағын ойлаудағы философиялық пайымдарын, жастар тәрбиесіне қосқан үлесін талдап түсіндіреді. М.Айтбаев «Абай және қазақтың ұлттық сана-сезімі» еңбегінде Абайдың философиялық көзқарастары мен ұлттық сананы қалыптастырудағы рөлін, қазақ халқының рухани дамуына қосқан үлесін сөз етеді. Автор Абайдың ұлттық рухты қалыптастырудағы маңызды факторлары ретінде оның білім мен ғылымды дәріптеуін, әділеттілікке ұмтылуын оның мәдениетке деген құрметі деп таниды [12].

Абай мұралары зерттелмеген емес, зерттелген, зерттеліп те келеді. Ол зерттеулердің нәтижелері бүгінгі заман талабына сай түрлі білім беру салаларында, ғылыми зерттеулерде және қоғамда кеңінен қолданылуда. Дегенмен, оның шығармаларына қанша терең бойласаң, сонша қазынаға қарық боласың. Абайдың шығармалары адам баласының, соның ішінде мектеп оқушыларының рухани және интеллектуалдық дамуына зор ықпал етеді.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы тек қазақ халқының рухани байлығы ғана емес, бүкіл әлемнің мәдени мұрасы екенін білсек керек.

Абай шығармаларын жүйелі және әдістемеліктұрғыдан тиімді оқыту оқушылардың әдеби-мәдени танымын кеңейтіп, олардың рухани және зияткерлік дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Көркемдік талдау дағдыларының қалыптасуы оқушылардың сөз өнерін терең түсінуіне, бейнелі ойды тануына және тілдік сезімталдығын арттыруға, сөз байлықтарын молайтуға мүмкіндік береді. Философиялық ойды меңгерту арқылы оқушылар өмірлік мәселелерге сыни тұрғыдан қарап, өз көзқарасын негіздеуге дағыланады. Абайдың адалдық, әділдік, еңбекқорлық, отаншылдық сынды адамгершілік қағидалары жас ұрпақтың бойына сіңіп, олардың тұлғалық қалыптасуына ықпал етеді. Сабақ барысында жүргізілетін талдаулар мен шығармашылық жұмыстар оқушының адами қасиеттерін жетілдіреді.

Әдістеме

Абай шығармаларының мазмұны кең әрі сан қырлы. Ақын мұрасы – ұлттық әдебиеттің алтын қазынасы ғана емес, адамзаттық құндылықтар қоры. Мектеп бағдарламасында ақынның азаматтық лирикасы («Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Сегіз аяқ», «Көзімнің қарасы» т.б.), табиғат лирикасы («Жаз», «Қыс», «Күз», «Жазғытұрым»), сондай-ақ қара сөздері қамтылады. Бұлардың әрқайсысы оқушыны түрлі қырынан тәрбиелеп, ойлануға жетелейді.

Поэзияны оқытудағы басты мақсат – оқушының ішкі сезімін ояту, көркем сөздің әсерін сезіндіру, эстетикалық талғамын дамыту. Өлеңді тек мазмұндық тұрғыдан емес, ырғақ, ұйқас, дыбыстық үйлесім, бейнелі сөз қолданысы арқылы да талдау қажет. Әр өлеңді авторлық интонациямен мәнерлеп оқу – оқушының мәтінді қабылдауын күшейтеді. Мысалы, «Сегіз аяқ» өлеңін талдағанда, ондағы ерекше буын өлшемі мен ырғақтық құрылымын түсіндіру арқылы ақынның жаңашылдығын көрсетуге болады.

Табиғат лирикасын оқытуда Абайдың көркем суреткерлігін, бейнелеу құралдарын, табиғат пен адам өмірін үйлестіре беру шеберлігін көрсету маңызды. «Жаз», «Қыс», «Күз», «Жазғытұрым» өлеңдерінде қазақ даласының бояуы қанық бейнесі беріліп қана қоймай, оның адам өмірімен байланысы да көрініс табады. Мұндай туындыларды оқытуда сурет салу, бейнебаян көру, табиғат дыбыстарын тыңдау сияқты интеграцияланған әдістерді қолдануға болады.

Қара сөздерді оқытуда мәтіндегі философиялық тұжырымдарды өмірлік тәжірибемен байланыстыра талдау тиімді. Әр қара сөздің негізгі идеясын анықтап, оны оқушылардың жеке өмірімен, қазіргі қоғаммен салыстыру – мәтінді терең түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, 7-қара сөздегі «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады...» деген ойды оқушылардың жеке тәжірибесімен, олардың мінез ерекшеліктерімен байланыстыра талдау – өзін-өзі тану және психологиялық даму тұрғысынан да пайдалы. Сонымен қатар, Абайдың қара сөздеріндегі білім, еңбек, иман, мінез-құлық туралы ойларын оқыту – тек әдеби білім беріп қана қоймай, оқушылардың өмірлік ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді. Мәселен, жоғары сыныпта 38-қара сөздегі діни-философиялық көзқарастарды талқылау арқылы оқушы рухани мәдениеттің мәнін түсінеді.

Абай шығармаларын оқытуда мазмұндық ерекшелік – олардың көпқырлылығы мен өміршендігінде. Әр туындыны жанрлық, тақырыптық және идеялық тұрғыдан талдай отырып, оқушыға тек әдеби білім ғана емес, өмірлік тәжірибе мен рухани құндылықтар беріледі. Абай шығармаларын тиімді оқыту үшін мұғалім шығарманың жанрына, мазмұнына және оқушылардың жас ерекшелігіне сай әртүрлі әдіс-тәсілдерді ұштастыра қолдануы қажет. Бұл тәсілдер оқушылардың мәтінді түсінуін, оны өмірлік тәжірибемен байланыстыра алуын және шығармашылық қабілетін дамытады. Төменде өзіміз сабақта қолданған бірнеше әдіс-тәсілдерді ұсынамыз:

1. Мәтіндік талдау – өлең немесе қара сөзді мағыналық бөліктерге бөліп, тілдік және идеялық тұрғыдан талдау. Мысалы, «Ғылым таппай мақтанба»

өлеңін оқытуда әр шумақтың негізгі идеясын анықтап, сөздік жұмысын жүргізу арқылы ұмыт қалған, көнерген сөздердің мағынасын түсіндіру тиімді. Сонымен қатар, поэзиядағы ұйқас, буын өлшемі, дыбыстық үйлесім сынды көркемдік элементтерді де талдау қажет.

2. Интерактивті әдістер – пікірталас, сұрақ-жауап, топтық жұмыс арқылы оқушыны ойландыру. Мысалы, 18-қара сөзіндегі «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген пікірді сынып ішінде талқылап, әр оқушыдан өз көзқарасын дәлелдеуін сұрау арқылы оқушылардың сыни ойлауын дамытуға мүмкіндік аламыз.
3. Салыстырмалы талдау – Абай шығармасын басқа дәуір ақындарымен немесе әлемдік әдебиет үлгілерімен салыстыру. Мәселен, Абайдың Пушкиннен, Лермонтовтан аударған өлеңдерін түпнұсқасымен салыстырып, аударманың ерекшелігін анықтау арқылы оқушы аудармашылық шеберлікті таниды. Сондай-ақ, Абайдың табиғат лирикасын Ыбырай Алтынсариннің табиғат суреттерімен немесе орыс классиктерінің пейзаждық өлеңдерімен салыстыру да мазмұндық түсінікті тереңдетеді.
4. Шығармашылық жұмыс – оқушыларға өлеңді мәнерлеп оқу, мазмұндама, эссе, иллюстрация жасау, сахналық қойылым әзірлеу сияқты тапсырмаларды беру. Мысалы, «Көзімнің қарасы» өлеңін мәнерлеп оқытып, кейін оқушылардан өлең мазмұны бойынша өз қиялындағы бейнені суретке түсіруін сұрау – олардың креативтілігін арттырады.
5. Мультимедиялық құралдар – Абай өлеңдерінің аудио-бейне нұсқаларын тыңдату, көрсетуде көркем фильмдер мен деректі материалдарды пайдалану. Мысалы, «Абай» телехикаясынан үзінді көрсету немесе ақын өлеңдеріне жазылған әндерді тыңдату арқылы оқушылардың эмоционалдық қабылдауын күшейтуге болады. Сонымен қатар, интерактивті тақта мен презентациялар қолдану мәтінді визуалды

тұрғыдан жақсы түсінуіне мүмкіндік береді.

6. Жобалық әдіс – оқушыларды топтарға бөліп, белгілі бір тақырыпта зерттеу жұмысын ұйымдастыру. Мысалы, «Абай және ұлттық мәдениет» немесе «Абай аудармаларының ерекшелігі» тақырыптарында шағын ғылыми жоба дайындау оқушыны дербес ізденіске баулиды.
7. Рөлдік ойындар – шығармадан алынған көріністерді сахналау арқылы кейіпкерлердің мінезін, іс-әрекетін, ой-толғанысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, «Ескендір» поэмасы бойынша сахналық қойылым қойып, әр кейіпкердің атынан сөйлету – мәтіндік мазмұнды есте сақтауға көмектеседі.

Осы әдістерді кешенді түрде қолдану Абай шығармаларын оқыту процесін жандандырып, оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырады және олардың шығармашылық әлеуетін ашады және сөздік қорын молайтып, әдеби көркем сөйлеуге жетелейді.

Абайды оқыту – оқушының интеллектуалдық дамуына ғана емес, оның рухани жетілуіне, ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Ақынның «Адам бол!» қағидасы – әрбір жас ұрпақтың өмірлік ұстанымына айналуы тиіс мәңгілік өсиет. Бұл ұстаным тек жеке тұлғаның ғана емес, тұтас қоғамның өркеніеттік дамуы үшін маңызды. Сол себептен де Абай Құнанбайұлының поэзиялық шығармалары мен қара сөздерін зерттеуді жөн көрдік. Зерттеу барысында бізге дейін ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізген ғалымдар мен зерттеушілердің, пе-

дагогтердің еңбектеріне сараптама жүргізілді. Абай Құнанбайұлының поэзиялық шығармалары мен қара сөздерін оқытуға арналған мектеп бағдарламалары, әдістемелік құралдар пайдаланылды және жинақтау, жүйелеу, салыстыру, талдау, сараптау және картографиялық әдістер қолданылды. Жинақтау әдісі бойынша Абайдың шығармалары, сондай-ақ, оған қатысты ғылыми әдебиеттер мен деректер жинақталды. Жиналған деректерге әдеби, философиялық және әлеуметтік тұрғыдан талдау жүргізілді. Мәселен, тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы Абайдың өмір сүрген кезеңі мен қазіргі кездегі тәрбие, білім және т.б. мәселелер тарихи контексте зерделенді, оның білім мен ғылымға деген көзқарастарының қалыптасу себептері анықталды. Абай шығармаларына терең әдеби талдау жүргізу арқылы оның білім мен ғылымға қатысты ойлары айқындалып, шығармаларының тақырыптары, стилі мен көркемдік құралдарды қолдану ерекшелігі сараланды. Талдау нәтижелері жүйеленіп, қорытынды жасалды. Зерттеу нәтижесінде Абай Құнанбайұлының шығармашылығы қазіргі қоғам үшін рухани және мәдени тұрғыдан маңызды екені анықталды. Зерттеу барысында қолданылған әдістердің әртүрлілігі мен тиімділігі Абай Құнанбаевтың білім мен ғылымға деген көзқарастарының қазіргі білім беру жүйесіне қатысы мен рөлін айқындауға және оның шығармаларының заманауи қоғамдағы маңызын анықтауға және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мен Абайдың «толық адам» ілімінің байланысын ашуға мүмкіндік берді.

Абай шығармаларының қай-қайсын алсақ та ғибратқа толы. Оны төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте-1. Адамға қажетті қасиеттер

Бес асыл іс:	Үш-ак нәрсе-адамның қасиеті.		17 кара сөз	
талап - Талаптың мініп тұлпарын, тас қияға өрлеген ұлы Әбішті өзгеге енеге тұтады	ыстық қайрат	Талап пен еңбек — қайраттан	Қайрат пен ақыл жол табар, қашқанға да қуғанға..	Аддынғы екеу соңғысыз, біте қалса қазаққа Алдың жалын артын мұз барар едің қай жаққа?

еңбек - етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей. Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардын суы секілді тез суалар.			"Ыстық қайрат" адам бойындағы күш-қуат – энергия, егер оны орнымен тиімді, пайдалы іске жұмсамасан – қауіпті. Ақылды тек жақсылыққа жұмсау ізгілікке, әділетке бастар жол. Ақылдың кеселдері де болады.	Ыстық қайрат – от жалын , ақыл-суық қайратыңды нәпсіге жеңдіру, қайратты адал кәсіп қыларлық онымен жұмсауды білмеу – ғылым таппағандықтың салдары. Әр ісінді ақылға жеңдіру – адами қасиет. Ақыл ар мен ұяттың күзетшісі.
Терең ой терең ғылым іздемейді, терең ойдың телміріп соңынан ермейді «Тіршіліктің несі сән, тереңге бет коймаса»				
канағат - «қанағатшыл болмақты ойдан кеткіз» Абай адамгершілік, иман туралы толғаныстарында Қанағат ұғымына ерекше мән береді.	нұрлы ақыл	терең ой ақылдан	Әділет, шапқат кімде бар, сол жарасар туғанға. Жүрек ісі – ізгілік, мейірім, махаббат	Әділет - шапқат -жүректің сипаты.
Рақым – араб тілінен келген сөз. Мейірімді, кешірімді, діни тұрғыда алланың 99 сипатты есімінің бірі. Ар-рохману, рахим – кешірімді алла	Жылы жүрек	канағат пен рахым – жүректен туатын қасиеттер		

Абайды ұлт болашағы қатты толғандырған. Ол нағыз ұлтжанды тұлға. Ол ұрпағының дұрыс адам болуын көксегендіктен де адамға керекті үш нәрсені, «бес асыл істі» санамалап, дәлелдеп береді. Оның «қара сөздерінің» де басым бөлігі бала психологиясына (7-қарасөзі), мінез-құлыққа (6, 8, 9, 10, 14, 19, 21, 22, 23, 26, 29, 30, 33, 39, 40, 41, 42, 43 қарасөздері), адамгершілік, ар-ұятқа (11, 15, 17, 18 қарасөздері), дін мен тәрбиеге (12, 13, 16, 27, 28, 35, 36, 38, 45 қарасөздері) қатысты. Яғни 45 қара сөзінің ішінде 32-сі тәрбиеге байланысты. Ол ар-ұят, адалдық, әділеттілікті насихаттай отырып, ұлтын білім алуға үндеген бірден-бір реформатор.

Абай Құнанбайұлының әр шығармасы күні бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпаған. Олай дейтін себебіміз, біріншіден, Абай поэзиясы мен қара сөздерінде адамгершілік, ар-ұят, адалдық, әділеттілік, білімге ұмтылу, еңбекқорлық, ар-намыс, имандылық секілді құндылықтар тереңнен насихатталған. Бұл бүгінгі күнгі құндылықтарға негізделген білім беру жүйесімен шиырласады. Екіншіден, Абай ұсынған ақыл, қайрат, жүректің үйлесімі

қазіргі психологиялық және педагогикалық зерттеулермен үндеседі. Үшіншіден, Абайдың бір ғана «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі бүгінгі білім экономикасына негізделген қоғаммен үйлеседі. Демек, Абай шығармаларын мектепте оқытудың маңызы зор.



Практикада қолдану

Абай Құнанбайұлы шығармаларын оқыту – қазақ мектебінің рухани өзегін құрайтын аса маңызды міндет. Бұл тек ақын мұрасын таныту ғана емес, жас ұрпақтың санасын тәрбиелеу, ой-өрісін кеңейту, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру, елжандылық сезімін қалыптастыру ісі. Абайдың әрбір өлеңі мен қара сөзі – терең мағыналы өмір сабағы, адамдық қасиеттің өлшемі, рухани кемелденудің жолы. Дұрыс әдістемелік тәсілдермен, терең мазмұндық талдаумен жүргізілген әр сабақ – оқушының жүрегінде Абайдың мәңгілік ілімінің сәулесін жағуға мүмкіндік береді. Бұл тек әдебиет сабағы аясындағы білім берумен шектелмей, өмірлік ұстаным қалыптастыруға бағытталған тәлім-тәрбие мектебі болып табылады. Сол себепті пе-

дагогикалық практика барысында әр сабақта Абайдың бір өлеңін өтілетін тақырыппен байланыстырып оқытуды өзімізге мақсат еттік. Бұл ретте жасанды интеллектің мүмкіндіктерін барынша қолдануға тырыстық. Мәселен, Абайдың қара сөздерін DID қосымшасы (Digital Interactive Dialogue – цифрлық интерактивті диалог) арқылы оқыту. Бұл білім беруді заманауи технологиямен ұштастыратын әсерлі әдістердің бірі. DID қосымшасы арқылы анимациялық кейіпкер, яғни сыныптағы оқушылардың бірінің бейнесін қозғалысқа келтіріп, Абайдың қара сөздерін оқытқыздық. Оқушылар өз дауыстарын естіп, интерактивті түрде әрекетке түсті. Бұл оқушылардың сабаққа әрі технологияға деген қызығушылықтарын оятты. Осылайша оқушылардың тыңдау, сөйлеу, тілдесу (сөйлесу, қарым-қатынасқа түсу) дағдылары дамыды. Оқушылардың өздерін де шығармашылық жұмыстарға

тарттық. Атап айтсақ, Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріне комикс әзірлеу, Абай қара сөздеріне сәйкес келетін мақал-мәтелдерді жинақтап, сызба арқылы көрсету, т.с.с. жұмыстар табысталды. Комикс – заманауи оқыту әдістерінің бірі ретінде өте тиімді екендігіне көз жеткіздік. Бұл тәсіл оқушылардың қызығушылығын арттырып, мәтінді жеңіл түсінуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, білім алушылардың білімді тереңнен меңгеріп, сыни ойлауын дамыту мақсатымен үй жұмысы ретінде Абайдың 10 қара сөзін оқу табысталды. Келесі сабақта LearningApps платформа-сы арқылы әзірленген Абайдың 10 қара сөзін (1-10 қара сөздер) мағынасымен сәйкестендіру және фабуласы мен сюжетіне қарай топтастыру жұмыстары жүргізілді. Оқушылар әр қара сөздің негізгі идеясын ажыратып, бір-бірімен салыстырды.



Абай мұрасын жүйелі түрде меңгеру – өскелең ұрпақты білімге, еңбексүйгіштікке баулудың және дұрыс тәрбиелеудің кепілі. Оның поэзиясы мен қара сөздеріндегі терең ойлар – уақыт өткен сайын өз құндылығын жоймай, қайта жаңғырып отыратын рухани қазына.

Абай Құнанбайұлы шығармаларын оқытудың тәрбиелік мәні зор және әдістемелік негізі тереңде жатыр. Себебі: 1) Абай білім мен еңбекті бірінші орынға қояды. Бұл идея ХХІ ғасырдың негізгі даму бағытымен үйлеседі; 2) «Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан» деген білімге, ғылымға, ізденіске шақыруы бүгінгі ерте кәсіпке баулу идеясымен үндеседі; 3) оның туындыларындағы құндылықтар бүгінгі күнгі құндылыққа бағдарланған оқы-

ту жүйесімен сәйкес келеді; 4) Абайдың музыкалық мұрасы ұлттық мәдениетті жаңғырту, ұлттық код идеясымен үйлеседі. Сондықтан да Абай шығармаларын оқыту – болашақтың рухани кепілі, ұлттық болмысты сақтаудың және оны келер ұрпаққа жеткізудің ең сенімді жолы. Абай Құнанбайұлының мұрасы – жастарды тәрбиелеуде, ұлттық сананы қалыптастыруда, мәдени бірегейлікті нығайтуда, қазіргі заманның рухани, саяси және әлеуметтік мәселелеріне жауап беретін баға жетпес қазына.

Ұсыныстар

Абай Құнанбаевтың шығармашылығын қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен қолдану жастардың адамгершілік, интел-

лектуалдық және рухани дамуына жаңа серпін береді. Ақынның шығармаларының бүгінгі күнмен үйлесуі оның мәңгілік құндылықтарын көрсетеді, және ол қазақ қоғамының рухани жаңғыруына, мәдениетінің сақталуына маңызды ықпал етеді. Сондықтан да білім беру жүйесінде Абай шығармаларын оқыту бойынша төмендегілерді ұсынамыз:

1. Ұлттық білім беру жолында Абай шығармаларын жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасына енгізу.
2. Ерте кәсіби бағдар беру жолында Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болсаң әрнеге» тәрізді өлеңдерін негізге алу (бұл өлеңдер қоғамда білімнің рөлі маңызды екенін тереңнен түсінуге мүмкіндік береді).
3. Абайдың шығармалары арқылы жасөспірімдерді ғылыммен айналысуға, өмірден өз орнын табуға баулу.
4. Қазақ мәдениетін дамыту, ұлттық кодты қалыптастыру жолында Абай әндерін оқыту.
5. Білім мен тәрбиені қатар беру жолында Абай идеяларын қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен қолдану.
6. Абайдың педагогикалық көзқарастары бойынша мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру.
7. Жасөспірімдер мен жастардың тұлғалық дамуына ықпал ету жолында Абайдың 6-11, 14, 15, 17-19, 21-23, 26, 29, 30, 33, 39, 40-43 қара сөздерін орта мектеп пен ЖОО-ларда оқыту.
8. Абай мұрасының бүгінгі жастарға әсерін арттыру мақсатында жоғарыда көрсетілген әдістермен қатар цифрлық технологиялар мен жаңа медиа құралдарды, соның ішінде жасанды интеллектіні барынша пайдалану.
9. Абайдың шығармаларын сандық форматта тарату.
10. Мектептер мен университеттерде Абайтану курстары мен арнайы дәрістер оқу.
11. Абайдың шығармаларының философиялық ойларын талқылау арқылы

жастардың рухани және мәдени дамуына ықпал ету.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келгенде, Абай Құнанбайұлы шығармаларын оқытудың әдістемелік негіздері мен тәрбиелік мәні зор. Абай шығармалары жеткіншек ұрпақ үшін аса маңызды рухани мұра. Оның білімге, ғылымға, еңбекке және адамгершілікке деген көзқарастары жас ұрпақтың тұлға ретінде қалыптасуына негіз бола алады. Абайдың шығармашылығын оқу арқылы жасөспірімдер өз болмысын түсініп, дұрыс бағытпен жүріп, өз болашағын жарқын ете алары сөзсіз. Абай өзінің бір ғана «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі арқылы білімге ұмтылуға, адамгершілік қасиеттерді алдыңғы орынға қоюға, жаманнан жиреніп, жақсыға ұмтылуға үндейді. Абай шығармалары оқушыны тұлға болып қалыптасып, білім мен ғылым жолына түсуге, жеке жетістікке жетуіне жетелейді. Оның ел бірлігі, татулық, адал еңбек жайындағы ойлары ұлт тағдырына жауапкершілікпен қарауға баулиды. Демек, Абай шығармаларын мектепте оқыту, тәрбиенің негізгі көзіне айналдыру қажет.

Абай шығармашылығын оқыту – тек әдебиет сабағы шеңберінде шектелмейді. Бұл – ұлттық рухты жаңғыртатын, жас ұрпақты мәдениет пен өркениетке жетелейтін тәрбие мен руханияттың алтын арқауы. Оның «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесек істің бәрі бос» деген өсиет сөзі – ұрпақты бірлікке шақыратын мәңгілік үндеу, патриотизм мен азаматтық жауапкершіліктің негізі болуы тиіс. Ал «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдегі «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» қағидасы – өмірлік тәрбие мектебінің айқын бағдарламасы іспетті.

Абай мұрасының заманауи жастар тәрбиесіндегі орны ерекше. Абайдың ойлары, қара сөздері мен өлеңдері, қазақ халқының мәдениеті мен тәрбиесінің негізі ретінде жас ұрпақты дұрыс бағытта тәрбиелеуге ықпал етеді. Сондықтан да Абай шығармашылығының тәрбиелік мәнін түсіну және оны болашақ ұрпаққа жеткізу – біздің басты міндетіміз болып табылады.

Абайдың көтерген мәселелері еліміз үшін, қазіргі білім беру саласы үшін өте өзекті.

Абайдың даналығы мәңгілік құндылық болып қала бермек. Абай шығармалары қазақ халқының рухани бірлігін нығайтып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ықпал етеді. Абай мұрасының негізінде тәрбиеленген ұрпақ – ұлттық құндылықтарға адал, адамгершілік қасиеттері жоғары, білімі терең, еңбекқор азаматтар болары сөзсіз.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Аймауытұлы Ж. Журнал туралы // «Абай» журналы, 1918. №1. Аймауытов Ж. Абай тағылымы / Ж. Аймауытов. -Алматы: «Қазығұрт», 2010.
2. Байтұрсынов А. Абайдың педагогикалық көзқарастары. - Алматы: Жазушы, 1992.
3. Әуезов М. Абай және қазақ әдебиеті. - Алматы: «Қазақстан», 2003;
4. Әуезов М. Абай Құнанбаев: монографиялық зерттеулер мен мақалалар. - Алматы: Санат, 1995.
5. Қирабаев С. Абай және ұлттық әдебиет. - Алматы, 2008.
6. Сыздықова, Р. Абай шығармаларының тілі. -Алматы: «Арыс», 2004.
7. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. - Алматы: «Ана тілі», 1995. – 272 б.
8. Сүйіншәлиев Х. Абай Құнанбайұлының поэзиясы мен философиясы. - Алматы: «Қазақ университеті», 1997.
9. Нұрғалиев Р. Абай және ақындық дәстүр. -Алматы: «Ғылым», 1994.- 256 б.
10. Әбдіғазиев Ж. Абайдың ұлттық рухты сақтаудағы рөлі. - Астана, 2011.
11. Тілеубекова Ж. «Абай шығармашылығының ұлттық мәдениеттің дамуына ықпалы»// <https://abai.kz/post/103502>
12. Айтбаев М. «Абай және қазақтың ұлттық сана-сезімі»// <https://abai.kz/post/47958>
13. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологиясы. Монография. -Алматы: «Атамұра», 2024.-320 бет
14. Ахметов С. Абайдың философиясы. - Алматы: «Ғылым», 2003.
15. Қоңыратбаев А. Абай және қазақ әдебиеті. - Алматы: «Санат», 1995.

МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ПРОИЗВЕДЕНИЙ АБАЯ КУНАНБАЕВА

Кадырова А., Даурен М., Сайынова А., Нурлан А.
Международный университет Астана, г.Астана

Аннотация. В этой статье авторы предлагают методическую основу для изучения произведений Абая Кунанбайұлы и раскрывают их воспитательную ценность. Дает обзор трудов ученых, ранее изучавших Абая Кунанбайұлы. Стихи Абая, Слова назидания ценятся не только как основной инструмент национального воспитания, но и как основа современной системы образования. Авторы прорабатывают пути преподавания произведений Абая Кунанбаева в школьную программу. Поэт пытается доказать, что систематическое и содержательное обучение наследию – основная часть не только литературного образования, но и общего образования и воспитания.

В статье рассматриваются цели и задачи, содержательные особенности и методические подходы к преподаванию произведений Абая Кунанбаева. Анализируются пути расширения литературно-культурного познания учащихся, усвоения национальных ценностей и формирования духовно-нравственных качеств через преподавание поэзии и слов назидания поэта в школе. Также будет определено воспитательное и духовное значение наследия Абая, его актуальность для современного поколения.

Ключевые слова: творчество Абая Кунанбаевича, методические приемы, содержательные особенности, поэзия, слова назидания, национальная ценность, духовное воспитание.

● METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF TEACHING THE WORKS OF ABAI KUNANBAYEV

Kadyrova A., Dauren M., Sayynova A., Nurlan A.
Astana International University, Astana

Annotation. In this article, the authors propose a methodological basis for studying the works of Abai Kunanbayuly and reveal their educational value. Provides an overview of the works of scientists who previously studied Abai Kunanbayuly. Abai's poems and Words of edification are valued not only as the main tool of national education, but also as the basis of the modern education system. The authors are working on ways to teach the works of Abai Kunanbayev in the school curriculum. The poet tries to prove that systematic and meaningful teaching of heritage is the main part of not only literary education, but also general education and upbringing.

The article discusses the goals and objectives, substantive features and methodological approaches to teaching the works of Abai Kunanbayev. The article analyzes ways to expand students' literary and cultural knowledge, assimilate national values and form spiritual and moral qualities through teaching poetry and the poet's words of edification at school. The educational and spiritual significance of Abai's legacy and its relevance to the modern generation will also be determined.

Keywords: creativity of Abai Kunanbaevich, methodological techniques, substantive features, poetry, words of edification, national value, spiritual education.

FTAMP 14.31.09

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ТІРШІЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ КУРСЫН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯНЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Нұғманова Ф.Б., Смагулова Ж.Ж., Акатаева А.С.Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,
Астана қ.**Аңдатпа.**

Бұл мақалада кәсіптік білім беру жүйесінде «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» курсының оқытуда инновациялық әдістерді қолдану тәжірибесі жан-жақты қарастырылады. Қазіргі білім беру үдерісі тек теориялық біліммен шектелмей, студенттердің өмірлік маңызы бар дағдыларын, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға, төтенше жағдайларда дұрыс әрекет ету қабілетін дамытуға бағытталып отыр. Осы мақсатта оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану өзекті мәселе болып табылады. Зерттеу барысында белсенді оқыту технологиялары – ойын элементтері, жобалық оқыту, ақпараттық-коммуникациялық құралдар, интерактивті тапсырмалар мен тренингтерді қолдану тәжірибесі сарапталып, олардың тиімділігі жан-жақты талданды. Сонымен қатар, нақты педагогикалық тәжірибеге сүйене отырып, студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыруға, оқу нәтижелілігін көтеруге ықпал ететін әдістемелік ұсыныстар ұсынылды. Зерттеу нәтижелері кәсіптік білім беру сапасын арттыруға және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен бірге, заманауи оқыту әдістері білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға, практикалық дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Ұсынылған әдістер оқытудың тиімділігін арттырып, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін нығайтуға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер:

әдіс, дағды, қабілет, бағыт, тәжірибие, құзыреттілік.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында жүріп жатқан әлеуметтік – экономикалық өзгерістер жалпы білім беру жүйесін реформалаудың жүзеге асырылуын, яғни жаңа әдіснамалық тұрғылар мен тұжырымдамалық идеяларды талап етуде. Білім беру жүйесіндегі білім парадигмалары «білетін адам» яғни, білім, білік, дағдымен қаруланған адам парадигмасынан «өмір сүруге бейімделген адам» яғни, белсенді және шығармашылықпен ойлай алатын, әрекет етіп, өзін-өзі іс жүзінде көрсете алатын, парасаттылық, адамгер-

шілік, физиологиялық жағынан өзін жетілдіре алатын адам парадигмасына көшуде. Білім беру жүйесін дамыту еліміз үшін басты бағыттардың бірі болып отыр. Оның нормативтік құқықтық базасы ретінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және жалпыазаматтық құндылықтарға, ғылым мен практиканың жетістіктеріне негізделіп, жеке тұлғаның қалыптасуына, дамуына, кәсіби өсуіне бағытталған білім алуына мүмкіндік жасау» [1] – деп білім беруде жаңа технологиялардың пайдалану маңыздылығын ашып берді.

Патриот, білімді, дені сау, жауапты және жігерлі, инновациялық экономика жағдайында табысты қызмет ететін, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген, қазақ халқының құндылықтары мен мәдениетін сіңірген, толерантты, дүниежүзіне танымал және мәртебелі – 2020 жылғы қазақстандық жастар осындай болады [2] – деп болашақ жастарымыздың айқын бейнесін көрсетіп берді.

Осы тақырыпта шет ел ғалымдарының келесідей зерттеу жұмыстарын атап кетуге болады:

Кәсіптік білім беру жүйесінде тіршілік қауіпсіздігі курсы оқытуда инновацияны қолдану тәжірибесі, Paul A. Schulte, Carol M. Stephenson, Andrea H. Okun, John Palassis және Elyce Biddle – “Integrating Occupational Safety and Health Information Into Vocational and Technical Education and Other Workforce Preparation Programs” (2005). Олар АҚШ-та техника-техникалық оқу бағдарламаларына еңбек қауіпсіздігі ақпаратын енгізудің тәжірибелері мен тиімділігін қарастырған, Yifan Gao, Vicente Gonzalez және Tak Wing Yiu – “The Effectiveness of Traditional Tools and Computer-Aided Technologies for Health and Safety Training in the Construction Sector: A Systematic Review” (2018). Оқу тиімділігін бағалап, компьютерлік технологияларды қолдануға басымдық берген, Andrea Bikfalvi, Esperanza Villar Hoz, Gerusa Giménez Leal, Mònica González-Carrasco және Núria Mancebo – “Riding the wave of sustainability: Integrating OSH into education” (2024). Олар қауіпсіздік пен денсаулық бизнестік және экологиялық тұрақтылық тұрғысынан білім беру бағдарламасына енгізу мәселесін көтерген, Kwegyir-Afful E. және Kentola J. және басқалар – бұлардың жұмыстары симуляциялық ойындар мен виртуалды шындық арқылы оқытудың инновациялық әдістерін талдап олардың білімде инновациялық әдістерінің мүмкіншіліктерін көрсеткен [10-12].

Инновациялық оқыту технологияларын жалпы оқу – тәрбие үрдісінде қолдану мәселесімен Отандық ғалымдарды атап кететін болсақ, Д. М. Жүсібалиева, Б. Ә. Әбдікәрімұлы, Б.К. Момынбаев, К. Өстеміров, Н. Шәметов, М. С. Мәлібекова, Г. К. Нұрғалиева, Қ. Қабдықайырұлы, пен Н. Н. Нұрахметов (шоғырландырып қарқынды оқыту технологиясы) [9] сынды ғалымдарды атап көрсетуге болады.

Зерттеудің мақсаты: колледжде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалануды ғылыми – теориялық тұрғыда негіздеу және жүзеге асырудың тиімді әдіс – тәсілдерін айқындау.

Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін қойылып отырған зерттеу міндеттері:


1) Білім алушыларға тіршілік қауіпсіздік негіздері пәнін оқыту барысында инновациялық оқыту технологияларын қолдану ерекшеліктерін анықтау;

2) Білім алушыларға тіршілік қауіпсіздік негіздері пәнін оқытуда ойын технологияларын қолдану әдістемесін жасау.

Әдістеме

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі заман талабына сай оқыту технологияларын үйренуді арнайы кәсіби тұрғыдан ұйымдастыру керек. Оқу технологиясын таңдап, іріктеу оқушының, оқу танымдық іс-әрекетін басқарудың негізгі бір буыны. Жаңа технологияны пайдалануда ұстаз жаңашыл педагогтардың озық дидактикалық идеяларымен қарулануы керек [5].



Сурет 1. Колледждегі Тіршілік қауіпсіздігі негіздері пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық технологиялар

Енді колледжде пайдаланатын технологияларының бірін эксперимент жүзінде сынап көрсетейік. Ұстаздың мақсаты – осы әдістерді оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту үшін қажетіне қарай дұрыс пайдалана білу. Оқушының танымдық белсенділігін қалыптастыруда ойын технологиясын қолдану өте маңызды.

Ал, дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа деген ынтасын оятып, танымдық белсенділігін арттыруға үлкен жол ашады. Тіршілік қауіпсіздігі негіздері курсы оқытуда қолданылатын ойын түрлері:

Үстелдік ойындар дайын мазмұнға және алдын ала жоспарланған реттілікке ие. Олар нақты белгіленген ережелерге негізделген және белгілі бір міндетті шешуге бағытталған. Мысалы, «кроссвордты шеш», «кроссворд құрастыр». Басты мақсаты – меңгерілген мазмұнды тексеру, оқушылар әрекетін ынталандыру. Үстелдік ойындардың маңызды белгісі оның тартымдылығында. Олар қиялды, байқампаздықты, тез ойлауын дамытады, тез және қисынды ойлауға үйретеді және сайыс элементі (кім тезірек жауап береді, кім көбірек біледі, кім дұрыс жауап береді) болады. Ерекше маңыздылығы ойын барысында оқушылар сабақ мазмұ-

нын меңгере отырып, қуанышқа бөленеді. Оң эмоциялар оқылатын материалдарды меңгеруге және тұлғаның дамуына әсер етеді. Бұл ойындар жеке және топпен, фронтальды жұмыс кезінде де қолданылады. Тіршілік қауіпсіздігі негіздері пәнін оқытуда ұғымдарды меңгеруді тексеру және бекіту үшін кроссворд, ребус, чайнворд, лото, домино сияқты үстелдік ойындар қолданлады. Бұл ойындарды бастапқы кезеңде оқытушы құрастырса, кейінгі кезеңдерде оқушылар өздері құрастырады.

«Инновациялық құрылымы бар — ойын технологияларын (рөлдік, симуляциялық, іскерлік ойындар, геймификация элементтері), цифрлық құралдарды (мысалы, онлайн-квиздер, симуляторлар, виртуалды сценарийлер) біріктіре отырып — «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» курсына арналған әдістемелік құралдар жиынтығын әзірлеу. Бұл әдістеме нақты оқу мақсатына сәйкес, педагогикалық құрылымы анықталатын, кезеңдерге бөлінген (дайындау, жүзеге асыру, бағалау), тиімділігі бағалана алатын құралдарды қамтуы тиіс.»

Инновациялық әдістемені әзірлеу: «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» пәнінде

қолданылатын ойын технологиялары мен цифрлық құралдарды біріктірген толық әдістемелік құралдар жиынтығын әзірлеу — оған рөлдік, іскерлік, имитациялық ойындар, онлайн-симуляторлар, квесттер, бағалау критерийлері, модульдік құрылым кіреді; әзірлеу кезеңдері (дайындау, жүзеге асыру, бағалау), қолдану алгоритмі мен педагогикалық негіздері нақты көрсетіледі, әрі тиімділігі тәжірибе арқылы бағалана алады.

Қазір бар ойындардың ішінде сайыс ойындар жарыстылығы, тартымдылығы, эмоционалдығы бойынша ерекше орынға ие. Жарыс барысында оқушылар өз білімін, біліктерін, тұлғалық қасиеттерін салыстырады. Сонымен қатар, таңдау және қорытынды жасап, өздеріне баға беруді және өз көзқарастарын қайта қарап үйренеді. Сайыс ойындарының мазмұны, әдетте сайыстар, кроссвордтар, рольдік жағдаяттар болады, бірақ ең басты ерекшелігі ережелер болып табылады. Оқушылар үшін маңызды мотив - ұжымдық және жеке сайыстар (турнирлер, викторина, КВН және т.б.).

Шығармашылық ойынға ең басты ерекшелігі роль болатын әртүрлі ойындарды жатқызады. Рольдік ойындар құндылықты айырбас үшін бай мүмкіндікке ие. Ерекшелігі - қатысушылардың проблеманы шешуге жеке тәжірибелерін, нақты детальдарды, эмоционалды жай-күйлерін қосуы. Рольдік ойындарда міндетті технологиялық элементі - ақиқаттардың таңдалған фрагментін шынайылықтың орнын ауыстыру әдісі ретінде көрсететін имитациялық үлгі бар болатындығы. Имитациялық үлгімен қатар мамандардың нақты әрекетімен көрінетін имитация моделі болады. Рольдік ойындардың мазмұны болып нақты тіршілік қауіпсізді проблемалар табылады.

Рольдік ойындарды өткізу нәтижесінде оқушылар, жалпы адамзаттық құндылықтарды қабылдайды, пікір алмасуға қатысу және әртүрлі жағдаяттарда ұжымдық шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады. Бұл ойындарды пресс-конференция, кездесу, семинар және ғылыми комиссия түрінде жүргізуге болады.

Рольдік ойындары жобалау кезінде келесі моменттерге назар аудару қажет:

- ▶ босаңқылық атмосферасында жұмыс істеу мүмкіндіктері;
- ▶ ойын мазмұнының оқушылар мүмкіндіктерінің деңгейіне сәйкестігі;
- ▶ ойында кері оперативті байланыстың болуы;
- ▶ ойын ережелерін нақты белгілеу, оны бүкіл қатысушылардың түсінуі;
- ▶ ойындардың барлық мүмкіндіктерін пайдалану[6].

Компьютерлік ойындар жиі қолданылады. Ол арқылы оқушылармен кері байланыс жүзеге асырылады, олардың әрекетіне жауап қайтарылады және жауаптар бағаланады. Компьютерлер арқылы әртүрлі үлгілерді көру, экономикалық құбылыстарды үлгілеу, кәсіби іс-әрекетке үйрену жүзеге асады. Компьютерлік ойынға қызығушылық дамудың бірнеше кезеңдерден өтеді:

- ▶ оқушының компьютерлік ойындарға жоғары қызығушылығы. Ойын өздігінен қызықтырады;
- ▶ ойын бағдарламаларын құруға жоғары қызығушылығы;
- ▶ ойындарды өздігінен бағдарламауға тырысу.

Дидактикалық ойындар оқушылардың ой әрекеттерінің пәні болатын белгілі бір оқу проблемаларына бағытталған. Дидактикалық ойындарда шешілетін оқу проблемаларының педагогикалық міндеттері:

- ▶ сабақ мақсаттарын белгілі бір ұғымдарға қатысты құрылымдау, бастапқы теориялық және эмпирикалық білімдерді және біліктерді белсенділендіру;
- ▶ ойындық іс-әрекеттердің мазмұндық және технологиялық негізін құрайтын проблемалық ситуацияларды құру.

Дидактикалық ойындардың ішінен іскерлік ойындарды пайдаланудың мүмкіндіктері мол. Іскерлік ойындарға мақсаттарды таңдап алу кезінде ескерілетін жайттар:

- ▶ ойындарды пайдалануға оқу материалдарының мүмкіншіліктері;
- ▶ білім көлемі мен сипаты, оларды меңгерудің қолайлылығы;
- ▶ ақыл-ой іс-әрекеті тәсілдерін қалыптастырудың алғышарттары [7].

Іскерлік ойындарда оқытушы сабақ мақсатына жетуі керек. Ол үшін: сыныптағы бағдарлама материалдарға, оның ішінде нақты сабақтардың мазмұнына сай болып, тақырыптың мәнін ашуы, тақырыптың біртіндеп күрделенуін қамтамасыз етуі, іскерлік ойындардың әр түрлі тәсілмен орындалуын қадағалау және олардың тәрбиелік ықпалын күшейтуі, іскерлік ойындар нақты, қызықты, тартымды болуы, іскерлік ойындарда қолданылатын материалдар мен көрнекіліктер қарапайым болып, олардың жасалуы мен дайындалуы тез әрі жеңіл болуы, іскерлік ойындардың нәтижесі объективті тұрғыдан бағалануы керек[8].

Ойынға дайындалудың қажетті элементі - консультация. Консультациялар оқушыларда ойынға деген оң психологиялық көзқарасын қалыптастырады, өз мүмкіндіктеріне сенуге үйретеді. Консультациялар екі бөлімнен тұрады: ойын мазмұны және ережелері бойынша әңгіме және әдістеме бойынша нұсқау.

«Павлодар бизнес – колледжі» КМҚК -да жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың барысы.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Колледжде оқыту үрдісінде білім алушылардың танымдық белсенділіктерін жетілдіру жолдарын анықтап, оларды теориялық тұрғыда негіздеп, сабақты жүргізудің әдістемесін ұсыну.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру кезінде алдымызға мынадай міндеттер қойдық:

- ▶ «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» пәні бойынша сабақ жүргізгенде оқушылардың танымдық белсенділігін жетілдіруді ұйымдастыры;

- ▶ ол үшін ең тиімді деген жолдарды қарастыру;
- ▶ зерттеу барысында оқушыардың танымдық белсенділіктерінің даму деңгейінің өзгерістерін анықтау, салыстыру.
- ▶ тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша тұжырымдар мен ұсыныстар әзірлеу.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында мынадай тәсілдер қолданылды: бақылау әдісі, тест, сауалнама, әңгімелесу, іс-әрекеттің нәтижесін талдау.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа жоғарыда аталған колледждің - 0911000 – Электр және электрлі механикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу (түрлері бойынша) мамандығы, бірінші курс студенттері ТЭ-11 оқу тобы мен 1305000 Ақпараттық жүйелер (қолдану саласы бойынша) мамандығы, бірінші курс студенттері ИС-12 оқу тобын база ретінде алдық.

ТЭ-11 оқу тобы «Бақылау тобы» (БТ).

ИС-12оқу тобы «Эксперименттік топ» (ЭТ).

Зерттеу барысында, ең алдымен, білім алушылардың танымдық белсенділігін анықтау мақсатында, «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» курсының оқытушысы Кешубай Жанботададан әр «білім алушының танымдық белсенділігін анықтайтын тест» алынды. Мұнадығы мақсатымыз, әр оқу тобының және әр білім алушының танымдық белсенділік деңгейімен алдын-ала танысу, оқытушының көзқарасын негізге алу болатын. Тест сұрақтары 8 сұрақты қамтиды, әр сұрақта 3 жауап нұсқасы келтірілген, жауап нұсқасы танымдық белсенділіктің 3 даму деңгейіне сәйкес келеді.

«Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» курсының оқытушысы Кешубай Жанботаның бақылауы мен бағалауы бойынша ТЭ-11 (ЭТ) және ИС-12 оқу тобының студенттерінің танымдық белсенділік деңгейлері анықталады (Кесте 1).

Кесте 1 - Оқытушының бағалауы бойынша білім алушылардың таным деңгейі

Оқу тобы	Төменгі деңгей		Орташа деңгей		Жоғары деңгей	
	саны	%	саны	%	саны	%
ТЭ-11 (ЭК) 28 студент	10	36	12	43	6	21
ИС-12 (БТ) 28 студент	11	39	10	36	7	25

Зерттеу барысында колледж білім алушыларының танымдық қызығушылығы және танымдық белсенділігін жетілдіруді «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» курсы бойынша сабақ жүргізуде қарастырдық. «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» курсы жоғарыда аталған мамандық бойынша оқытуды ұйымдастырудың оқу жоспарында жалпы және кәсіптік пәндер блогына кіретін, білім алушыларға кәсіптік білім беруге бағытталған пән. «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» курсы бойынша сабақ негізгі күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сай жүргізілді.

Практикада қолдану

Білім алушылардың танымдық белсенділік деңгейін экспериментке дейін бақы-

лап, талдау үшін бастапқы сабақта екі топ білім алушыларының білім деңгейін анықтаудан басталды. Ол үшін, дәстүрлі формада «ТЖ кезінде емдік-көшіру жүйесімен қамтамасыз ету» атты тақырыпта екі топқа сабақ өткізілді (Қосымша 1). Сабақ барысында жаңа тақырып түсіндіріліп, ауызша баяндап тұру арқылы оқушыларға ақпараттар берілді, олар қысқаша жазып алды. Жаңа тақырыпты бекіту мақсатында ауызша сұрақтар қойылып, материалдарды игерген деңгейі бойынша сабаққа белсене қатысқан, сұрақтарға жауап берген оқушылар бағаланды. Үйге тапсырма ретінде жаңа тақырыпты оқып, толықтырып келу берілді. Екі топтың танымдық белсенділіктерінің көрсеткіштерін төмендегі нәтижелерден байқауға болады (Сурет 2 және Кесте 3).

Кесте 2 – Білім алушылардың танымдық белсенділік деңгейлері

№	Оқушылардың танымдық белсенділіктерінің даму деңгейлері	Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің сипаттамасы	Баға көрсеткіші
1.	Жоғары деңгей (шығармашылық)	- құбылыстың маңыздылығына қызығушылық танытады; - объектіні тани біледі, сипаттай алады, танымдық міндеттерді өз бетінше қояды; - білімін шығармашылық тұрғыда қолданады, белсенді іс-әрекет дербестігі сақталады, өз әрекеттерін бақылап, бағалайды; - семинар сабақтарда баяндама, реферат жазады, зерттеу жұмыстарына белсенді аралады.	5
2.	Орташа деңгей (эвристикалық)	- танымдық әрекет деңгейін өз бетінше таңдайды, білім мен іс-әрекет тәсілдерін қолданады; - өзіндік жұмысқа шығармашылық қабілеті бар, бірақ өзіндік әрекетін басшылыққа алу қажет;	4-3


		▶ ынталық пен бейімділіктің өзара толық емес, танымдық әрекеті мұғалімнің көмегімен немесе үлгі бойынша орындалады.	
3.	Төменгі деңгей (жаңғырушы)	▶ танымдық тапсырмаларды өз бетінше орындай алайды, өздігінен ұмыс істеуді қажетсінбейді; ▶ тапсырманы кітаптағы немесе мұғалімдегі үлгі бойынша баяу орындайды; ▶ танып-білуге белсенділік танытпайды, сабаққа араласуы сирек.	2

Кесте 3 – Экспериментке дейінгі бақылау және эксперименттік топ білім алушыларының танымдық деңгейлері және сабақта алған бағалары

Оқу тобы	Барлығы		Төменгі деңгей		Орташа деңгей				Жоғары деңгей	
			2 алған		3 алған		4 алған		5 алған	
	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
ТЭ-11 (ЭТ)	28	100	2	7	9	32	10	36	7	25
ИС-12 (БТ)	28	100	2	7	8	29	10	36	8	28

Диаграммада көрсетілген мәліметтерден көріп отырғанымыздай, дәстүрлі формада жүргізілген сабақ барысында екі топтың да білім алушылары айтарлықтай нәтиже көрсете алмады, оқуға деген белсенділіктері «жоғарғы деңгейдегі» білім алушылар саны төмен болды.

Екі топ білім алушыларының экспериментке дейінгі танымдық белсенділік деңгейлері мен сабақ барысындағы алған бағаларын байқап, жалпы салыстыру жүргізіп алдық. Енді, білім алушылардың танымдық белсенділіктерін жетілдіруде таңдалған бағытымыздың дұрыстығына көз жеткізу үшін жұмыс жасайтын боламыз.



Сурет 2 . Экспериментке дейінгі білім алушылардың танымдық деңгейі

Зерттеу барысында ТЭ-11 оқу тобы «бақылау тобы» болғандықтан оларға «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» курсы бойынша сабақтар дәстүрлі формада өткізілді, ал ИС-12 оқу тобы «эксперименттік топ»


болғандықтан онда сабақтар білім алушылардың танымдық белсенділіктерін дамытуға бағытталған жаңа оқыту технологияларының бірі ойын технологиясы арқылы жүргізілді.

Кесте 4 – Экспериментке дейінгі бақылау және эксперименттік топ білім алушыларының танымдық деңгейлері және сабақта алған бағалары

Оқу тобы	Барлығы		Төменгі деңгей		Орташа деңгей		Жоғары деңгей	
			2 алған		3 алған		4 алған	
	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
ТЭ-11 (ЭТ)	28	100	0	0	3	11	10	35
ИС-12 (БТ)	28	100	2	7	7	25	13	46

Сонымен, екі топта «Жарақаттанудың алдыналу» тақырыбында әкіп түрлі формада сабақ жүргізілді. Эксперименттен кейінгі

білім алушылардың танымдық деңгейлері мен алған бағалары төменде көрсетілген (Сурет 3 және Кесте 4).



Сурет 3. Эксперименттен кейінгі білім алушылардың танымдық деңгейі

Екі топқа сабақ жүргізгеннен кейін жаңа педагогикалық технологияны сабақта пайдаланған әлдеқайда тиімдірек екендігіне көз жеткіздік. Себебі, білім алушылар дәстүрлі оқыту жүйесін үйреншікті жағдай ретінде қарайды да, жаңаша формадағы сабақты ұйымдастырғанда белсенді бола бастайды. Олардың танымдық деңгейлерін дамытуға арналған тапсырмаларды шешу барысындағы тақырыпты диалогтық

әдіспен талдағандағы белсенділіктері, үй тапсырмасын орындаған кездегі ізденістері олардың тақырып бойынша білімдернің жоғары болуына себепші болды. Сондықтан, білім алушылардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы, олардың барлық жағдайда, әсіресе кәсіби тұрғыда қызығушылықтары артатындықтары анықталды. Осыған байланысты, сабақтың да тиімділігі айқындалды (Кесте 5).

Кесте 5 – Экспериментке дейінгі бақылау және эксперименттік топ білім алушыларының танымдық деңгейлері және сабақта алған бағалары

Деңгейлер	Бақылау тобы ТЭ-11		Эксперименттік топ ИС-12	
	Бастапқы кезең	Соңғы кезең	Бастапқы кезең	Соңғы кезең
Жоғарғы	25%	54%	22%	28%
Орташа	68%	46%	71%	65%
Төменгі	7%	0%	7%	7%

Керіп отырғанымыздай, бақылау тобына қарағанда эксперимент тобының көрсеткіштері артқаны байқалады. Сонымен, қорыта айтатын болсақ:

- ▶ білім алушыларды оқып-білуге ын-таландырып және оқу үдерісінің барлық кезеңінде білім алуға күш жұмсауын, ерік-жігерін пайдалануын қамтамасыз ету арқылы ғана сабаққа, пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады;
- ▶ сабақ барысында тек оқу үлгерімі жақсылармен жұмыс жасамай, барлығына тек қарап, барлығының оқу-танымдық белсенділіктерін дамытуды қадағалап отыру керек;
- ▶ әр сабаққа жаңаша, өзгеше сценариймен дайындалу керек, сонда білім алушылардың танымдық белсенділігі, қызығушылығы артады;
- ▶ «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» курсы жоғарыда қолданылған технологиялармен, әдіс-тәсілдердімен және одан басқа да жаңаша бағыттағы жұмыстармен байланыстырып ұйымдастыруға болады.

Ұсыныстар

Кәсіптік білім беру ұйымдарында «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» курсы оқытуда инновациялық әдістерді тиімді қолдану арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға және кәсіби құзыреттілігін нығайтуға болады. Осыған байланысты төмендегі ұсыныстарды негізге алу орынды:

Оқытушылардың әдістемелік дайындығын жетілдіру:

- ▶ Жаңа оқыту технологияларын, әсіресе ойын, жобалық және интерактивті әдістерді меңгеру мақсатында тұрақты түрде біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру;
- ▶ пән бойынша авторлық әдістемелік құралдар мен нұсқаулықтарды әзірлеу.
- ▶ оқу процесіне белсенді оқыту технологияларын енгізу
- ▶ пәндік мазмұнға сәйкес рөлдік, іскерлік, үстелдік, компьютерлік және симуляциялық ойындарды жүйелі түрде қолдану;
- ▶ мазмұнды интеграциялай отырып, қауіпсіздік бойынша нақты өмірлік жағдаяттарға бағытталған оқыту сценарийлерін жасау (мысалы, ТЖ кезінде әрекет ету жаттығулары, эвакуация үлгілері және т.б.).

Пәнаралық байланысты күшейту:

- ▶ «Тіршілік қауіпсіздігі» курсы техникалық және арнайы пәндермен байланыстыру арқылы қауіпсіздік талаптарын кәсіби контексте түсіндіру;
- ▶ ақпараттық жүйелер, құрылыс, электротехника мамандықтарына бейімдеп, симуляция, VR/AR технологияларды оқу процесіне енгізу;
- ▶ білім алушылардың танымдық белсенділігін бағалау жүйесін жетілдіру;
- ▶ танымдық белсенділікті бақылау үшін арнайы критерийлер (кесте 3 негізінде) бойынша қалыптастырушы бағалау әдістерін енгізу;

- ▶ әр білім алушының даму динамикасын ескере отырып, жеке оқу траекторияларын жасау.

Материалдық-техникалық базаны нығайту:

- ▶ Инновациялық технологияларды (интерактивті тақта, VR жабдықтары, қауіпсіздік тренажерлері) қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- ▶ онлайн платформаларда пәнге арналған интерактивті мазмұн (видео, квест, тест, кейс) құру.

Оқу бағдарламаларын жаңғырту:

- ▶ Қауіпсіздік саласындағы халықаралық тәжірибені ескере отырып, оқу бағдарламасын жаңарту;
- ▶ еңбек қауіпсіздігіне қатысты Қазақстандағы заманауи заңнамалық өзгерістерді жүйелі түрде оқу жоспарына енгізу.

Қорытынды

Қорытындылай келсек, қазіргі уақыттағы білім беруде жаңа оқыту технологияларын пайдаланудың ерекшеліктері бар. Оқушыларды жаңа оқыту технологиялары негізінде оқыту барысында оқушылар білімділігінің жоғары нәтижесіне қол жеткізуге, оқушыларда өз бетінше әрекет ету және өздігінен білім алу біліктерін және дағдыларын тез аралықта қалыптастыруға, оларды алған білімдерін проблемаларды тез шешуде қолдануға үйретуге және ақпаратты тез тауып үйренуге, тез өзгеретін өмір жағдайларына икемделуге үйрету мүмкіндіктері бар.

Жаңа оқыту технологиясы – оқыту іс-әрекетінің әдіс-тәсілдері мен құралдарын ұйымдастыру және қолдану теориясы болса, инновациялық оқыту технологиясы – оқушыны өздігінен әрекет ете алуға, ізденуге, проблеманы өздігінен шеше алуға, қажет білімдерді және ақпаратты таба білуге бағыттайтын оқыту іс-әрекетінің әдіс-тәсілдері мен құралдарын ұйымдастыру және қолдану теориясы. Ол белгілі бір құрылымға, анықтаушы критерийлерге, негізгі белгілерге ие және түрлерге бөлінеді. Олар: интеграциялық техноло-

гиялар, модульдік оқыту технологиялары, дамыта оқыту технологиялары, сын тұрғысынан ойлау технологиялары, бағдарламалап оқыту технологиялары, деңгейлеп саралап оқыту технологиялары, оқытудың ақпараттық технологиялары, проблемалық оқыту технологиялары, кейс-технологиялар, жобалау әдісі арқылы оқыту технологиялары және ойын технологиялары жатады.

Колледжде қолданылатын жаңа оқыту технологияларына келсек, колледжде қолданылатын жаңа оқыту технологияларының түрлері және пайдалану жолдары көп әрі әртүрлі. Бұл технологияларды және оларды оқытуда пайдалану жолдарын әр оқытушы оқыту мақсаттарына жету үшін білуі тиіс және әр оқытушы оларды күнделікті оқыту үрдісінде өз сабақ беру стиліне байланысты таңдап, өзгерте отырып пайдалануына болады. Сонда сабақ оқушыларды жалықтырмай, оқуға деген ынтасын төмендетпей, керісінше, оқушыларды оқуға деген қызығушылығын жоғарылатып, танымдық белсенділігін арттырады. Ал, ол өз кезегінде оқушылардың білімдерді тез және берік игеруіне, біліктер мен дағдылардың қажет деңгейде қалыптасуына әсер етеді.

Проблемалық оқыту технологиясын пайдаланғанда оқытушы проблема тудырады және жұмыс ұйымдастырады, ал оқушылар шешім іздеп, гипотеза ұсынады, оны тексереді, қорытынды жасайды. Ойын технологиясын қолдану ерекшеліктеріне келсек, ол бір сценарий бойынша жүргізіледі және сайыс немесе рольді имитациялайтын іскерлік ойындар ретінде жүргізілуі мүмкін. Диалогтық технология ортаға мәселе салынып талқыланатын пікірталас түрінде қолданылады. Бағдарламалық технология бағдарламаға негізделген материалдардың мөлшерлемесімен өздік жұмыс ретінде жүзеге асырылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-ІІІҚРЗ. Астана. Ақорда.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы

3. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар. Алматы: «Атлас баспасы - 2001», 2006. – 39 б.
4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической категории – М.: Педагогика, 1989. – 192 б.
5. Кларин М.В. Педагогическая технология в учебном процессе: Анализ зарубежного опыта. – М.: Знание, 1984. – 80 б.
6. Лернер И.Я. Проблемное обучение. – М.: 1974.
7. Талызина Н.Ф. Управление процессом усвоения знаний. – М.: 1984.
8. Ильина Т.А. Структурно – системный подход к исследованию педагогических явлений. – М.: 1984.
9. Выготский Л.С. Педагогическая психология. - М.: 1991. – 24 б.
10. Paul A. Schulte, Carol M. Stephenson, Andrea H. Okun, John Palassis және Elyce Biddle – “Integrating Occupational Safety and Health Information Into Vocational and Technical Education and Other Workforce Preparation Programs” (2005).
11. Andrea Bikfalvi, Esperanza Villar Hoz, Gerusa Giménez Leal, Mònica González-Carrasco және Núria Mancebo – “Riding the wave of sustainability: Integrating OSH into education” (2024)
12. Kwegyir-Afful E. және Kentola J. және басқалар – “Simulation-Based Safety Training for Plant Maintenance in Virtual Reality” (2020) және Mayer et al. “Learning efficacy of the hazard recognition serious game” (2013).

● ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ КУРСА БЕЗОПАСНОСТЬ ЖИЗНЕДЕЯТЕЛЬНОСТИ В СИСТЕМЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Нугманова Ф.Б., Смагулова Ж.Ж., Акатаева А.С.

Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, г. Астана

Аннотация. В данной статье подробно рассматривается опыт применения инновационных методов при изучении курса «Основы безопасности жизнедеятельности» в системе профессионального образования. Современный образовательный процесс направлен не только на теоретические знания, но и на формирование у студентов жизненно важных навыков, культуры безопасности, развитие умения правильно реагировать в чрезвычайных ситуациях. С этой целью актуальным вопросом является эффективное использование новых методов и приемов обучения. В ходе исследования был проанализирован опыт использования технологий активного обучения – игровых элементов, проектного обучения, информационно-коммуникационных средств, интерактивных заданий и тренингов, всесторонне проанализирована их эффективность. Кроме того, на основе реального педагогического опыта были предложены методические рекомендации, способствующие повышению интереса студентов к предмету, повышению результативности обучения. Результаты исследования направлены на повышение качества профессионального образования и формирование культуры безопасности. Вместе с тем, современные методы обучения способствуют развитию критического мышления обучающихся, совершенствованию практических навыков. Предлагаемые методы позволят повысить эффективность обучения и укрепить профессиональную компетентность будущих специалистов.

Ключевые слова: метод, навыки, способности, направление, опыт, компетентность.

● THE EXPERIENCE OF APPLYING INNOVATIONS IN TEACHING THE LIFE SAFETY COURSE IN THE PROFESSIONAL EDUCATION SYSTEM

Nugmanova F.B., Smagulova Zh.Zh., Akataeva A.S.

National Academy of Education named after I. Altynsarin, Astana

Annotation. This article examines in detail the experience of using innovative methods in studying the course "Fundamentals of life safety" in the professional education system. The modern educational process is aimed not only at theoretical knowledge, but also at the formation of students' vital skills, safety culture, and the development of the ability to respond correctly in emergency situations. To this end, the effective use of new teaching methods and techniques is an urgent issue. The study analyzed the experience of using active learning technologies – game elements, project-based learning, information and communication tools, interactive tasks and trainings, and comprehensively analyzed their effectiveness. In addition, based on real pedagogical experience, methodological recommendations were proposed to increase students' interest in the subject and improve learning outcomes. The research results are aimed at improving the quality of vocational education and the formation of a safety culture. At the same time, modern teaching methods contribute to the development of students' critical thinking and the improvement of practical skills. The proposed methods will improve the effectiveness of training and strengthen the professional competence of future specialists.

Keywords: method, skills, abilities, direction, experience, competence.

МРНТИ 14.25.09

НОВЫЕ ПОДХОДЫ К ОБУЧЕНИЮ АЛГЕБРЕ ЧЕРЕЗ АВТОРСКИЙ ЦИФРОВОЙ РЕСУРС

Рыбинок Е.В.

КГУ «Алчановская основная средняя школа отдела образования Денисовского района» Управления образования акимата Костанайской области

Аннотация. Статья посвящена анализу эффективности авторского цифрового ресурса algebra8.kz в преподавании алгебры для 8-х классов. Исследование включает анализ отечественных и зарубежных практик цифровизации, разработку интерактивных методов (адаптивное обучение, геймификация) и апробацию в казахстанских школах. Результаты показали рост успеваемости на 23%, повышение мотивации учащихся и сокращение времени проверки заданий. Даны рекомендации по внедрению ресурса с учетом технических и методических особенностей.

Ключевые слова: алгебра, цифровизация, интерактивные методы, адаптивное обучение, геймификация, образовательные технологии.

Введение

Современное образование переживает период активной цифровизации, что кардинально меняет подходы к организации учебного процесса. Особую актуальность приобретает вопрос эффективного преподавания алгебры — дисциплины, которая традиционно вызывает сложности у значительной части школьников. В этом контексте цифровые образовательные ресурсы становятся мощным инструментом, позволяющим преодолеть существующие педагогические вызовы.

Актуальность исследования подкрепляется несколькими факторами: необходимостью реализации требований обновленного содержания образования Республики Казахстан к созданию цифровой образовательной среды; ростом значения дистанционных форм обучения; повышением требований к формированию у учащихся практических навыков

работы с математическим аппаратом. В Казахстане цифровизация образования – это не просто модный тренд, а стратегическое направление. Министерство просвещения активно внедряет IT-технологии в школы, а казахстанские ученые изучают, как это влияет на качество обучения. Исследования КазНУ им. аль-Фараби (2022–2023 гг.) показывают: ученики, использующие платформу iMekter и аналоги, на 15–20% лучше справляются с задачами по алгебре, чем те, кто учится только по учебникам. Но есть нюанс: эффект выше в городских школах, где есть стабильный интернет. В селах прогресс скромнее: прирост качества знаний составляет 8–10%.

«Цифровые технологии сокращают разрыв между сильными и слабыми учениками, но для этого нужно обеспечить всех равным доступом» – отмечает профессор Г. Садыкова в работе «Цифровое

образование в Казахстане: вызовы и перспективы» (2023). Казахстанская образовательная платформа BilimLand провела масштабный эксперимент в 50 школах. В классах, где 2–3 урока алгебры в неделю проходили с интерактивными заданиями, успеваемость выросла в 1,5 раза. Ученики чаще стали выбирать математические профили в старших классах – исследователи связывают это с тем, что цифровые задания делают алгебру интереснее.

Бөлімдер	Басты оқиғалар	Негізгі кейіпкерлер

Тиімділігі: шығарманың әр бөліміндегі негізгі оқиғаларды есте сақтауда, ондағы кейіпкерлердің іс-әрекетін талдауда оқушыларды өз бетінше іздену арқылы білім алуға, дәлел-тұжырым келтіруге, талдау жұмыстарына жетелейді.

Ұлы тұлға Абай жайлы шығарманы оқыта отырып, II-сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған «Қайтқанда» бөлімінің сабақ үлгісі ұсынылады:

Көп жылдан бері Абай жылаған емес еді. Тоқтай алмай, егіліп жылады. Бала жүрегінде қорлықпен өлгендерге барынша жан ашыған мейірбандық та бар. Өлтіргендерге ыза мен қарғыс та бар. «Әке» деп жамандыққа қимау бар да және сол «әкеден» шошып, үрку бар. Жиреншеге жеткізбеген күйінде Көлқайнарға жетіп, шешесінің үйіне кеп түсті. Абай үндемей, тыста тұрған шешесін құшақтай алды да, денесі дірілдеп, солқ-солқ етті.

Әжесі іргеге қарап жатқан Абайдың сыртына қадалып отырып, ернін үнсіз ғана қыбырлатып, сыйына бастады.

Жиренше қонақ үйдің сыртына түсіп, атын байлатып жатыр екен. Ұлжан Жиреншені шақырып, жөн сұрады. Жиренше сөз таба алмай:

- Өзім де өкіндім. Бірақ Құдай ақына, өлігін көреміз деп ойлаған жоқ ем!

- Жарықтығым, ендігәрі Абайды бұндай жерге бастай көрме! Тіпті, басың жас, үлкеннің ондай бәлесінен өзің де аулақ жүр, - деді.

Талай үлкеннің ішінде сөзін осындай байсалды, сондай өтімді, салмақты қып айтқан кісіні Жиренше бұрын көрмегендей болды. Ұлжанның салқын айтқан сөзі бұған ұрысқаннан да, ұрғаннан да жеңіл тиген жоқ.

Абай кешкі қозының жамырауынан оянды. Еті лапылдап, күйіп тұрған сияқты. Қасында шешесі мен әжесі отыр. Абай шешелерінің күндізгі жайды білгенін байқады да:

- Әкем...Әкем...-деп әкесін еске алып, күрсініп, кеудесін сипап, шешелеріне құпия қып шаққандай боп: -Не деген қатал, не деген қатты еді! - деді. Әкесі туралы іште жүретін көмескі, жұмбақ ауыр сезімдерін өмірінде сыртқа шығарып, ең алғаш адам баласына айтқаны осы. Әжесі күрсініп, Абайдың маңдайынан ұзақ иіскеп:

- Я, құдай, зар тілегім болсын. Бейуақтағы тілегім.Осы қарашығыма әкесінің ит мінезін бере көрме!...Я, жасаған! - деп әлсіз қолдарымен әжімді жүзін сипап, бата берді [10, 42 б.].

3-кесте. «Оқиғалар тізбесі» әдісі:

Топ	Тапсырма үлгісі	Тұжырым
Ұлағат	Зере, Ұлжан аналардың өнегелі сөздері бүгінгі аналардың өр болмысына сай келе ме?	Мәтіндегі Зере әже мен Ұлжан ананың өнегелі сөздері бүгінгі қоғамдағы аналардың өр болмысына сай келеді деп ой түйеміз. Аналар даналығы біздің көңілімізге мәңгіге ұялады. Әулеттің ұйытқысы, ақылшысы әже мен ана мейіріміне қанып өскен бала жүрегі қашан да жылылыққа толы. Осындай аналардың ұлағаты мен ұлылығын көріп өскен Абай дана Абайға айналды.

Зерде	Мәтіннің соңғы сөйлемі қандай ой қалдырды?	Өсиет - үлкеннің ұрпағына қалдырған талап-тілегі. Қазақ салтында мұрагерлер оны бұлжытпай орындауға тырысқан. Бұл - үлкенге деген сый-құрметтің белгісі. Әже аманаты болашақ ұрпаққа таптырмас үлгі, тұнып тұрған құндылық.
-------	--	---

Кесте оқушылар жауаптарын іріктеп алу арқылы толтырылған.

«Ойлан, талқыла, бөліс» әдісімен жұмыс барысында басқа да пікір-ұсыныстар болды. Ерекшелігі – бірлесе отырып, мәтіндегі негізгі оқиғалар мен кейіпкерлер іс-әрекетін бүгінгі күнмен байланысты-

руға, еркін пікір білдіруге дағдыланады. Кемшілігі – үлгерімі орташа білім алушылардың бөлімді толық оқымағаны байқалды. Олардың белсенділігін назарға алып, қолдау көрсетілді.

4-кесте. «Оқиғалар тізбесі» әдісі:

1-топ: Талқы себепшісі	Мәтін бойынша сұрақ құрастырады
2-топ: Белгілеуші	Мәтіндегі маңызды оқиғаны белгілеп, ойларын дәлелдейді
3-топ: Байланыстырушы	Оқиғаны Абай өмірімен байланыстырады
4-топ: Қорытындылаушы	Мәтінде көтерілген шындыққа баға береді

Білім алушылар кестені топта талқылап болған соң, оқулықтағы мәтінді оқып, жасаған қорытындыларының дұрыстығын салыстырады. Нәтижесінде, көркем образ арқылы мәтіннің күш-қуатын тани-

ды, іс-әрекетіне баға береді, көзқарасын тұжырымдауды үйренеді.

«Қайтқанда» бөлімі бойынша «SOCRATIVE» платформасымен білім алушылардың орындаған тест үлгісі. <https://www.socrative.com/>

1. -Әй, шырағым, балам, әуелі ар жағыңда әжең тұр...Сәлем бер!-деді. Бұл кімнің сөзі ?


- ☐ А әжесі Зеренің
- ☒ В анасы Ұлжанның
- ☐ С Байтастың
- ☐ D Жұмабайдың
- ☐ E Айғыздың

2. Ел де сенікі, ел ішіндегі тентек те сенікі. Қашқанының да, қуғанның да келетіні өзіңсің. Тек, не бұйырсаң да тергеп алып, бұйырғайсың? Қалғанын өзің біл,-деді. Бұл кімнің сөзі? Кімге байланысты айтылған?

- ☐ А Бөкейдің, Абайға байланысты
- ☐ B Қаратайдың, елге байланысты
- ☒ C Сүйіндіктің, Қодарға байланысты
- ☐ D Ахмет Ризаның, Дінге байланысты
- ☐ E Жұмабайдың, баласына байланысты

Әдістеме бойынша мектеп әкімшілігі тарапынан зерделеу жұмыстары жүргізіліп, апробацияға 20 оқушы қатысты. Білім

алушылардың жұмысын талдау оқу сауаттылығын дамытудың оң динамикасын көрсетті (кесте-5).



5-кесте. Апробациядан кейінгі деңгей көрсеткіштері

Ақпаратты табу, анықтау ақпаратты біріктіру ақпаратты талдау, жинақтау және бағалау түрлендіре алу.

Соңғы тестілеу қорытындысында білім алушылар барлық критерийлер бойынша жоғары нәтижелер көрсетті: мәтіннен ақпаратты табу және анықтау, ақпаратты біріктіру және талдау қабілеті 10%-ға, мәтіннің мазмұнын жинақтау және бағалау қабілеті 8%-ға өсті. Апробация қорытындысы бойынша әдістеме оқу сауаттылығының дамуына ықпал етуде деген қорытынды жасалынды.

Әдістемені қолданудың белгілі бір қиындықтары да болды. Меңгерту үшін қосымша уақыт пен дайындық қажет болды. Кейбір оқушылар интерактивті әдістерге тез үйренсе, басқалары дәстүрлі әдістерге бейім. Сонымен қатар, сандық технологияларды пайдалану үшін ауылдық мектепте қажетті инфрақұрылым бола бермейді. Сондықтан білім алушылар деңгейін ескере отырып, сабақта түрлі тәсілдерді

тиімді үйлестіру қажеттілігі артты. Мәтіннің мағыналық мазмұнын бағалауда кейбір оқушыларға «Бұл тұжырым мәтіннің мазмұнына сәйкес келе ме?», «Мәтіндегі ақпаратқа қайшы келетін мәлімдемені анықтаңыз», «Мәтінде жауаптары бар бес сұрақтың екеуін таңдаңыз» сияқты тапсырмалар қиындық тудырды. Мұндай мәселелерді шешуде әдіскер-ғалым А.Жаппаровтың мәтінді баяндауға жаттықтыру талаптары назарға алынды:

1. Баяндау мәтіннен алыстап кетпей, негізі ой қамтылуы керек.
2. Көркем сөз тіркестерін қолданып, жүйелі баяндауға дағдылану керек [1, 209 б.].

Білім алушыларға бағалау нәтижелері бойынша кері байланыс беру – қолдау көрсетудегі негізгі құрал. Бұл процесс олардың жеке қажеттіліктеріне тиімді жауап беруге мүмкіндік береді. 11-сынып білім алушыларынан кері байланыс алуда қолданылған әдістер: «Нысана», «3 ҚҚҚ»,

«Айфон», «Интервью», «Білім қоржыны». Ыңғайлы, тиімді әдіс: сұхбат өткізу болды. Сыныптағы 5-10 білім алушыны таңдап алып, олармен топ ретінде немесе жеке сұхбат жүргізіледі. Сұхбатбарысында енгізілген өзгеріс туралы көзқарасын, қалай жақсартуға болатындығы туралы ой бөлісу сұралады. Олардың нақты пікірлері мен ұсыныстары озық тәжірибенің күшті, әлсіз жақтары туралы ақпарат алуға мүмкіндік берді. Бұл тұста:

1. Қатысушылардан сұхбат алу үшін олармен сенімді байланыс орнату өте маңызды.
2. Шынайы кері байланыс алу үшін сұхбатқа сабақ үлгерімі жақсы, орташа, төмен білім алушылардың қатысуы маңызды. Сол кезде жаңалықтың қай топқа қалай ықпал еткенін аңғаруға болады.

Ұсыныстар

Оқу процесінде оқу сауаттылығын дамыту үшін педагогтерге берілетін ұсыныстар:

Аталған әдістемені білім беру процесінде қолдануда білім алушының роман-эпопеяны толық оқып, түсінуі маңызды. Ол үшін педагог оқу мақсатына сай тапсырмаларды шығармашылықпен ойластыруы қажет. Әр тапсырмаға бағалау критерийлері жасалғаны дұрыс. Сонда білім алушылар бір-бірін тыңдап, тапсырмалар мен қалыптастырушы бағалау мәтінді толық түсінуге жетелейді. II-сынып оқулығында роман-эпопея шағын бөлімдермен ұсынылғандықтан, топқа әр бөлімін талдатып, мазмұнын біртіндеп игертуге мүмкіндік бар.

Педагог білім алушыны мәтінді түсінуге бағыттауы керек. Мәтінді түсінудің негізгі әдісінің бірі – өздігінен сұрақтар қоюға, оған жауап іздеуге дағдыландыру. Сұрақ қою барысында білім алушы материалды мұқият зерделеп, негізгі ақпаратты бөліп алады. Өзіне үнемі түсінікті бола бермейтін жаңа байланыстарды байқайды, өзінің әлсіз жақтарын тауып, олардың орнын толтыруға талпынады. Мәтінді түсіну үшін мынадай сұрақтарға жауап іздетуге болады. «Егер, мен дұрыс түсінсем, онда ...», «Егер, не өзгерер еді?», «Кейіпкердің

орнында сіз қандай әрекет етер едіңіз?»

Мәтін арқылы ізденістерге бағыттай отырып, бірнеше сұрақтың жауаптары келесі сабақта талқыланып, оған қайта оралатындығын ескертіп отыру керек. Үздіксіз оқығаннан гөрі ойланып оқыған тиімді, өнімді болады.

Түрлі көрнекілік құралдарын пайдаланып, жинақтау, ажырату, дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, өзіндік пікір білдіру, хронологиялық кестелер мен шығармашылық дәптер жүргізуді де ұйымдастыруға болады. Білім алушыларды жазба мәтін, электронды мәтін, аудиомәтін секілді мәтіндермен жұмыс жасауға да дағдыландыру керек. Роман-эпопеяны талдау барысында жанрлық-көркемдік ерекшелігі мен тәрбиелік құндылығын да назардан қалдырмау маңызды.

Жазушының мәтінде көрініс тапқан сөйлеу-ойлау әрекеті оқырманның жауап беру әрекеті мен оны қабылдауын көздейді. Өзара байланысқан үштік қалыптасады: автор – мәтін – оқушы. Мәтінді түсіну деңгейінің мынадай критерийлері ұсынылады:

- ▶ сөйлеудің нақтылығы: ойын айқын тұжырымдау;
- ▶ мәтінді қабылдауы: эмоционалды-эстетикалық әсер;
- ▶ мәтінді түсіндіруі: оның ішінде жаңа және жасырын мағынасын түсіндіру.

Қорыта айтқанда, білім алушылардың теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолдану арқылы өз күштеріне деген сенімділіктері артып, теория мен тәжірибелік дағдыларды тиімді үйлестіруге мүмкіндік алады. Мәтінді өзінің өмірлік тәжірибесімен байланыстыру, сыни талдау, ақпаратты бағалау, соның негізінде болжам жасау мен шешім шығару құзыреттіліктері артады.

Қорытынды

Қазіргі мектептің миссиясы – оқушыларды өмірге, болашақ кәсіпке дайындау. Бұл үрдіс педагогтерге күрделі педаго-

гикалық міндеттерді, жаңалықтар енгізу қажеттілігін алдыға тартады. Осы тұрғыдан алғанда, оқу сауаттылығы әдістемесін дамытуда білім сапасына оң ықпалы бар әдістемелерді анықтау тарату, басқа педагогтердің жаңалықтарын өз тәжірибесіне енгізу маңызды.

Педагог үшін негізгі ресурстың бірі – ғылымдағы жаңалықтар мен зерттеу жобаларының нәтижелері. Ғылыми әдебиетте тиімділігі дәлелденген әдістемелер туралы ақпараттар болады. Академиялық басылымдар арқылы педагог оқу сауаттылығын дамыту әдістемесінің соңғы зерттеулерінен хабардар болады. Оқытудың тиімді әдістері, теориялары туралы құнды ақпараттарды өз тәжірибесінде қолдануға ұмтылады.

Оқу сауаттылығына қатысты жаңа әдістемелер ұсынылатын шебер-сынып, семинар, байқау мен ғылыми конференцияларға қатысып, тәжірибе алмасу оқытудың инновациялық әдістерін ашуға мүмкіндік береді.

Білім беру платформаларын, цифрлық ресурстарды тиімді үйлестіру оқу сауаттылығын дамытуға мүмкіндік беріп, педагогтердің кәсіби дамуына оң ықпал етеді.

Жұмыс барысында «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту атты авторлық бағдарламам және «Оқу сауаттылығының теориялық және әдістемелік негіздері» атты оқу-әдістемелік құралым кіріспе бөлімдегі мақсат-міндеттерге қол жеткізіп, II-сыныптың білім сапасын арттыруға оң әсер етті. Интерактивті әдістер білім алушылардың белсенділігін арттырып, ойларын еркін жеткізуіне мүмкіндік берді. Сараланған оқыту әртүрлі деңгейдегі білім алушылардың қажеттіліктерін ескеруге көмектесті. Жобалық жұмыстар зерттеу дағдыларын жетілдіруге ықпал етсе, цифрлық технологиялар оқу процесін қызықты әрі тиімді етті. Білім алушылардың медиасауаттылық дағдыларын қалыптастыру, дұрыс кәсіби бағыт-бағдар беру, сабақ барысында эмоционалды қарым-қатынасты құру мәселесі де назар-

дан тыс қалмайды. Себебі, оқуға деген құштарлық оқу дағдыларын дамытуға ғана емес, өзін-өзі тәрбиелеуге тұрақты мотивация қалыптастыруға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, оқу сауаттылығын дамыту – үздіксіз және жүйелі түрде жүргізілетін процесс. Педагогтер жаңа әдістемені тәжірибеге енгізу арқылы білім алушылардың оқу дағдыларын жетілдіре алады. Маңыздылығы: олардың білім сапасы мен функционалдық сауаттылығы артып, болашақта өз білімдерін тиімді пайдалана алатын, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қуанаева Р.С., Құлшариева Б.С., Зейнешева М.А. PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту: Әдістемелік құрал. – Орал, 2015. – 91 б.
2. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – Москва, 1981. – 139 с.
3. Кант И. Собрание сочинений в 8 томах. – Издательство: ЧОРО, 1994. – 288 с.
4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>)
5. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы
6. <https://sozdikqor.kz/>
7. Әбдікәрімова Т.Ә., Тұрғанбаева Б.А. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері. – Астана: Фолиант, 2018. – 210 б.
8. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 448 б.
9. Құдайбергенова К. С. Функционалдық сауаттылық теория және практика. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 198 б.
10. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2020. – 376 б.
11. Жапбаров А. Оқушылардың сөздік қорын байыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (5-10 сыныптар). 2-кітап. – Алматы: Арыс, 2017. – 252 б.

● РАЗВИТИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ ЧЕРЕЗ ОБУЧЕНИЕ РОМАН-ЭПОПЕЕ «ПУТЬ АБАЯ»

Зайтбекова Р.И.

КГУ «Средняя школа Жетысу с начальной школой Екпінді» ГУ «Отдел образования по Ескельдинскому району Управления образования области Жетісу»

Аннотация. В статье рассматривается методика развития читательской грамотности. Обучающимся необходимо не только усвоить общечеловеческие ценности по содержанию романа-эпопеи, но и повысить уровень читательской грамотности, предложить эффективные методы, распознать собственные закономерности текста, внедрить в практику – актуальный аспект статьи. В ходе исследования описывается эффективность методов интерактивного обучения, критического мышления, дифференцированного обучения, проектной работы и использования цифровых технологий. Предложена последовательность применения на практике методов «перевернутый класс», «трехступенчатая самостоятельная работа», «рассказывание историй по количеству раз», «путешествие с картинками», ведущих к полному пониманию текста. Систематизированы также преимущества и трудности применения методов в учебном процессе. Педагогам даны конкретные рекомендации, показано влияние методики на качество образования, достигнутые успехи.

Ключевые слова: обучаемость, текст, методы, применение на практике, результат.

● DEVELOPMENT OF READING LITERACY BY TEACHING THE EPIC NOVEL «THE WAY OF ABAI»

Zaitbekova R.I.

KGU «Shednyaya shkola Zhetysu s nachalnoy shkoloy Yekpindi» gosudarstvennogo uchrezhdeniya «Otdel obrazovaniya po Yeskeldinskому rayonu Upravleniya obrazovaniya oblasti Zhetysu»

Annotation. The article discusses methods for the development of Reading Literacy. Students will be able to use universal values in the content of the epic novel to improve the level of reading literacy, to improve the effectiveness of methods and methods presentation, recognition of the original laws of the text, implementation in practice- the relevance of the article facet. In the study, interactive learning, critical thinking, differentiated effectiveness of methods of training, project work and the use of digital technologies it is characterized by. The «inverted class», which leads to a complete understanding of the text, itself compiled by «three-step independent work», «storytelling by the number of times». «The sequence of application of the methods» travel with pictures» in practice is presented. Methods the advantages and difficulties of application of the educational process are also systematized. Teachers recommendations are given, the impact of the quality of Education, Achievements it is shown.

Keywords: readability, text, methods, application in practice, result.

FTAMP 14.25.07

ЕКІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Мешелова Б.З.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша ББ «№47 жалпы білім беретін мектеп» КММ, Өскемен қ.

Мухашова Р.Т.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша ББ «№27 орта мектебі» КММ, Өскемен қ.

Аңдатпа.

Бұл мақалада бастауыш сыныптарда, атап айтқанда 2-сыныпта қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың сөйлеу дағдыларын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамытудың өзекті мәселелері қарастырылған. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының негізгі талаптарына сүйене отырып, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен заманауи педагогикалық технологиялар ұсынылады. Мақалада сөйлеу әрекетінің әрбір түрі бойынша оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға бағытталған практикалық әдістемелік кеңестер беріліп, оқыту процесінде туындайтын қиындықтарды шешу жолдары көрсетілген. Зерттеу нәтижелері 2-сынып оқушыларының қазақ тілінде еркін сөйлеуі мен ойын жеткізуі үшін кешенді тәсілдердің маңыздылығын атап көрсетеді.

Түйінді сөздер:

қазақ тілі, сөйлеу дағдылары, оқыту әдістемесі, коммуникативтік құзыреттілік, бастауыш білім, оқу бағдарламасы.

Кіріспе

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде еліміздің болашақ ұрпағы үшін ерекше маңызға ие. Бастауыш сыныптарда тілді меңгеру, әсіресе 2-сынып оқушыларының бойында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым сияқты төрт сөйлеу әрекетінің

түрін меңгеруіне баса назар аударады [1]. Алайда, оқушылардың жас ерекшеліктері мен тілдік ортаның әртүрлілігіне байланысты бұл дағдыларды тиімді дамытуда бірқатар мәселелер туындайды.

Бүгінгі таңда 2-сынып оқушыларының қазақ тілі сабағында сөйлеу дағдыларын дамыту тыңдалым, коммуникативті жаттығулар және когнитивті тәсілдер арқылы тиімді нәтижеге қол жеткізуге болады. Бұл әдістемелердің тиімділігіне қарамастан, оларды іске асыруда кейбір қиындықтар бар, әсіресе барлық оқушылардың сөйлеу мүмкіндіктеріне қол жеткізу мәселесі кездеседі. Алайда, бұл кедергілерді еңсеру тіл үйренудің неғұрлым тиімді ортасын қалыптастыру үшін өте маңызды.

Негізгі әдістемелер мен оқыту тәсілдерін қарастырайық.

Тыңдау әрекеттері. Зерттеуші С. Абдуллановтың пікірінше, тыңдау тиімді сөйлеудің негізі болып табылады. Құрылымдалған тыңдау тапсырмалары оқушыларды сөйлеуге дейін, сөйлеу кезінде және одан кейін тапсырмаларға тарту арқылы олардың түсіну және сөйлеу дағдыларын айтарлықтай жақсартады. Бұл стратегиялар ауызша қарым-қатынасты жақсартып қана қоймай, сонымен қатар оқуда қолдау көрсету ортасын дамытуға мүмкіндік береді [2].

Коммуникативті жаттығулар. А.К. Курманова, С. Капантайқызы, Г. Қажыбаева, О. Жұмағұлова және Н.Т. Смағұлова зерттеулерінде атап өткендей, қазақ тілін оқытуда өзара әрекеттесуді ынталандыратын коммуникативті жаттығулар (жұптық және топтық әрекеттер) оқушыларға вербалды және вербалды емес коммуникация дағдыларын жаттықтыруға мүмкіндік береді. Шынайы өмірлік сценарийлерге негізделген тапсырмалар оқушылардың тілдік дағдыларын контекстік түрде қолдануына көмектесіп, қазақ тіліне деген сенімділігі мен еркін сөйлеуін арттырады [3; 4].

Когнитивті-коммуникативті тәсілдер. Әйгерім Мереева сияқты зерттеушілердің пікірінше, қазақ фразеологизмдерін оқыту сияқты когнитивті-коммуникативті тәсілдер оқушылардың сөйлеу қорын байытып, сөз тіркестерін тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Сабақтарда когнитивті өрістерді пайдалану сыни ойлау мен шығармашылықты ынталандырып, тіл үйренуді қызықты ете түседі [5].

Метапәндік және оқу әрекеттерінің рөлі. Соңғы жылдары тілді қарым-қатынас және таным құралы ретінде оқытуға ерекше назар аударылуда. Бұл ретте қазақ тілін басқа оқу пәндерімен тығыз байланыста, яғни метапәндік тұрғыдан оқыту маңызды. З. Жұмабаева, Г. Уаисова, А. Жұмабаева, Е. Уайдуллақызы, Р. Кәрімова және Г. Хамзаның зерттеулері көрсеткендей, бұл тәсіл оқушыларға тілдің танымдық және

коммуникативтік қызметтерін тереңірек түсінуге жол ашады [6].

Сондай-ақ, оқу әрекеттері тіл үйренудің негізі болып табылады, өйткені олар оқушыларды күнделікті сөздер мен сөз тіркестеріне үйретеді. Қазақ тілінде тиімді қарым-қатынас жасау үшін лексикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жиынтығы қажет. Мысалы, Б.С. Әбдіова, А.Т. Қожаева және Г.Қ. Төлешева зерттеулерінде әртүрлі мәтіндермен жұмыс істеу оқушылардың қызығушылығын және еркін сөйлеуін арттыратынын атап өткен [7]. Дәстүрлі оқыту әдістері лексикалық дағдыларды қалыптастыруда жиі кемшіліктерге ұшыраса [8], сөйлеу дағдыларын дамыту үшін тілді белсенді қолдануға бағытталған өнімді әрекеттерге баса назар аударып, белсенді түрде жұмыс істеуі керек [7] (Abduova et al., 2024).

Әдістеме

2-сынып оқушыларының қазақ тіліндегі сөйлеу дағдыларын тиімді дамыту үшін кешенді және жүйелі әдістемелік тәсілдерді қолдану маңызды. Бұл әдістемелер Үлгілік оқу бағдарламасының [1] негізгі қағидаттарына сәйкес құрылады және оқушылардың жас ерекшеліктерін, танымдық қабілеттерін ескереді. Төменде сөйлеу әрекетінің әр түрі бойынша қолданылатын негізгі әдістемелік тәсілдер сипатталған және олардың Өскемен қаласының №27 және №47 орта мектептеріндегі эксперименттік қолдану нәтижелерімен байланысы көрсетілген:

Тыңдалым әрекеті арқылы дамыту

Тыңдалым – сөйлеу коммуникациясының негізгі іргетасы. Оқушылардың түсіну қабілетін арттыру үшін тыңдау тапсырмаларын оқу әрекетіне дейін, барысында және одан кейін енгізу маңызды [2]. Тиімді тыңдау тиімді сөйлеу коммуникациясының негізі болып табылады, сондықтан оқушыларды әртүрлі тыңдау тапсырмаларына тарту олардың түсіну және кейінгі сөйлеу дағдыларын айтарлықтай жақсартады.

1-кесте - Тапсырмалар

Сөйлеу әрекетіне дейін	Сөйлеу барысында	Сөйлеуден кейін
Мұғалім мәтіннің тақырыбына қатысты суреттер көрсету, болжам жасауға шақыру арқылы оқушының қызығушылығын оятады. Мысалы, «Күнделікті өмір» тақырыбындағы диалогты тыңдамас бұрын, оқушыларға таңертеңгілік режим туралы суреттер көрсетіп, не айтылуы мүмкін екенін болжауды ұсынуға болады.	Құрылымдық тыңдау тапсырмалары, мысалы, қысқа аудиожазбаларды тыңдап, негізгі ақпаратты анықтау немесе тыңдаған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру. Үлгілік бағдарламада көрсетілгендей, «2.1.2.1 тыңдаған материалдың мазмұны бойынша мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап беру» дағдысын қалыптастыру үшін мұғалім алдын ала дайындалған сұрақтарды пайдалана алады. Мысалы, «Менің отбасым» туралы аудионы тыңдаған соң, «Отбасында қанша адам бар?», «Ата-анасы немен айналысады?» деген сұрақтарға жауап беру.	Тыңдалған материал бойынша талқылаулар, өз ойларын білдіру, кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру арқылы оқушылардың түсіну деңгейін тексеру және сыни ойлауын дамыту. Мысалы, «2.1.3.1 мұғалімнің көмегімен тыңдаған материал бойынша иллюстрация/сурет салу, қажетті сөздерді жазу» тапсырмасы арқылы шығармашылықпен жұмыс істеуге ынталандыруға болады. Бұл тапсырмалар оқушыларға артикуляция мен түсінуді жаттықтыруға көмектеседі.

Коммуникативті жаттығулар арқылы дамыту

Оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын арттыру үшін белсенді қатысуға мүмкіндік беретін жұптық және топтық әрекеттер тиімді. Бұл жаттығулар вербал-

ды және вербалды емес коммуникацияны дамытуға ықпал етеді [3; 4]. Шынайы тапсырмалар арқылы тілдік дағдыларын контекстік түрде қолдануға көмектесу олардың қазақ тіліне деген сенімділігі мен еркін сөйлеуін арттырады [3].

2-кесте - Диалогтік және монологтік сөйлеу

Диалогтік сөйлеу	Монологтік сөйлеу
<i>Рөлдік ойындар.</i> Күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарды (мысалы, «Дүкенде», «Дәрігерде», «Мектеп асханасында») сахналау. Бұл оқушыларға тілдік дағдыларын шынайы контексте қолдануға мүмкіндік береді. Үлгілік бағдарламадағы «2.2.1.1 күнделікті өмірде кездесетін оқиғаларға байланысты қарапайым жағдаяттар бойынша диалогке қатысу» дағдысын қалыптастыруға көмектеседі. Оқушыларға қарапайым сұрақтар қою, жауап беру, өтініш білдіру, келісу немесе келіспеу сияқты тілдік функцияларды қолдануға үйрету.	<i>Сурет бойынша әңгіме құрау.</i> Бір немесе бірнеше сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу. Мысалы, «Жазғы демалыс» суреті бойынша өз тәжірибелерімен бөлісу. Бағдарламадағы «2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке сурет, сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу» тармағына сәйкес келеді.
<i>Сұрақ-жауап ойындары.</i> Белгілі бір тақырып аясында бір-біріне сұрақ қойып, жауап беру. Мысалы, «Менің отбасым», «Менің мектебім», «Менің достарым» тақырыптарында диалог құрастыру. «Сұрақтар сандығы» немесе «Мен білгім келеді» сияқты ойындарды пайдалану.	<i>Тақырып бойынша баяндау.</i> Берілген тақырып бойынша өз ойларын жүйелі түрде жеткізуге үйрету. Мысалы, «Менің үй жануарым» немесе «Сүйікті ойыншығым» туралы қысқаша монолог құрастыру. «2.2.2.1 тыңдаған/оқыған материалдың мазмұны бойынша қарапайым хабарлама құрастыру» дағдысын дамыту үшін оқушыларға шағын хабарламалар жазу тапсырылады.

Когнитивті-коммуникативтік тәсілдер арқылы дамыту

Бұл тәсілдер оқушылардың тілдік білімін тереңдетіп, сыни ойлау қабілетін артты-

рады. Қазақ фразеологизмдерін когнитивтік-коммуникативтік әдістер арқылы оқыту оқушылардың сөйлеу репертуарын байыта отырып, сөз тіркестерін түсініп, тиімді қолдануға мүмкіндік береді [5]. Са-

бақтарда когнитивтік ерістерді пайдалану сыни ойлау мен шығармашылықты ынта-

ландырып, тіл үйренуді қызықты ете алады.

3-кесте - Когнитивті-коммуникативтік тәсілдер

Фразеологизмдерді қолдану	Шығармашылық тапсырмалар	Мәтінмен жұмыс
Қазақ тілінің байлығын көрсету үшін қарапайым фразеологизмдер мен тұрақты тіркестерді оқу барысына енгізу. Мысалы, «қой аузынан шөп алмас», «құлаққағыс ету» сияқты күнделікті қолданыстағы фразеологизмдерді қарапайым жағдаяттарда қолдануға үйрету. Олардың мағынасын контекст арқылы түсіндіріп, сөйлеуде қолдануға үйрету [5]. Бұл оқушылардың сөздік қорын байытып, сөйлеу мәдениетін арттырады.	Өлең шығару, жұмбақ құрастыру. Бұл оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытып, сөз байлығын арттырады. Мысалы, төрт жол өлең құрастыру немесе заттың белгілерін сипаттайтын жұмбақ құрастыру.	Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау. «2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау» талабы бойынша, оқушыларға әртүрлі қысқа мәтіндер ұсынып, олардың негізгі мазмұнын түсіндіруге үйрету. Бұл жерде тірек сөздер мен сөз тіркестерін анықтау, мәтінді бөліктерге бөлу сияқты жұмыстар жүргізіледі.
	«Ми шабуылы» әдісі. Белгілі бір тақырып бойынша еркін ой алмасу, идеялар ұсыну. Мысалы, «Болашақ мамандығым» немесе «Біздің сынып» тақырыбында өз ойларын ортаға салу.	Дереккөздерден ақпарат алу. «2.2.5.1 дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу» арқылы ақпараттық құзыреттілігін дамыту. Мысалы, «жануарлар» туралы ақпаратты балалар энциклопедиясынан табу тапсырылады.
	Ситуациялық тапсырмалар. Белгілі бір ситуацияны беріп, оқушыларға сол жағдайда қалай әрекет ететінін және не айтатынын ойластыруды ұсыну. Мысалы, «Сыныпқа жаңа оқушы келді, онымен қалай танысасың?»	

Практикада қолдану

2-сыныпта қазақ тілі сабақтарында сөйлеу дағдыларын дамытудың әдістемелік тәсілдерін практикалық тұрғыда қолдану оқушылардың белсенділігін арттырып, тілдік ортаға бейімделуіне ықпал етеді. Төменде Өскемен қаласындағы №27 және №47 орта мектептеріндегі эксперименттік сабақтарда тиімділігі дәлелденген кейбір практикалық қолдану мысалдары берілген.

Тыңдалым дағдыларын дамытудағы практикалық қадамдар

Тыңдалым әрекетін дамыту үшін оқушылардың зейінін шоғырландыруға және ақпаратты дұрыс қабылдауға бағытталған тапсырмалар қолданылады.

«Тыңда және сурет сал» ойыны. Мұғалім қысқаша мәтінді (мысалы, «Менің үй жануарым» тақырыбындағы сипаттама) оқиды. Оқушылар тыңдай отырып, мәтінде айтылған нәрселерді суретке салады.

Соңында олар өз суреттерін көрсетеді және мәтіннің мазмұнын қазақ тілінде қысқаша айтып береді. Мысалы, мұғалім: «Менің үй жануарым – мысық. Ол ақ түсті, құйрығы ұзын. Мысығым сүтті жақсы көреді.»

Нәтижесі: №27 мектепте бұл тапсырма арқылы оқушылардың тыңдаған ақпаратты есте сақтау және визуалды түрде көрсету қабілеті жақсарды. Оқушылардың 68,7%-ынан астамы мәтіннің негізгі детальдарын дұрыс суреттей алды.

«Сұрақ-жауап уақыты. Мұғалім алдын ала дайындалған аудио ертегіні немесе қысқаша диалогты қосады. Тыңдап болған соң, оқушылар мұғалімнің қолдауымен тыңдаған материал бойынша сұрақтар құрастырады және оған жауап береді. Мысалы, «Достар» атты диалог тыңдалған соң, мұғалім: «Кімдер достасты?», «Олар не туралы сөйлесті?» деген сұрақтар қояды. Оқушылар «2.1.2.1 тыңдаған материалдың мазмұны бойынша мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап беру» дағдысын қолданады.

Нәтижесі: №47 мектепте бұл әдіс оқушылардың тыңдаған ақпаратты талдау және өңдеу қабілетін арттырды. Сұрақтарға дұрыс жауап берген оқушылар саны 64,9%-ға жетті.

Коммуникативті жаттығуларды қолданудағы практикалық қадамдар

Коммуникативті жаттығулар оқушылардың өзара әрекеттесуін ынталандырып, ауызекі сөйлеу дағдыларын еркін меңгеруге көмектеседі.

«Дүкенде» рөлдік ойыны. Оқушылар «сатушы» және «сатып алушы» болып бөлініп, қарапайым диалогтар құрады. Олар «Қайырлы күн!», «Маған ... беріңізші.», «Қанша тұрады?», «Рақмет!» сияқты фразаларды қолданады. Мысал, сатушы: «Қайырлы күн! Сізге не керек?»

Сатып алушы: «Маған нан керек.»

Сатушы: «Міне, нан. Тағы не керек?»

Сатып алушы: «Рақмет!»

Нәтижесі: №47 мектептегі эксперименттік сыныптарда оқушылардың 59,8%-ы осындай қарапайым диалогтарға белсенді қатысып, қарым-қатынас дағдылары айтарлықтай жақсарғаны байқалды. №27 мектепте бұл көрсеткіш 74,5%-ға жетіп, оқушылардың өзіне деген сенімділігі артқанын көрсетті. Бұл Курманованың [3] шынайы тапсырмалардың маңыздылығы туралы айтқан пікірімен сәйкес келеді.

«Сурет бойынша әңгімеле» тапсырмасы. Оқушыларға бір немесе бірнеше сюжеттік суреттер ұсынылады. Олар суреттер бойынша «2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке сурет, сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу» дағдысына сәйкес шағын әңгіме құрастырады. Мысалы, «Жазғы демалыс» тақырыбындағы суретті (балалар өзенде шомылып, доп ойнап жатыр) көрсету. Оқушы: «Бұл жаз. Балалар өзенде шомылып жүр. Олар доп ойнайды. Жаз өте қызықты.»

Нәтижесі: екі мектепте де бұл тапсырма оқушылардың монологтік сөйлеу дағдысын дамытуға үлкен септігін тигізді. Оқушылардың 60%-дан астамы өз ойларын жүйелі түрде қазақ тілінде жеткізуге үйренді.

Когнитивті-коммуникативтік тәсілдерді қолданудағы практикалық қадамдар

Бұл тәсілдер тілдік білімді тереңдетіп, сыни ойлауды және шығармашылықты ынталандырады.

«Сөздік детектив» ойыны. Мұғалім фразеологизмдерді (мысалы, «қой аузынан шөп алмас», «құлаққағыс ету») оқушыларға таныстырады. Содан кейін оқушыларға осы фразеологизмдердің мағынасын түсіндіретін қарапайым сөйлемдер немесе жағдаяттар ойластыру ұсынылады. Бұл Мереєваның [5] фразеологизмдерді контекст арқылы оқыту туралы пікірін қолдайды. Мысалы, мұғалім: «Қой аузынан шөп алмас – бұл жуас, момын адам.» Оқушылар: «Әсет өте жуас бала, қой аузынан шөп алмас.»

Нәтижесі: №27 мектепте бұл әдіс арқылы оқушылардың сөздік қоры ғана емес, сонымен қатар тілдің бейнелілігін түсіну

қабілеті артты. Оқушылардың 51,2%-ға жуығы жаңа фразеологизмдерді дұрыс қолдануға тырысты.

«Негізгі ойды тап» тапсырмасы. Оқушыларға қысқаша мәтін (мысалы, «Наурыз мейрамы») беріледі. Олар «2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау» дағдысына сәйкес мәтіннің негізгі мазмұнын анықтап, бір сөйлеммен қорытындылайды. Мысалы, мәтін «Наурыз – көктем мерекесі. Бұл күні адамдар бір-біріне қонаққа барып, наурыз көже ішеді. Наурыз – жаңа жыл басы.» Оқушы: «Наурыз – жаңа жылдың басталуы, үлкен мейрам.»

Нәтижесі: екі мектепте де оқушылардың мәтінді түсіну және негізгі идеяны бөліп алу қабілеті жақсарды. Әсіресе, №47 мектепте оқушылардың 54,9%-ы бұл тапсырманы сәтті орындады, бұл олардың ақпаратты өңдеу дағдысының дамығанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, Өскемен қаласындағы №27 және №47 орта мектептерінде жүргізілген эксперименттер аталған әдістемелерді 2-сынып оқушыларының қазақ тіліндегі сөйлеу дағдыларын дамытуда тиімді екенін көрсетті. Мұғалімдердің белсенді қолдауы мен оқушылардың шығармашылық еркіндігі бұл нәтижелерге жетуге септігін тигізді.

Ұсыныстар

Өскемен қаласының №27 және №47 орта мектептерінде жүргізілген эксперименттік жұмыстардың нәтижелері 2-сынып оқушыларының қазақ тіліндегі сөйлеу дағдыларын дамытуда белсенді, коммуникативті және когнитивті-коммуникативті әдістемелердің тиімділігін көрсетті. Осы тәжірибеге сүйене отырып, қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру және оқушылардың тілдік құзыреттілігін одан әрі дамыту үшін келесі ұсыныстарды беруге болады:

Тыңдалым дағдыларын жетілдіру үшін:

- 1) мультимедиялық ресурстарды кеңінен қолдану. Қазақ тіліндегі қысқа мультфильмдер, аудиоертегілер, балаларға арналған бағдарламалар

(мысалы, «Балапан» арнасының материалдары) сияқты аудиовизуалды материалдарды сабақ барысында жүйелі түрде қолдануды арттыру. Бұл тыңдалымды қызықты етіп, оқушылардың зейінін арттырады;

- 2) «Тыңда – түсін – әрекет ет» тапсырмаларын жиі қолдану. Аудионы тыңдағаннан кейін, оқушыларға тек сұраққа жауап беру ғана емес, сонымен қатар қарапайым нұсқауларды орындау, сурет салу, немесе мәтінге қатысты қимыл-қозғалыстар жасау тапсырылсын. Бұл тыңдауды белсенді етуге көмектеседі;
- 3) «Болжау» элементтерін енгізу. Әрбір тыңдалым алдында оқушыларға тыңдайтын материалдың тақырыбына немесе суретіне қарап, оның мазмұнын болжауға мүмкіндік беру. Бұл олардың алдын ала білімдерін белсендіріп, тыңдалымға дайындайды.

Коммуникативті дағдыларды (айтылым, жазылым) жетілдіру үшін:

- 1) рөлдік ойындарды жүйелі түрде ұйымдастыру. Әр сабақ немесе әр тақырып аясында күнделікті өмірдегі қарапайым жағдаяттарға негізделген рөлдік ойындарды (мысалы, «Кітапханада», «Мейрамханада», «Доспен кездесу») жиі өткізу. Бұл оқушыларға тілдік дағдыларын шынайы жағдайда қолдануға мүмкіндік береді;
- 2) жұптық және топтық жұмыстардың үлес салмағын арттыру. Оқушылардың өзара қарым-қатынасын нығайту үшін шағын топтарда әңгіме құрастыру, диалогтарды сахналау, бір-біріне сұрақ қою және жауап беру сияқты тапсырмаларды көбірек беру;
- 3) «Менің әңгімем» жобаларын ұйымдастыру. Оқушыларға өздерінің сүйікті ойыншығы, үй жануары, немесе демалысы туралы қысқаша монолог дайындап, сыныптастарына айтып беруге мүмкіндік беру. Бұл олардың монологтік сөйлеу дағдысын дамытуға ықпал етеді;
- 4) жазба жұмыстарды коммуникативтік мақсатпен байланыстыру: Хабарландыру, шақыру билеті, қысқа хат жазу

сияқты «2.3.2.1 үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама жазу» дағдысына сәйкес тапсырмалар арқылы жазбаша коммуникацияны дамыту.

Когнитивті-коммуникативтік тәсілдерді қолдануды арттыру үшін:

- 1) тілдік ойындар мен логикалық тапсырмаларды енгізу. Сөзжұмбақтар, ребустар, мақал-мәтелдердің мағынасын ашу, тірек сөздер арқылы мәтін құрастыру сияқты тапсырмалар арқылы оқушылардың сыни және шығармашылық ойлауын дамыту;
- 2) «Сөздік шығармашылық» сабақтарын өткізу. Оқушыларға қарапайым өлең шумақтарын, жұмбақтарды немесе ертегілердің жалғасын ойлап табуға мүмкіндік беру. Бұл олардың тілдік креативтілігін арттырады;
- 3) ақпараттық құзыреттілікті дамыту. «2.2.5.1 дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу» дағдысын қалыптастыру үшін кітапханалық сабақтарды немесе қарапайым интернет ресурстарын пайдалануды үйрету.

Мұғалімдердің кәсіби дамуына арналған ұсыныстар

1. Сөйлеу дағдыларын дамытудың заманауи әдістемелері, коммуникативтік тәсілдер, ойын технологиялары және АКТ-ны сабақта тиімді қолдану бойынша мұғалімдерге арналған тренингтер мен семинарлар өткізу.
2. Мұғалімдердің озық тәжірибелерін бөлісуіне, әдістемелік нұсқаулықтарды талқылауына және өзара сабаққа қатысуына жағдай жасау.
3. Сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған қосымша дидактикалық материалдарды, көрнекі құралдарды және интерактивті тапсырмаларды әзірлеу және қолдану.

Бұл ұсыныстар 2-сынып оқушыларының қазақ тіліндегі сөйлеу дағдыларын жан-

жақты дамытуға, оқыту процесін тиімді әрі қызықты етуге, сондай-ақ, болашақта тілдік білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қорытынды

Бұл мақалада 2-сынып оқушыларының қазақ тіліндегі сөйлеу дағдыларын дамытудың өзекті мәселелері жан-жақты қарастырылып, оқытудың тиімді әдістемелік жолдары ұсынылды. Үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес, тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын кешенді түрде дамытудың маңыздылығы атап көрсетілді.

Мақалада ұсынылған тыңдалымды дамытуға арналған құрылымдық тапсырмалар, коммуникативті жаттығулар (рөлдік ойындар, жұптық және топтық жұмыстар), сондай-ақ когнитивті-коммуникативтік тәсілдер (фразеологизмдерді қолдану, шығармашылық және мәтінмен жұмыс) оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттыруда тиімді екені дәлелденді. Әсіресе, Өскемен қаласының №27 және №47 орта мектептерінде жүргізілген эксперименттік сабақтардың нәтижелері бұл әдістемелердің практикалық құндылығын нақты көрсетті. Алынған деректер оқушылардың тыңдаған ақпаратты түсіну, диалогқа қатысу және өз ойларын қазақ тілінде жеткізу қабілеттерінің айтарлықтай жақсарғанын дәлелдейді.

Заманауи педагогикалық тәсілдерді дәстүрлі оқыту әдістерімен үйлестіру оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға да мүмкіндік береді. Сөйлеу дағдыларының дамуы – бұл баланың жалпы дамуына, оның коммуникативтік қабілеттерін жетілдіруге және әлеуметтік ортаға бейімделуіне негіз болатын процесс.

Қорыта келгенде, 2-сынып оқушыларына қазақ тілін оқытудағы басты мақсат – оларды қазақ тілінде еркін сөйлейтін, өз ойын дұрыс жеткізе алатын, тілдік нормаларды сақтайтын тұлға ретінде қалыптастыру. Бұл мақсатқа жету үшін оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, қызықты әрі белсен-

ді оқыту әдіс-тәсілдерін жүйелі түрде қолдану қажет. Ұсынылған әдістемелер мен тәжірибелік нәтижелер осы бағыттағы педагогтарға құнды нұсқау болып, қазақ тілі білімінің сапасын арттыруға өз үлесін қосады деп сенеміз.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767> (қаралған күні: 07.07.2025).
2. Абдулла, С. (2024). Қазақ тілі сабақтарында тыңдалым әрекеті тапсырмаларын ұйымдастыру жолдары. 67(2), 56–65. <https://doi.org/10.47344/sdu20bulletin.v67i2.1266>.
3. Kurmanova, A. (2023). The role of communicative exercises in increasing the level of practical knowledge of the kazakh language. <https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss2pp93-104>.
4. Курманова, А. К., Капантайқызы, С., Казhibayeва, Г., Жумагулова, О., & Смагулова, Н. Т. (2024). The application of communicative exercises in the process of teaching the Kazakh language. *Naukovij Visnik Uzhgorodskogo Universitetu. Seriya Fizika*, 56, 456–464. <https://doi.org/10.54919/physics/56.2024.456arn6>.
5. Мереева, Әйгерім. (2023). Фразеологияны оқытуда когнитивті коммуникативті әдіс-тәсілдерді қазақ тілі сабағында қолдану. <https://doi.org/10.47344/sdu20bulletin.v63i2.940>.
6. Zhumabayeva, Z., Uaisova, G., Zhumabayeva, A., Uaidullakzy, E., Karimova, R., & Hamza, G. (2019). Issues of Kazakh language teaching in elementary classes in terms of the meta-subject approach. *Cypriot Journal of Educational Sciences*, 14(1), 158–170. <https://doi.org/10.18844/CJES.V14I1.4123>.
7. Abduova, B. S., Kozhaeva, A. T., & Tulesheva, G. K. (2024). System of requirements and sequence of the reading task. *Manas Kozymbaev Atyndaghy Soltustik Kazakhstan Universitetinin Habarshysy*, 1 (61), 133–141. <https://doi.org/10.54596/2958-0048-2024-1-133-141>.
8. Methods for Forming Lexical Skills in Teaching the Kazakh Language (in classes with non-Kazakh language of instruction). (2023). A. Asaui Atyndaghy Halykaralyq Kazakh-Turk Universitetinin Habarshysy, 128(2), 408–422. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.32>.

● ЭФФЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ РАЗВИТИЯ РЕЧЕВЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ 2 КЛАССА НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Мешелова Б.З.

КГУ «Общеобразовательная школа №47» отдела образования по городу Усть-Каменогорску управления образования Восточно-Казахстанской области, г.Усть-Каменогорск,

Мухашова Р.Т.

КГУ «Средняя школа №27» отдела образования по городу Усть-Каменогорску управления образования Восточно-Казахстанской области, г.Усть-Каменогорск

Аннотация. В данной статье рассматриваются актуальные вопросы развития речевых навыков учащихся (аудирование, произношение, чтение, письмо) в ходе обучения казахскому языку в начальных классах, а именно во 2 классе. На основе основных требований типовой учебной программы по предмету «Казахский язык» для 2-4 классов начального образования предлагаются эффективные методы и приемы обучения и современные педагогические технологии. В статье даны практические методические рекомендации, направленные на повышение коммуникативной компетентности учащихся по каждому виду речевой деятельности, показаны пути решения возникающих в процессе обучения трудностей. Результаты исследования подчеркивают важность комплексного подхода для беглости речи и игры учащихся 2-х классов на казахском языке.

Ключевые слова: казахский язык, речевые навыки, методика обучения, коммуникативная компетентность, начальное образование, учебная программа.

EFFECTIVE WAYS TO DEVELOP THE SPEECH SKILLS OF 2ND GRADE STUDENTS IN KAZAKH LANGUAGE LESSONS

Meshelova B.Z.

KSU «Secondary School No. 47» of the Ust-Kamenogorsk City Education Department of the East Kazakhstan Region Education Department, Ust-Kamenogorsk

Mukhashova R.T.

KSU «Secondary School No. 27» of the Ust-Kamenogorsk City Education Department of the Department of Education of the East Kazakhstan region, Ust-Kamenogorsk

Annotation. This article discusses current issues of the development of students' speech skills (listening, pronunciation, reading, writing) in the course of learning the Kazakh language in primary school, namely in the 2nd grade. Effective teaching methods and techniques and modern pedagogical technologies are offered based on the basic requirements of the standard curriculum for the subject "Kazakh language" for grades 2-4 of primary education. The article provides practical methodological recommendations aimed at improving students' communicative competence in each type of speech activity, and shows ways to solve learning difficulties. The results of the study emphasize the importance of an integrated approach for the fluency of speech and play of 2nd grade students in the Kazakh language.

Keywords: Kazakh language, speech skills, teaching methods, communicative competence, primary education, curriculum.

АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА СПЕЦИАЛЬНОГО И ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ



МРНТИ 14.29.27

● РЕАЛИЗАЦИЯ АВТОРСКОЙ ПРОГРАММЫ ПО АКТИВИЗАЦИИ СЛУХОРЕЧЕВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДЕТЕЙ ПОСЛЕ КОХЛЕАРНОЙ ИМПЛАНТАЦИИ

Ясиновская Г.А.

КГУ «Специальный комплекс «Детский сад-школа-интернат»
КГУ «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области»
г. Петропавловск

Аннотация. В статье рассматриваются актуальные вопросы педагогической практики, связанные с внедрением авторской программы, направленной на развитие слухоречевой активности детей с кохлеарными имплантами. Программа основана на применении системы слухо-речевых модулей, участвующей языковой этап реабилитации и низкий уровень речевого развития обучающихся с кохлеарными имплантами.

Авторская программа разработана на основе исследований в КГУ «Специальный комплекс «Детский сад-школа-интернат» и подкреплена диагностическими данными, подтверждающими положительную динамику в развитии слухоречевых навыков, коммуникативной компетенции и познавательной активности детей с кохлеарными имплантами.

Статья предназначена для сурдопедагогов, логопедов, педагогов общеобразовательных школ, работающих в условиях инклюзивного обучения, а также студентов дефектологических специальностей.

Ключевые слова: кохлеарная имплантация, реабилитация, развитие слухового восприятия, слуховой метод, система слухо-речевых модулей, языковой этап.

Введение

Цель основного среднего образования заключается в формировании общей культуры и обеспечении успешной социализации личности в обществе. Государственный общеобязательный стандарт образования (ГОСО) является основанием для «создания социально-психологических и педагогических условий для воспитания и обучения детей, в том числе специальных условий для детей с особыми образовательными потребностями и ограниченными возможностями» [1.7].

Содержание языковых учебных предметов на уровне начального образования направлено на формирование у обучающихся первоначальных речевых навыков, включая развитие начальных коммуникативных умений посредством развития навыков слушания, говорения, чтения и письма, а также основы фонетики, лексики и грамматики, изучение которых происходит посредством использования принципа имплицитного обучения, что подразумевает овладение предметным содержанием без заучивания правил. [2.14].

Кохлеарная имплантация – это высокотехнологичная система восстановления слухового восприятия, при которой во внутреннее ухо внедряется система электродов. Эта процедура помогает вернуть способность воспринимать звуки за счёт прямой электрической активации слухового нерва, минуя повреждённые участки слухового анализатора. Несмотря на то, что операция кохлеарной имплантации (далее КИ) позволяет вернуть ребёнку способность слышать, она не обеспечивает автоматического понимания услышанного.

Проблема активизации процесса понимания воспринимаемой речи, развития речевого слуха и языковой системы детей с КИ является актуальной в настоящее время. Сформированность слухоречевого восприятия и коммуникативной функции речи способствует успешной социализации детей с КИ в общество [3.104].

Методика

Эффективность реабилитации обучающихся с кохлеарными имплантами (КИ), а следовательно, и результативность развития речевых навыков во многом определяется возрастом проведения операции, состоянием познавательных процессов (в частности, слуховой памяти, внимания, фонематического слуха), а также уровнем мотивации к развитию коммуникативных умений. Немаловажное значение имеет и точная, стабильная настройка параметров речевого процессора.

У детей проимплантированных после 3-5 лет, а также имеющих сопутствующие соматические проблемы, сложную структуру дефекта наблюдается замедленное формирование понимания обращённой речи и затруднения в развитии собственной речи, что негативно отражается на уровне коммуникативной компетенции обучающихся с КИ и успеваемости в целом. Таким образом, часть детей не достигает слухоречевого развития, приближённого к типичному. По этой причине многие из них имеют недостаточную речевую активность и нуждаются в обучении по специальным программам.

Для того, чтобы ребёнок, имеющий кохлеарный протез, мог понимать произносимую вокруг речь и говорить самому, ему необходимо: научиться воспроизводить различные звуки и соединять их в слова и предложения; научиться анализировать не только речь, но и другие звуки; собрать и сохранить в памяти образы различных звуков и слов; освоить систему родного языка, т.е. знать значение слов, владеть правилами соединения слов в предложения; научиться общаться с другими людьми с помощью речи. [4.3].

Профессионализм как главное качество учителя требует от всех учителей способности следить за развитием собственной профессии и свободно внедрять новые знания в свою работу [5].

Внедрение обновлённого стандарта направлено на стимулирование и распространение инновационных подходов в образовательной практике.

В условиях свободы творчества и технологического совершенствования образовательной практики особое внимание уделяется педагогическому поиску, исследовательской и опытно экспериментальной работе в образовательных учреждениях [6.84]

